ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ

ДОСТЫҚ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ

KAZAKİSTAN-TÜRKİYE

DOSTLUK VE İŞBİRLİĞİNİN 20. YILI

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ

ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ

KAZAKİSTAN-TÜRKİYE

DOSTLUK İLE İŞBİRLİĞİNİN 20 YILI

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ
ANKARA BÜYÜKELÇİLİĞİ

Басылымды әзірлеген
Қазақстан Республикасының
Түркия Республикасындағы
Елшілігі

Редакция алқасы:
Ж.Қ.Түймебаев – төраға
М.Ә.Сапарбекова, З.Кибар,
Ә.М.Оңғарсынова, Н.М.Наржанов

Құжаттар мен материалдарды жинақтауға қатысқандар:
Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі
Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты
Н.Ким, С.Бондаренко, Ш.Шахай

Түркия Республикасы Президентінің Әкімшілігі
Түркия Республикасы Сыртқы істер министрлігі

Түрік тіліне аударған: Зафер Кибар
Қазақ тіліне аударған: Алмагүл Исина
Көркемдеп беттеген: Fokus Ajans
ISBN: 978-6353-305-9
Басылым: Elma Basım
Қазақ, түрік тілдерінде

2012 жылғы наурыз
Анкара

Baskıya hazırlayan
Kazakistan Cumhuriyeti'nin
Türkiye Cumhuriyeti Nezdindeki
Büyükelçiliği

Redaksiyon Heyeti
C. K. Tüymebayev – Başkan
M. A. Saparbekova, Z. Kibar,
A. M. Ungarsynova, N. M. Narzhanov

Belgeler ile dokümanların toplanmasına katkı sağlayanlar:
Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanlığı Basın Bürosu
Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanlığı
Kazakistan Cumhuriyeti Kurucu Devlet Başkanı Müzesi
Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Arşivi
N. Kim, S. Bondarenko, Ş. Şahay

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Genel Sekreterliği
Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı

Türkçeye çeviren: Z. Kibar
Kazakçaya çeviren: Almagül İsina
Grafik Tasarım: Fokus Ajans
ISBN: 978-6353-305-9
Baskı: Elma Basım
Kazakça, Türkçe

Mart 2012
Ankara

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ

ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ

KAZAKİSTAN-TÜRKİYE

DOSTLUK İLE İŞBİRLİĞİNİN 20 YILI

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ
ANKARA BÜYÜKELÇİLİĞİ

Кіріспе сөз

Құрметті оқырман!

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы еліміз тәуелсіздігін алған 20 жылдық мерзім ішінде достық пен ынтымақтастыққа негізделген екіжақты қатынастар саласында жүзеге асырылған іс-шаралардың шежіресі ұсынылып отыр.

Кітапта Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Президенттерінің, Қазақстанның Түркиядағы тұңғыш Елшісінің, екі мемлекет сыртқы істер министрлерінің және өзімнің де достық пен бірлікке негізделген 20 жылдық байланыстардың даму үдерісі мен келешегі туралы бөліскен ойларымыз, пікір-пайымдауларымыз орын алды.

Екі ел басшыларының бауырластық пен ынтымақтастыққа негізделген барлық салалардағы көзделген жұмыстарды жемісті жүзеге асыру ниеттерінің айқын нәтижесі болып табылатын жоғары деңгейлі екіжақты сапарлар жайлы ақпарат та көпшіліктің қызығушылығын туғызатыны сөзсіз.

Сондай-ақ екі ел басшыларының аталған сапарлар барысында достық пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатындағы мүмкіндіктер мен проблемалар, қауіп-қатерлер мен ықтимал жайлар туралы ой қозғаған баяндамаларымен де таныс бола аласыздар.

Ендігі бір кезекте екіжақты келіссөздердің маңызды сәттерін бейнелейтін естелік фотосуреттер берілген бөлімде тарихи оқиға тұсында өмір сүріп жатқанымыздың куәгері боласыздар. Сонымен бірге аталған бөлімде өз халқының таңдаулы азаматтарының ішінен тағайындалған және екіжақты саяси әрі дипломатиялық қатынастарды дамытуға қомақты үлес қосқан Елшілердің де фотосуреттері орын алды.

Кітап Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты қатынастардың құқықтық негізін қалаған келісімдер тізімі мен олардың арасынан іріктеліп алынған, күнделікті өміріміздегі маңызы зор бірқатар халықаралық келісім мәтіндерінің берілуімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар жас, тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін қажет болған бірқатар үлкен жобаларды жүзеге асыруға мердігерлік жауапкершілік алған ірі түрік фирмалары туралы ақпаратқа және олардың іске асырған жұмыстарына қатысты фотосуреттерге орын беруді жөн санадық.

Кітапта көптеген таңқаларлық анықтамалар мен мәліметтер жинақталды. Аталған анықтамалар мен мәліметтер ішінен оқырманды жалықтырмайтын, қайталанбайтын және жоғары деңгейлі саяси, сондай-ақ дипломатиялық қатынастарды ұғынықты әрі мәнді жеткізе білетін ақпараттарды таңдау қиын да қызықты болды.

Кітапты әзірлеуге және басып шығаруға үлес қосқан барша азаматтарға алғысымды білдіремін. Осы жинақ екі бауырлас мемлекет арасында орнаған қатынастарды және 20 жылдық мерзімде қол жеткізілген табыстарды көпшілікке паш етіп қана қоймай, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолындағы жұмыстарды жемісті жүзеге асыруға өзінің лайықты үлесін қосады деп үміттенемін.

Жансейіт Түймебаев
Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Sunuş

Saygıdeğer Okurlar!

Sizin için, Kazakistan Cumhuriyeti ve Türkiye Cumhuriyeti devletleri arasındaki dostluk ile işbirliğinin 20 yıllık parlak tarihinde, hızla gelişen yüksek düzeyli siyasi ve diplomatik ilişkiler alanında gerçekleşenleri bir araya getirdik.

Bu kitapta; başta Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı ve Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı olmak üzere, Kazakistan Cumhuriyeti'nin Türkiye Cumhuriyeti'ndeki ilk Büyükelçisi'nin, her iki devletin Dışişleri Bakanı'nın ve benim; dostluk ile işbirliğinin 20 yıllık tarihi süreci ve geleceğine ilişkin değerlendirme yazılarını bulabileceksiniz.

Her iki devletin üst düzey yöneticilerinin, karşılıklı dostluk ve işbirliği arzularını hayatın her alanında somut işlere dönüştürmeye yönelik teşebbüslerinin göstergesi olan, yüksek düzeyli iki taraflı ziyaretler kronolojisini de göreceksiniz.

Ayrıca, üst düzey yöneticilerin, söz konusu yüksek düzeyde gerçekleşen ziyaretlerin dostluk ve işbirliğini daha da geliştirmek üzere dile getirdikleri imkân ve sorunların, tehlike ve fırsatların ifade edildiği, konuşmalarından seçilmiş derlemeyi gözden geçirebileceksiniz.

İki taraflı görüşmelerin değerli anlarını ölümsüzleştiren fotoğraf bölümünü incelerken, tarihin en önemli dönemlerinden birini yaşadığımızı tekrar müşahede edeceksiniz. Albümde, iki taraflı siyasi ve diplomatik ilişkilerin geliştirilmesinde büyük görevler üstlenen ve halkın seçkin evlatları içinden seçilerek görevlendirilen Büyükelçilerin mütevazı fotoğrafları da yer almaktadır.

İki devlet arasındaki ilişkilerin hukuki temelini oluşturan anlaşmaların listesinden seçilerek ve çoğu kişinin, günlük hayatta ortaya çıkabilen ihtiyaçları dolayısıyla el altında bulundurmak isteyeceği bazı uluslar arası anlaşmaların metinleri kitaba ayrı bir değer kattı.

Son olarak, bağımsız genç Kazakistan Cumhuriyeti'nin ihtiyaç duyduğu bazı büyük projeleri hızla gerçekleştirmesinde müteahhit olarak sorumluluk alan bir kaç büyük Türk şirketi ile tamamladıkları işlere ait bilgi ve fotoğrafların eklenmesi uygun görüldü.

Kitabı hazırlama aşamasında beklenmedik kadar fazla bilgi ve belgeye ulaşıldı. Doğrusu, bu bilgilerin içinden; okuyucuyu bunaltmayacak, tekrara düşürmeyecek ve dostluk ile işbirliğinin 20. yılındaki üst düzey siyasi ve diplomatik ilişkileri ağyar-ı mani, etrafı cami olacak şekilde anlatabilmemizi sağlamak açısından hem zevkli hem de zor oldu.

Bu kitabın hazırlanması ve yayınlanmasında katkıda bulunanlara teşekkürlerimi bildirmek istiyorum. Bu eserin, iki kardeş devlet arasındaki ilişkilerin kurulması ve 20 yıl boyunca geliştirilmesi hususunda başarıya ulaşılan işlerle kıvanç duyulmasına, memnuniyet verici ilişkilerin daha da geliştirilmesi yolunda önümüzde duran işlerin başarılabilmesi için gayret ve heyecanla çalışmaya devam edilmesine katkıda bulunmasını diler, saygılarımı sunarım.

Canseyit Tüymebayev
Kazakistan Cumhuriyeti'nin
Türkiye Cumhuriyeti'ndeki Büyükelçisi



Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ – ЕЖЕЛДЕН ЕНШІСІ БІР, ТАМЫРЛАС ТУЫС ЕЛДЕР

Қадірлі оқырман!

Қазақстан мен Түркия – ежелден еншісі бір, тамырлас туыс елдер. Арғы тарихта бастауларымыздың, еліміз бен дініміздің ортақтығы бізді одан әрі жақындастыра түседі.

Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына 20 жыл болды. Сонымен бірге Түркиямен арадағы ынтымақтастық байланыстарымызға да 20 жыл толып отыр. Біздің тәуелсіздігімізді ең алғашқы болып таныған Түркияға деген құрметіміз ерекше. Содан бергі екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастардың желісі үзілген емес. Еліміз егемендігіне ие болған күннен бастап Қазақстан мен Түркия арасында ынтымақтастық пен стратегиялық серіктестіктің негізі берік қаланды.

Тәуелсіздікпен бірге бауырлас мемлекеттер арасында мәдени байланыстар орнықты. Осы арқылы еліміздің рухы көтеріліп, алтын бастауларымызға жол ашылды. Экономикалық қарым-қатынастар серпін алып, қарқынды дамыды. Бауырластарымыз қазақ еліне қолдау көрсетіп, арайлы Астанамыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосты. Біздің түрік еліне деген туысқандық сезіміміздің белгісі ретінде Есіл өзенінің жағасында Мұстафа Кемал Ататүріктің еңселі ескерткіші бой көтерді.

Кейінгі жылдары Түркия экономикасы әлемдегі он алтыншы орынға, Еуропада алтыншы орынға көтерілген, индустриясы қарқынды дамыған елге айналды. Түркия ғаламдық саясатта өз орны бар, мекендеген аймағында қуатты мемлекетке айналды. Таяу Шығыс мәселесі, Иран, Ирак, Ауғанстан, Кавказдағы түйткілдердің шешілуіне Түркия өз ықпалын әлі де көрсететіні сөзсіз. Біз туыс Түркияның табыстарына қуанамыз.

Индустриялық-инновациялық бағыт ұстанған Қазақстан да әлемге экономикасы қарыштап дамыған ел ретінде танылып отыр. Бауырлас мемлекеттердің саясат сахнасындағы салмағы басым болуы бірлігімізді арттыра түседі. Біз өзара күш жұмылдыра отырып өзіміздің өркениетімізді әлемге паш ете аламыз, өзге жұрттармен тереземіз тең, мерейі үстем мемлекеттер ретінде дамып, өркендейміз.

Біз бауырластық пен бірлесудің үлгілі үрдістерін өмірге енгіздік. ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы, Ақсақалдар Алқасы, Түркі академиясы, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің құрылуы – осының дәлелі. Мұның бәрі Алтайдан Ақ теңізге дейінгі ұлы далада өз билігін жүргізген бабаларымыздың аманатына адал болғанымыздың белгісі.

Мәдениет, имандылық, ізгілік сияқты ортақ ұғымдар ынтымақ үшін, өзара ықпалдасу үшін қай заманда да маңызды тұтқа болған. Сондықтан Фарабидің, Ясауидің, Румидің халықтарымызды, жалпы адамзатты өзара төзімділікке шақыруы, бейбітшілікке үндеуі бізге үлгі болуы тиіс.

Осы ретте, елдеріміздің бұл бағыттағы

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı
Nursultan Nazarbayev



KAZAKİSTAN İLE TÜRKİYE EZELDEN TEREKESİ BİR, KÖKÜ AYNI KARDEŞ ÜLKELERDİR

Değerli Okurlar!

Kazakistan ve Türkiye ezelden terekesi bir, kökü aynı kardeş ülkelerdir. Eski tarihi kaynaklarımızın, dilimiz ve dinimizin ortaklığı bizi daha da yakınlaştırmaktadır.

Kazakistan'ın bağımsız ülke ilan edilmesine 20 yıl oldu. Aynı zamanda Türkiye ile aramızdaki işbirliği ilişkileri de 20'nci yılını doldurmaktadır. Bağımsızlığımızı ilk olarak tanıyan Türkiye Cumhuriyeti'ne olan saygımız farklı. O zamandan beri iki ülke arasındaki dostane ilişki bağı hiç kesilmemiştir. Ülkemizin egemenliğini aldığı andan başlayarak Kazakistan ile Türkiye arasındaki işbirliği ile stratejik ortaklık temeli sağlam atıldı.

Bağımsızlıkla birlikte kardeş devletler arasında kültürel ilişkiler kuruldu. Bu sayede ülkemiz canlandı, önemli girişimlere yol açıldı. Ekonomik ilişkiler ivme kazanarak, hızla gelişti. Kardeşlerimiz Kazak yurduna destek olarak, ışıltılı Astana'mızın gelişmesi ve büyümesine katkıda bulundu. Bizim Türkiye Cumhuriyeti'ne beslediğimiz kardeşlik duygularımızın göstergesi olan, Esil nehri yakasında Mustafa Kemal Atatürk anısına görkemli anıtı dikildi.

Sonraki yıllarda Türkiye, ekonomisi dünyada on altıncı sıraya, Avrupa'da altıncı sıraya yükselen, sanayisi hızla gelişen ülkeye dönüştü. Türkiye'nin dünya siyasetinde kendine özgü bir yeri var, bulunduğu bölgede kuvvetli devlete dönüştü. Ortadoğu meselesi; İran, Irak, Afganistan ve Kafkasya'daki endişelerin giderilmesinde Türkiye'nin etkisinin süreceği muhakkaktır. Biz akraba Türkiye'nin başarılarından kıvanç duyarız.

Sanayi ve inovasyon yolunu seçen Kazakistan, dünyada, ekonomisi hızla gelişen ülke olarak tanınmaktadır. Kardeş devletlerin siyaset sahnesindeki ağırlıklarının artması birliğimizi daha da kuvvetli hale getirecektir. Birlikte güç harcayarak kendi medeniyetimizi dünyaya tanıtıp, diğer milletlerle eşit seviyede saygın devletler sıfatıyla birleşerek ilerleyebiliriz.

Biz kardeşlik ve birleşmenin örneği olacak yöntemlerini hayata geçirdik. Uluslararası TÜRKSOY teşkilatı, Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi, Aksakallar Kurulu, Türk Akademisi ve Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyinin kurulması, bunun delilidir. Bütün bunlar Altay'dan Akdeniz'e uzanan geniş coğrafyaya hâkim olan ecdadımızın emanetine sadakatimizin kanıtıdır.

Medeniyet, iman ve hayırseverlik gibi ortak kavramlar işbirlik ve yakınlaşmak açısından her zaman önem arz eden tutamağımız olmuştur. Dolayısıyla El Farabi, Ahmet Yesevi ve Rumi'nin halklarımızı ve genel anlamda insanlığı hoşgörüye ve barışa davet etmeleri, bizler için örnek olmalıdır.

Ülkelerimizin bu yöndeki yaklaşımlarının benzerliği bizi memnun etmektedir. Örnekleri ortada: Kazakistan Semavi ve Geleneksel Dinler Liderleri Zirvesinin düzenli yapıldığı bir ülke haline gelmişse, Türkiye Medeniyetler İttifakı'nın Eş-Başkanı'dır. 2010 yılında Kazakistan Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı'nın,

ұстанымдарының үндес болуы бізді қуантады. Атап айтқанда, Қазақстан – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерін өткізудің тұрақты мекеніне айналса, Түркия – Өркениеттер Альянсының тең төрағасы. 2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Түркия Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске төраға болды. Бұл Еуразия қауіпсіздігін, өркениеттер арасындағы түсіністікті нығайтуға арналған тың бастаманы бірігіп көтеруге мүмкіндік берді.

Елдеріміздің халықаралық саясаттағы ұстанымдары мен көзқарастары үндес болуы – заңды құбылыс. Кезінде Ататүрік көтерген «Жұртта бейбітшілік, жаһанда – бейбітшілік» қағидаты қазір де маңызын жоғалтқан жоқ. Ядролық қаружарақты иеленуден өз еркімен бас тартқан ел ретінде Қазақстанды әлемде бұл бағытта орын алып отырған мәселелер алаңдатады. Қырық жыл бойы өз аумағында кеңестік ядролық қаруды сынаудың салдарынан зардап шеккен халық ретінде біздің бұл қадамымыз басқаларға үлгі болады деп батыл түрде айта аламыз.

Біз өз тарапымыздан, Анкарамен бірлесе отырып, құрлық аумағында орын алған күрделі түйткілдерді, Ауғанстан мен Ирактағы, Таяу Шығыс пен Кавказдағы қақтығыстар мен жанжалдарды реттеуге белсене атсалыса береміз.

Түптеп келгенде, түркі дүниесінің екі ірі мемлекеті ретінде Қазақстан мен Түркияның бірлесіп атқарар істері мол. Біз екіжақты және көпжақты негізде өз мүмкіндігімізді толық қолдануға тиіспіз. Екі елдің сауда, экономика, инвестиция, көлік, туризм және көптеген басқа салаларда ортақ қомақты жобаларды атқаруға әлеуеті жетерлік.

Талайды таң қалдырған түркілік өркениет әлемде тек озық мәдениетімен ғана емес, экономикалық қуатымен де ерекшеленуге тиіс. Мемлекетіміздің мерейлі мерекесіне орайластырылған бұл басылым түбі бір, тілі ұқсас тәуелсіз екі елдің тағылымды тарихынан сыр шертетін рухани қазынаға айналады деп сенемін.

Екіжақты байланыстарымызды одан әрі жандандыру жолында біздің алдымызда атқарар істер көп. Біздің үкіметтік құрылымдар ғана емес, жеке сектор өкілдері, бизнес топтары, қоғамдық ұйымдар білек сыбанып кірісулері керек.

Қазақстанның данышпан ақыны Абай «Артық жолдас таппадым татулықтан» деген екен. Ендеше, ғасырлар бойы үзіліп қалған, тәуелсіздікпен бірге қайта жалғанған біздің достығымыз бен тату тірлігіміз мәңгі болсын!

Türkiye Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı'nın Dönem Başkanı olmuştur. Bu olaylar; Avrasya'nın güvenliği ile medeniyetler arası anlayışı geliştirmeye yönelik güçlü girişimi birlikte yürütmemize imkân verdi.

Ülkelerimizin uluslararası politikadaki yaklaşımları ile görüşlerinin benzerlik göstermesi doğaldır. Zamanında Atatürk'ün ifade ettiği "Yurtta Sulh Cihanda Sulh" ilkesi halen önemini yitirmiş değildir. Nükleer silahtan özgür iradesi ile vazgeçen bir ülke sıfatıyla Kazakistan Cumhuriyeti'ni, dünyada bu istikamette yer alan gelişmeler endişelendirmektedir. Kırk yıl boyunca kendi topraklarında gerçekleştirilen nükleer denemeler yüzünden çile çeken bir halk olarak bu adımımızın başka ülkelere örnek oluşturacağını emin bir biçimde ifade edebiliriz.

Ankara ile birlikte kıta çapında cereyan eden çözümü zor sorunların, Afganistan ve Irak'taki, Ortadoğu ve Kafkasya'daki çatışma ve anlaşmazlıkların düzeltilmesinde etkin şekilde katkıda bulunacağız.

Özetle, Türk Dünyasının en büyük iki devleti olarak Kazakistan ve Türkiye'nin birlikte yapacağı çok iş var. Bizler ikili ve çok taraflı temelde imkânlarımızı tam kapasite kullanmalıyız. İki ülkenin ticaret, ekonomi, yatırım, ulaşım ve turizm gibi birçok farklı alanda ortak büyük projeleri hayata geçirebilecek kaynakları yeterlidir.

Dünyada hayranlık uyandıran Türk uygarlığı sadece yüksek medeniyetiyle değil, aynı zamanda ekonomik gücüyle de ayrışmalıdır. Devletimizin itibarlı kutlaması dolayısıyla gün yüzüne çıkan bu yayının, kökü bir, dili benzer bağımsız iki ülkenin ibretli tarihiyle hasbıhal edecek manevi bir hazineye dönüşeceğine inanıyorum.

İkili ilişkilerimizi daha da canlı hale getirilmesi için önümüzde yapacak çok iş var. Sadece resmi kurumlar değil, aynı zamanda özel sektör temsilcileri, iş çevresi ve sivil toplum kuruluşları da kolları sıvayarak işe girişmelidir.

Kazakistan'ın ünlü şairi Abay "Üstün arkadaş bulamadım, uyumluluktan" demiştir. Öyleyse, yüzyıllar boyu kopan, ancak bağımsızlıkla birlikte devamını bulan dostluğumuz ile uyumlu dirliğimiz ebedi olsun!



Түркия Республикасының Президенті
Абдулла Гүл

ТҮРКИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН – БІР АТАДАН ТАРАҒАН ҰЛТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ

Түркия бауырлас Қазақстанды таныған алғашқы мемлекет ретінде тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай Қазақстанның қуанышы мен шаттығын бөліседі.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі қысқа мерзімде бауырлас Қазақстанның егемендігінің нығайып, экономикасының күшейгеніне және халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесіне айналуына қуана-қуана куә болдық. Бұл жетістіктерді мақтан тұтамыз.

Осы 20 жылдық кезеңде Қазақстан күрмеуі қиын мәселелерге қарамастан, дамуға деген ұмтылысымен аймағының алдыңғы қатарлы елі болды, аймақтық және халықаралық салмағы жағынан алып қарағанда, қол жеткізген деңгейімен Еуразияның белді ойыншыларының біріне айналды. Осындай нәтижеге қол жеткізуде қымбатты бауырым, Аса Құрметті Президент Н.Назарбаевтың көреген көсемдігінің орны үлкен екеніне күмән жоқ.

Түркияның Қазақстанмен қарым-қатынасының негізінде өзара құрмет пен екі халықтың ортақ мүдделері жатыр. Алайда Түркия мен Қазақстан сияқты бір атадан тараған ұлттардың мемлекеті туралы сөз қозғалғанда, екі елдің байланыстарында айрықша рухани мән-мағынаның бар екені хақ. Осы рухани мән-мағына халықтарымыз арасындағы ерекше достық байланыстан нәр алады. Ортақ тарих пен ортақ құндылыққа ие туыстас екі халықтың келешектен күтетін үміттерінің де ұқсас болуы – заңды құбылыс.

Қазақстан аймақтағы біздің саяси әріптестеріміздің арасында ең алдыңғы қатардан орын алады. Президент Н.Назарбаевтың 2009 жылы Түркияға сапары барысында қол қойылған «Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы шарт» арқылы бүкіл дүние жүзіне жария еткеніміздей, қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Ортақ мақсатымыз – өрісті қарым-қатынасымыз бен ынтымақтастығымызды халықтарымыздың мүддесінде одан әрі кеңейту болып табылады.

Осындай түсінікпен, Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстарымыз да қарқынды түрде дамып келеді. Күн өткен сайын өсіп келе жатқан екіжақты сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына жеткізу басты мақсатымыз болып табылады.

Қазақстандағы өзгерістер мен қарқынды даму символы – Азияның жарқыраған жаңа жұлдызы және ең заманауи бас қаласы Астананың құрылысына түрік мердігерлік фирмаларының және жұмысшыларының үлкен үлес қосуы бізді ерекше мақтанышқа бөлейді. Астана қаласының 2012 жылы Түркі әлемі мәдениетінің астанасы болып жариялануын да біз зор қуанышпен қарсы алдық.

Халықтарымыз арасында гуманитарлық-мәдени қатынастардың дамуын қамтамасыз ету, сөз жоқ, біздің басым мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Жалпы Қазақстан бойынша 34 түрік-қазақ мектептерінде шамамен 10 мыңдай оқушы оқып жатыр. Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı
Abdullah Gül



KAZAKİSTAN VE TÜRKİYE, İKİ DEVLET BİR MİLLET

Türkiye, kardeş Kazakistan'ı tanıyan ilk ülke olarak, bağımsızlığının 20'nci yıl dönümünde yaşadığı coşkuyu ve kıvancı aynı heyecanla paylaşmaktadır.

Bağımsızlığın kazanılmasından bu yana geçen kısa zamanda, kardeş Kazakistan Cumhuriyeti egemenliğini pekiştirdiğini, ekonomisini güçlendirdiğini, uluslararası toplumun saygın bir üyesi olduğunu gururla müşahede ettik.

Kazakistan, bu 20 yıllık süreçte tüm sorunlara rağmen, gerçekleştirdiği kalkınma hamleleriyle bölgesinin önde gelen ülkesi haline gelmiş, bölgesel ve uluslararası ağırlığı bakımından ulaştığı seviyeyle Avrasya'daki önemli ülkelerden biri haline gelmiştir. Şüphesiz, bu neticeye ulaşılmasında Aziz Kardeşim Cumhurbaşkanı Sayın Nazarbayev'in vizyoner liderliğinin önemli bir payı bulunmaktadır.

Türkiye'nin Kazakistan ile ilişkilerinin temelini, karşılıklı saygı ve iki halkın ortak menfaatleri oluşturmaktadır. Ayrıca, Türkiye ve Kazakistan gibi aynı milletin farklı devletleri söz konusu olduğunda, iki ülke ilişkilerinde daima özel bir manevi boyut da mevcuttur. Bu manevi boyut, halklarımız arasındaki müstesna kardeşlik bağlarından güç almaktadır. Ortak tarihe ve ortak değerlere sahip iki kardeş halkın geleceğe dair beklentilerinin benzer olması tabiidir.

Kazakistan bölgedeki siyasi ortaklarımız arasında en ön safta yer almaktadır. Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in 2009 yılında Türkiye'ye yaptığı resmi ziyaret sırasında imzaladığımız "Türkiye Cumhuriyeti ile Kazakistan Cumhuriyeti Arasında Stratejik Ortaklık Anlaşması" ile tüm dünyaya ilan ederek, ilişkilerimiz stratejik ortaklık seviyesine ulaşmıştır. Kapsamlı ilişkilerimizi ve işbirliğimizi halklarımıza yararlı olacak şekilde daha da ileriye taşımak ortak hedefimizdir.

Bu anlayışla Kazakistan ile ekonomik ve ticari ilişkilerimiz de hızla gelişmektedir. Hedefimiz her geçen gün artan ikili ticaret hacmimizi 10 milyar Dolar seviyesine yükseltmektir.

Kazakistan'ın dönüşümün ve dinamizmin simgesi olarak, Asya'nın parlayan yeni yıldızı ve en modern başkenti Astana şehrinin inşasında Türk müteahhitlik şirketlerinin ve işçilerinin büyük emek sarf etmiş olması, bizim için ayrı bir gurur vesilesidir. Astana şehrinin 2012 Türk Dünyası Kültür Başkenti ilan edilmesini de büyük bir memnuniyetle karşılıyoruz.

Halklarımız arasında beşeri ve kültürel ilişkilerin geliştirilmesi şüphesiz öncelikli hedeflerimizden biridir. Kazakistan genelindeki 34 Türk-Kazak okulunda yaklaşık 10 bin öğrenci eğitim görmektedir. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'nin dört ayrı şehirdeki kampüslerinde ise yaklaşık 15 bin öğrenci yükseköğrenim görmektedir. Türkiye'de eğitim görmüş ve halen görmekte olan Kazak gençleri ile Kazakistan'da eğitim alan Türk gençleri müşterek geleceğimizin teminatıdır.

Türkiye ve Kazakistan uluslararası arenada ortak bir vizyonu paylaşmakta, küresel ve bölgesel sorunlara benzer şekilde yaklaşmaktadır. Bu müşterek yaklaşım, gerek iki kardeş ülkenin birbiriyle dayanışması-

Халықаралық қазақ-түрік университетінің төрт қаладағы қалашықтарында да 15 мыңға жуық студент жоғары білім алуда. Түркияда білім алған және қазір оқып жатқан қазақ жастары мен Қазақстанда білім алған түрік жастары - ортақ келешегіміздің кепілі.

Түркия мен Қазақстанның халықаралық аренадағы ұстанымдары үндес, ғаламдық және аймақтық мәселелерде өзара түсіністікке ие. Осы сәйкес ұстанымдар - бауырлас екі ел ынтымақтастығының, стратегиялық әріптестік шеңберінде елдеріміздің мақсаттары мен саясаттары ұқсастығының табиғи нәтижесі болып табылады.

Түркия мен Қазақстан осы орайда, Түркі әлемінің тарихи тәжірибесі, бүгінгі адами және экономикалық ресурстары Еуразия аймағындағы ынтымақтастыққа қомақты үлес қосады деген идеяны алға тарта отырып, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің құрылуына ұйытқы болды. 2011 жылы 20-21 қазанда Алматыда бірінші саммиті табысты өткен Түркі кеңесі осылайша Еуразия кеңістігіндегі аймақтық ынтымақтастық механизмдердің арасында ерекше орынға ие болды.

Түркі әлемі арасындағы интеграцияға бағытталған саясатта жетекші болып табылатын Түркия мен Қазақстан арасында басқа халықаралық ұйымдар шеңберінде де жемісті әрі тиімді ынтымақтастық орнатылған. 2010 жылдан бастап негізгі идеясын Президент Н.Назарбаев ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) төрағалығын Түркия Қазақстаннан қабылдап алды.

Қорыта келгенде, осы сәтті пайдалана отырып, өзара мүдделер негізінде қарым-қатынасымыздың келешегіне сеніммен қарайтынымды баса айтамын, бауырлас және туыстас Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойымен өзімнің және түрік халқының атынан шын жүрекпен құттықтаймын.

nın, gerek stratejik ortaklık çerçevesinde ülkelerimizin amaçlarının ve politikalarının benzemesinin doğal bir sonucudur.

Bu kapsamda Türkiye ve Kazakistan Türk Dünyasının tarihi birikimi ve bugünkü beşeri ve ekonomik kaynaklarının Avrasya coğrafyasındaki işbirliğine büyük katkı sağlayabilmek düşüncesiyle, Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi'nin kurulmasına öncülük etmişlerdir. Birinci Zirve Toplantısı 20-21 Ekim 2011 tarihlerinde Almatı'da başarıyla gerçekleştirilmiştir. Böylece Avrasya coğrafyasında mevcut bölgesel işbirliği mekanizmaları arasındaki müstesna yerini almıştır.

Türk Dünyası içinde entegrasyona yönelik politikaların öncülüğünü yapan Türkiye ile Kazakistan arasında diğer uluslararası örgütlerde de verimli ve yararlı bir işbirliği mevcuttur. Türkiye fikir babalığını Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in yaptığı Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı'nın (AİGK/CICA) Dönem Başkanlığını 2010 yılından itibaren Kazakistan'dan devralmıştır.

Sonuç olarak, karşılıklı güçlü siyasi irademiz temelinde, ilişkilerimizin geleceğine güvenle baktığımı vurguluyor, dost ve kardeş Kazakistan Cumhuriyeti'nin bağımsızlığının 20'nci yıl dönümünü şahsım ve Türk halkı adına en samimi hislerimle bir kez daha tebrik ediyorum.



Қанат Саудабаев
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы және
Түркия Республикасындағы бірінші Төтенше және Өкілетті Елшісі

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТУЫСТЫҚ

Осыдан жиырма жыл бұрын заманымыздың заңғар перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен және тізгін ұстауымен Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Жаңа мемлекет құру, оның экономикасын көтеру, халқымыздың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейін жаңа арнаға түсіру бірден оңай болған жоқ. Бірақ Елбасымыздың кемел саясатының нәтижесінде Қазақстан сол кездегі «тар жол, тайғақ кешуде» абыройлы биіктен көрініп, жарқын жеңіске жетті.

Бүгінгі Қазақстан іргесі берік, экономикасы дамыған, әлемде өз орны бар мемлекет және ел тәуелсіздігінің 20 жылдығында еліміз қол жеткізілген жетістіктерін орынды мақтан тұтады.

Қазақстанның егемендігі жарияланған сәтте елімізді ең бірінші таныған сол кездегі түркі әлемінің жалғыз азат елі – бауырлас Түркия екенін жақсы білеміз және оны жадымызда мәңгі ұстаймыз. Оның үстіне Қазақстан тәуелсіздігін алып, шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орната бастағанда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен мен сыртқы саясат саласындағы алғашқы жолымды Түркия Республикасында Қазақстанның Тұрақты және Өкілетті Елшісі болып бастадым. Сөйтіп қазақ елінің алғашқы Елшілік үйі Анкарада жалауын көтерді. Осында жаңа орта, жаңа достар таптым.

Осы достық пен бірлікке бастаған тарихи қадам біздің тұрақты қатынастарымыздың берік негізін қалады. Жас тәуелсіз Қазақстанның бойын тіктеп, ел болып қалыптасуына түрік бауырларымыздың қолдауы, ықыласы мен тілеулестігінің жәрдемдескені де даусыз.

Қазіргі таңда қазақ және түрік халықтары арасындағы терең тарихи және мәдени байланыстарға сүйеніп құрылған қатынастарымыз өзара түсіністік пен мүдде негізінде даму үстінде. Халықтарымыз арасындағы мызғымас достық Қазақстан-Түркия арасындағы тығыз саяси диалог, тиімді экономикалық және мәдени байланыстардың өзара тиімді стратегиялық серіктестікке айналуына мүмкіндік берді.

Осының жарқын көрінісі – 2009 жылы қазан айында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға сапары барысында қол қойылған Стратегиялық әріптестік туралы шарт.

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы сан салалы форматта – Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ислам конференциясы ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі, Түркітілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің Тұрақты кеңесі – ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді.

Экономикалық салада да біздің елдеріміздің арасында кең көлемді ынтымақтастық жолға қойылған. Бүгін Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен бір жарым мыңнан астам кәсіпорын жемісті жұмыс істеп жатыр. Түрік компаниялары Қазақстанның

Kanat Saudabayev
Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Sekreteri
ve Türkiye Cumhuriyeti'ndeki İlk Büyükelçisi



KÖKÜ DERİN AKRABALIK

Bundan yirmi yıl öncesinde zamanımızın yüce evladı Nursultan Abişulı Nazarbayev'in girişimi ve yönetimi altında Kazakistan bağımsızlığını ilan etti ve egemen bir devlet olarak dünyaya kendini tanıttı. Yeni devlet kurmak, onun ekonomisini kalkındırmak, halkımızın sosyal geçim düzeyini yeni bir seviyeye yükseltmek elbette kolay olmamıştır. Fakat Devlet Başkanımızın mükemmel politikası sayesinde Kazakistan o dönemdeki "dar yol, kaygan geçitleri" aşarak, itibarlı konuma gelip büyük başarıya ulaştı.

Bugün Kazakistan temelleri sağlam, ekonomisi gelişen, dünyada itibar sahibi olan ve bağımsızlığının 20'nci yılında ülkemiz elde ettiği başarılarla haklı olarak gururlanan bir devlettir.

Kazakistan bağımsızlığını ilan ettiğinde onu ilk olarak tanıyan ülkenin Türk Dünyasının o dönemdeki bağımsız tek devleti kardeş Türkiye olduğunu iyi biliyoruz ve bunu hiçbir zaman unutmayacağız. Ayrıca, bağımsızlık ilanıyla birlikte Kazakistan dış dünyayla diplomatik ilişkiler kurmaya başladığında, kurucu Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in özel talimatıyla dış siyaset alanındaki ilk çalışmama da Türkiye Cumhuriyeti'nde Kazakistan'ın Büyükelçisi olarak başladım. Böylece, Kazak devletinin ilk Büyükelçiliği Ankara'da bayrağını yükseltti. Burada kendime yeni bir ortam ve yeni dostlar edindim.

Bu dostluk ve birliğe atılan tarihi adım, istikrarlı ilişkilerimizin sağlam temelini oluşturmuştur. Bağımsız genç Kazakistan vücut bulup, devlet olarak kurumlaşmasında Türk kardeşlerimizin desteği, içtenliği ve dosdoğru yardımlaşması da tartışılmaz.

Günümüzde Kazak ve Türk halkları arasındaki derin tarihi ve kültürel ilişkilere dayanarak kurulan işbirliğimiz karşılıklı anlayış ve yarar temelinde gelişmektedir. Halklarımız arasındaki sarsılmaz dostluk Kazakistan-Türkiye arasındaki sıkı siyasi diyalog, aramızdaki verimli ekonomik ve kültürel ilişkilerin karşılıklı yarara dayalı stratejik ortaklığa dönüştürülmesine imkân verdi.

Bunun en bariz göstergesi, Ekim 2009 tarihinde Kazakistan Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye ziyareti sırasında imzalanan Stratejik Ortaklık Anlaşması olmuştur.

Kazakistan ile Türkiye arasındaki işbirliği çok alanlı formatta; Birleşmiş Milletler Teşkilatı, Ekonomik İşbirliği Teşkilatı, İslam İşbirliği Teşkilatı, Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi, Türk Dili Konuşan Ülkeler Kültür Bakanları Konseyi-TÜRKSOY ve diğer ortaklıklar çerçevesinde başarıyla gelişmektedir.

Ekonomik alanda ülkelerimiz arasındaki işbirliği geniş kapsamlı olarak sürdürülmektedir. Günümüzde Kazakistan'da Türk sermayesinin iştirakiyle 1500'den fazla şirket çalışmalarına başarıyla devam etmektedir. Türk firmaları Kazakistan'ın yeni başkenti Astana'nın inşasına etkin katıldı. Türkistan'daki Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi, Süleyman Demirel Üniversitesi ve Kazak-Türk Liselerinin faali-

жаңа елордасы – Астананың құрылысына белсене қатысты. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Сүлейман Демирел атындағы университеттің, қазақ-түрік лицейлерінің қызметі - білім беру саласындағы қатынастарымыздың үлгісі болып табылады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанның жас та жауһар Елордасы Астананың төрінде Ататүріктің ескерткіші орнатылды. Түрік поэзиясының негізін қалаушылардың бірі Юнус Эмре атындағы Түрік мәдени орталығы ашылды. Сонымен қатар түркі халықтарының алдында сіңірген ерен еңбегі үшін Анкараның орталығында Қазақстанның Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа ескерткіш орнату жөніндегі түрік ағайындарымыздың шынайы бауырластық шешімін қазақстандықтар зор ықыласпен қабыл алды.

Міне, осының бәрі - Қазақстан мен Түркияның мызғымас достығының жарқын көрінісі.Біздің елдеріміздің алтын арқауы – ол түркі әлемі. Осыдан 14 ғасыр бұрын Түрік қағанаты атты бір мемлекеттің құрамында өмір сүрген түбіміз бір түркі екенімізді, бізді түркі әлемінің ұлы өркениеті біріктіріп тұрғанын ешқашан естен шығармаймыз.

2009 жылғы қазан айында Анкарада өткен Түркітілдес мемлекеттердің саммитінде Түркия Президенті Абдулла Гүл біздің Елбасымызды: «Нұрсұлтан Назарбаев күллі Түркі әлемінің лидері» деп құрметпен атады. Бұл біз үшін, барша қазақстандықтар үшін, ерекше мақтаныш.

Осы орайда тарихта алғаш рет түркі мемлекеттерінің ортақ Кеңесінің құрылуы бәрімізді қуантады. Атап айтқанда, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының және Ақсақалдар алқасының қисынды жалғасы ретінде 2009 жылы Нахчыванда түркітілдес мемлекет басшыларының кезекті саммитінде - Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия Президенттері Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі кеңесі) құру туралы келісімге қол қойылды. Ыстамбұлда осы Кеңестің хатшылығы өз жұмысын бастады. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысымен Астанада Түркі академиясы құрылды. Түркі кеңесінің алғашқы саммиті 2011 жылғы қазан айында Алматыда табысты өтті.

Тарихтың терең қойнауынан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан мәңгілік бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің дамуына игі ықпал етеді.

Бауырлас елдер - Қазақстан мен Түркия арасындағы достық пен ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығая беретініне кәміл сенемін.

yetleri eğitim alanındaki ilişkilerimizin örneği olarak bulunmaktadır.

Devlet Başkanımız Nursultan Nazarbayev'in girişimiyle Kazakistan'ın cevher başkenti Astana'nın başköşesinde Atatürk Anıtı dikildi. Türk şiirinin temelini kuranlardan biri Yunus Emre Türk Kültür Merkezi açıldı. Ayrıca, Türk halkları için sağlamış olduğu büyük katkılardan dolayı Ankara'nın merkezine Kazakistan'ın kurucu Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in heykelinin dikilmesi hususundaki Türk kardeşlerimizin gerçek kardeşçe kararını, Kazakistanlılar çok büyük içtenlikle kabul etmişlerdir.

Bütün bunlar Kazakistan ile Türkiye'nin sarsılmaz dostluğunun parlak görünüşüdür. Ülkelerimizin altın atkısı Türk Dünyasıdır. Bundan 14 asır önce Göktürk Kağanlığı adını taşıyan bir devletin bünyesinde varlığını sürdüren kökü bir Türk olduğumuzu, bizi Türk Dünyasının yüce uygarlığının bir araya getirdiğini unutmayacağız.

Ekim 2009 tarihinde Ankara'da gerçekleşen Türk Dili Konuşan Ülkeler Zirvesinde, Türkiye Cumhurbaşkanı Abdullah Gül, bizim Devlet Başkanımızdan "Nursultan Nazarbayev bütün Türk Dünyasının lideri" diyerek saygıyla söz etti. Bu, bizim için, bütün Kazakistanlılar için fevkalade övünç.

Ayrıca, tarihinde ilk kez Türk devletlerinin ortak Konsey kurması hepimizi sevindirmektedir. Örnek olarak, Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi'nin ve Aksakallar Konseyi'nin doğal devamı olarak 2009 yılında Nahçıvan'da Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesinde; Azerbaycan, Kazakistan, Kırgızistan ve Türkiye Devlet Başkanları Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyinin (Türk Konseyi) kurulmasına ilişkin Anlaşma imzalamışlardır. İstanbul'da söz konusu Konseyin Sekretaryası faaliyete başlamıştır. Kazakistan Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in önerisiyle Astana'da Türk Akademisi kurulmuştur. Türk Konseyinin ilk Zirvesi Ekim 2011 tarihinde Almatı'da başarıyla gerçekleştirilmiştir.

Tarihin derinliklerinden başlayan, bugüne kadar devam eden ebedi kardeşlik ilişkilerinin bunun gibi parlak örnekleri devletlerimiz arasındaki işbirliğinin yeni döneminin gelişmesine olumlu etki edecektir.

Kardeş ülkeler olan Kazakistan ile Türkiye arasındaki dostluk ve işbirliğinin daima gelişerek, pekişeceğine inancım tamdır.



Ержан Қазыханов
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

ТҮРКИЯ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСІМІЗ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығын үлкен қуанышпен атап өтті. Кеңестер Одағы ыдырап, қазақ халқы тізгінін өз қолына алған тұста еліміздегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық жағдай барынша мүшкіл еді. Кеңестік халық шаруашылығы мүлдем тоқырап, қазақ қоғамы әлеуметтік қақтығыстардың табалдырығында тұрған кез еді.

Осындай қиын кезеңде әлемдік саяси сахнада өзін паш еткен Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың терезесі тең, сенімді мүшесі сипатына бір күнде келе қалған жоқ. Ол тұста тәуелсіздік жолына бет бұрған жаңа, жас мемлекетке деген әлемдік қауымдастықтың ұстанымы әр түрлі болды. Сенімсіздікпен үрке қарағандар да болды. Себебі жас Қазақ елі Кеңестер Одағынан қираған экономикамен қатар барша дүниенің ерекше үрейін тудырған ядролық шоқпардан да қомақты үлесін мұра етіп алды. Әлемнің жетекші мемлекеттері Қазақстанның ядролық қаруға қатысты ұстанымы мен сыртқы саяси басымдықтары қандай болмақ деген оймен еліміздің басқан әрбір қадамын жіті бақылаумен болды. Осындай аумалы-төкпелі заманда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерік-жігерімен және саяси қайратымен Қазақстан ядролық қарудан ерікті түрде бас тарту туралы тарихи шешім қабылдап, әлем алдындағы терең жауапкершілігі мен саяси саналылығын танытты. Бұл - Қазақстанның халықаралық саясаттағы ең алғашқы жетістігімен қатар бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жеңісті шеруінің бастамасы болды.

Көп ұзамай Қазақстан 1992 жылғы наурыз айында Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) толыққанды мүше болып, әлемдік мәселелерді шешуге атсалыса бастады. Жалпы адамзаттың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, гуманитарлық және басқа да салалардағы жетістіктерінен пайдалануға қол жеткізді.

Бүгін Қазақстан көптеген маңызды халықаралық ұйымдардың мүшесі ғана болып қоймай, өзі де бірқатар халықаралық және аймақтық ұйымдардың құрылтайшысы, игі бастамалардың ұйтқысы болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың сонау 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған бастамасы – Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесі (АӨСШК) бүгінгі таңда толыққанды халықаралық ұйым ретінде қалыптасып келеді. Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты көпжақты көзқарасты пысықтау жолымен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Форумға бүгінгі таңда 24 мемлекет мүше, 8 мемлекет пен 3 халықаралық ұйым бақылаушы ретінде қатысады.

2010 жылғы 8 маусымда Ыстамбұлда АӨСШК-ге мүше елдердің мемлекет пен үкімет басшыларының III саммиті болып өтті. Саммит бірінші рет Қазақстаннан тыс жерде ұйымдастырылды. Саммит барысында АӨСШК-нің Хатшылығы және мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға қол қойылу арқылы Азия кеңесінің негізгі институттану кезеңі аяқталды. АӨСШК III саммиті Қазақстанның және оның көшбасшысының халықаралық беделін одан әрі арттыруға үлкен үлес қосты. Осы кездесудің бары-

Yercan Kazıhanov
Kazakistan Cumhuriyeti
Dış İşleri Bakanı



TÜRKİYE, STRATEJİK ORTAĞIMIZ

Kazakistan Cumhuriyeti bağımsızlığının 20'nci yıl dönümünü büyük sevinçle kutladı. Sovyetler Birliği dağılıp, Kazak halkı kaderini kendisi tayin ettiğinde siyasi, toplumsal, sosyoekonomik durum son derece vahimdi. Sovyet ekonomisi tamamen çökmüş, Kazak toplumu ise sosyal çatışmaların eşiğine gelmişti.

Böylesine zor bir dönemde dünya siyaset sahnesinde öne çıkan Kazakistan Cumhuriyeti, uluslararası toplumun eşit ve güvenilir üyesi sıfatını bir günde kazanmış değildir. O dönemde bağımsızlık yoluna koyulan bu genç ve yeni devlete karşı dünya devletlerinin farklı yaklaşımları oldu. Güvensizlikle ürkek bakanlar da olmuştur. Çünkü genç Kazak devleti, Sovyetler Birliğinden çöken ekonomiyle birlikte, tüm dünyaya büyük korku salan büyük ölçekli nükleer silahı da miras olarak aldı. Dünyanın büyük devletleri Kazakistan'ın nükleer silahlara ilişkin tutumu ile dış siyaset önceliğinin ne şekilde olacağı fikriyle ülkemizin attığı her adımı sıkı bir merakla takip etti. Böylesine değişken bir dönemde kurucu Devlet Başkanımız Nursultan Nazarbayev'in iradesi ve siyasi gayretiyle Kazakistan nükleer silahtan özgür iradesiyle vazgeçme konusunda tarihi kararı alarak, dünyaya karşı büyük sorumluluğu ile siyasi bilinçliliğini sundu. Bu karar Kazakistan'ın uluslararası siyasetteki ilk başarısı olmasının yanı sıra, günümüzde de devam ettirdiği başarılı yürüyüşün ilk adımı olmuştur.

Çok uzatmadan, Kazakistan Mart 1992 tarihinde Birleşmiş Milletler Teşkilatı'na (BMT) tam üye olup, dünya çapındaki sorunların çözümü konusunda çalışmaya başladı. İnsanlığın siyasi, ekonomik, sosyal, bilimsel, insani ve diğer alanlardaki başarılarından faydalanmaya başladı.

Günümüzde Kazakistan birçok önemli uluslararası kuruluşa üye olmakla birlikte, kendisi pek çok uluslararası ve bölgesel kurumun kurucusu ve olumlu başlangıçların öncüsüdür.

1992 yılında BM Genel Kurulu 47'nci toplantısında Kazakistan Devlet Başkanı N. Nazarbayev tarafından önerilen Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı (AİGK-CICA) günümüzde tam teşekküllü bir uluslararası kuruluş sıfatıyla faaliyetine devam etmektedir. Asya'da barış, güvenlik ve istikrarın sağlanmasına katkı yapmaya ilişkin çok taraflı bakış açısı oluşturmayı hedefleyen bu forumun 24 üyesi bulunmakta, 8 devlet ile 3 uluslararası kuruluş gözlemci sıfatıyla katılım sağlamaktadır.

8 Haziran 2010 tarihinde, İstanbul'da AİGK/CICA Devlet ve Hükümet Başkanları III. Zirvesi düzenlenmiştir. Zirve ilk kez Kazakistan dışında gerçekleştirilmiştir. Zirvede AİGK/CICA Sekretaryası ve üye devlet temsilcilerinin Ayrıcalık ve Bağışıklıklarına ilişkin Konvansiyonun imzalanmasıyla forum, temel kurumsallaşma dönemini tamamlamıştır. AİGK/CICA III. Zirvesi Kazakistan'ın ve onun fikir babasının uluslararası itibarının artmasına büyük katkı sağlamıştır. Söz konusu zirvede, 2010–2012 Dönem Başkanlığı görevini Kazakistan'dan ilk kez Türkiye Cumhuriyeti devralmıştır. Türkiye bu kuruluşun uluslara-

сында 2010-2012 жылдарға төрағалық Кеңестің тарихында бірінші рет Қазақстаннан Түркия Республикасына табыс етілді. Түркия Кеңестің халықаралық беделінің артуына барынша күш салуда.

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етті. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мағыналы іс-шараларға толы болды. Меніңше, төрағалық атқарған ең маңызды шаруа Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен 11 жылдық үзілістен кейін Астанада 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда өткен ЕҚЫҰ саммиті болды. Қазақстан Ұйымның қызметіне жаңаша серпін қоса білді. Оның назарын өркениеттер үнқатысуын нығайтуға, Орталық Азияның экономикалық және экологиялық проблемаларына аударды. Кездесу қорытындылары бойынша Астана декларациясы қабылданды. Ол ЕҚЫҰ дамуының жаңа қырын - Еуроатлантикалық және Еуразиялық қоғамдастыққа біртұтас және бөлінбейтін қауіпсіздік тұрғысынан келу бағытын айқындап берді.

Қазақстан 2011-2012 жылдары Ислам ынтымақтастығы ұйымында (ИЫҰ) төрағалық міндетін аса үлкен жауапкершілікпен атқаруда. Қазақстан ИЫҰ-ға төрағалығы барысында Шығыс пен Батысты жақындастыру саясатын жалғастыруда. Сондай-ақ Қазақстан төрағалығы әлемде исламофобияның таралуына қарсы тұрып, жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің нығаюына ықпал етуге күш салуда. Төрағалық шеңберіндегі жұмыстың маңызды аспектісі - антиядролық қызметі болып табылады. Аталған басымдықтардың барлығы адамзаттың XXI ғасырда дамуына тікелей әсер ететін көкейкесті мәселелер болып табылады.

Елбасымыздың Түркітілдес мемлекеттер басшыларының 2006 жылы Анталияда өткен саммитінде көтерген бастамасымен және Қазақстанның қажыр-қайратының арқасында 2009 жылы Нахчыванда Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия тарихи маңызы зор құжатқа - Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі кеңесі) құру туралы келісімге қол қойды. Ұйым, аты айтып тұрғандай, тарихи тамырлас, мәдени сабақтас түркітілдес мемлекеттердің арасында мәдени байланыстармен қатар экономикалық ынтымақтастықты да нығайтуды көздейді. Түркітілдес мемлекеттер басшыларының 2010 жылғы Ыстамбұлда өткен 10-шы саммитінде жаңа Ұйымның Бас хатшылығы құрылды. 2011 жылғы 20-21 қазанда Алматыда өткен Түркі кеңесінің бірінші саммитінде бауырлас елдердің экономикалық, мәдени және гуманитарлық салаларда терең де баянды ынтымақтастығына арқау боларлық бірқатар маңызды шешімдер қабылданды.

Түркия Республикасы жоғарыда аталған халықаралық іс-шараларда әрқашан Қазақстанға белсенді түрде қолдау көрсетіп, қазақ бастамаларының жүзеге асуына барынша үлес қосып келеді.

Түркия мемлекеті Нұрсұлтан Назарбаевтың түркі елдерін біріктірудегі қажырлы еңбегін бағалап, түркі әлемінің көшбасшысы деген атаққа лайық деп таныды. Анкара қаласында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ескерткіші ашылды. Бұл – түрік халқының қазақтың бірегей тұлғасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа құрметі. Елбасымызға көрсетілген құрмет – Қазақ еліне құрмет.

Түркия мен Қазақстан - маңызды жаһандық, аймақтық мәселелер бойынша мүдделері ортақ, халықаралық ұйымдар шеңберінде ұстанымдары келісімді, екіжақты саяси-экономикалық қатынастары екпіндеп даму үстіндегі стратегиялық әріптес мемлекеттер. Қазақ пен түрік – түбі бір туысқан халық. Тәуелсіздік алған сәтімізде қазақты бауыр тұтып, Қазақ елінің дербестігін бірінші болып танып, алдымен Түркия құттықтады. Тәуелсіз Қазақ елімен іскерлік, экономикалық байланыс орнатуды да алдымен Түркия елі бастап еді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркиямен туысқандық қарым-қатынастың орныгуына дипломатиялық қатынастар орнатқан күннен бастап мүдделілік танытып келеді. Екі елдің арасындағы статус-кво Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында Стратегиялық әріптестік туралы шартпен тұжырымдалған. Екіжақты ынтымақтастықтың стратегиялық бағыты - жылу-энергетикалық сектордағы әріптестік болып табылады. Әсіресе, бұл жерде Қазақстан Каспий тасымалдау жүйесінің (ҚКТЖ) құрылуы аса маңызды жоба боп саналады. Аталмыш жоба өндірісі ұлғайып келе жатқан, бірінші кезекте Қашаған, Теңіз кен орындарының мұнайын Ка-

rası düzeydeki itibarının artması için yoğun çaba sarf etmektedir.

2010 yılında, Kazakistan Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı'na (AGİT) Dönem Başkanlığı yaptı. Kazakistan'ın AGİT Başkanlığı pek çok önemli faaliyetlerle doldu. Kanaatimce Başkanlık olarak yapılan en önemli faaliyet, 11 yıllık aradan sonra, Devlet Başkanı N. Nazarbayev'in girişimiyle Astana'da 1–2 Aralık 2010 tarihinde düzenlenen AGİT Zirvesi olmuştur. Kazakistan kurumun çalışmalarına yeni bir ivme kazandırmıştır. AGİT'in dikkatini uygarlıklar arası diyalogu geliştirmeye, Merkezi Asya'daki ekonomi ve ekoloji gibi sorunlara çekmeyi başarmıştır. Buluşma sonucunda Astana Deklarasyonu kabul edilmiştir. Deklarasyon, AGİT'in yeni bir boyutunu; Avro-Atlantik ve Avrasya toplumlarına bir bütün ve bölünmez güvenlik bakımından yaklaşma boyutunu ortaya çıkarmıştır.

Kazakistan İslam İşbirliği Teşkilatı (İİT) Dönem Başkanlığını 2011–2012 yıllarında büyük bir sorumlulukla yürütmektedir. İİT Başkanlığı sürecinde Kazakistan Doğu ile Batı'yı yakınlaştırma stratejisini devam ettirmektedir. Bunun yanı sıra, Kazakistan Başkanlık sürecinde, dünyada İslamofobinin yayılmasını engellemek, küresel ve bölgesel güvenliği pekiştirmek üzere gayret göstermektedir. Başkanlık çerçevesindeki faaliyetin önemli kısmı, nükleer silah karşıtı çalışmalar olmuştur. Bahsedilen önceliklerin tümü XXI'inci yüzyılda insani kalkınmayı doğrudan etkileyen güncel sorunlardır.

Devlet Başkanımızın, Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanlarının 2006 yılında Antalya Zirvesindeki önerisi ve Kazakistan'ın çabalarıyla, 2009 yılında Nahçıvan'da Azerbaycan, Kazakistan, Kırgızistan ve Türkiye tarihi bir belgeyi, Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi'nin (Türk Konseyi) kurulmasına ilişkin Anlaşma'yı imzalamışlardır. Konsey, tarihi ortak, kültürü aynı, Türk dili konuşan devletler arasında kültürel ilişkilerle birlikte ekonomik ilişkileri de geliştirmeyi amaçlamaktadır. Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanlarının, 2010 yılında, İstanbul'da düzenlenen 10. Zirvesinde, yeni kurumun Genel Sekreterliği kuruldu. 20–21 Ekim 2011 tarihinde Almatı'da gerçekleştirilen Türk Konseyi 1. Zirvesinde kardeş ülkelerin ekonomik, kültürel ve beşeri alanlarda derin ve aleni işbirliğine zemin hazırlayacak birçok önemli kararlar kabul edilmiştir.

Türkiye Cumhuriyeti yukarıda söz edilen uluslararası etkinliklerde daima Kazakistan'ı aktif bir biçimde desteklemekte, Kazak girişimlerinin gerçekleştirilmesine önemli katkı sağlamaktadır.

Türkiye Devleti, Türk devletlerinin birliğini sağlama yolunda sarf ettiği yoğun çalışmaları takdir ederek, Nursultan Nazarbayev'i Türk Dünyasının lideri unvanına layık bulmuştur. Ankara'da kurucu Devlet Başkanımız Nursultan Nazarbayev'in heykeli dikilmiştir. Bu heykel, Kazak halkının seçkin lideri, kurucu Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'e Türk halkının göstermiş olduğu saygının somut göstergesidir. Devlet Başkanımıza gösterilen saygı, Kazak halkına gösterilen saygı anlamına gelmektedir.

Türkiye ile Kazakistan; önemli küresel ve bölgesel sorunlarla ilgili hedefleri ortak, uluslararası kurumlar bünyesinde yaklaşımları aynı, ikili siyasi ve ekonomik ilişkileri hızla gelişmekte olan stratejik ortak devletlerdir. Kazak ile Türk aynı kökten gelen akraba halktır. Bağımsızlığımızı ilan ettiğimizde, Türkiye Kazakistan'ı kardeş edinip, Kazak ülkesinin özgürlüğünü ilk tanıyan ve öncelikle tebrik eden ülke oldu. Bağımsız Kazak yurduyla işe, ekonomik ilişki kurmaya da öncelikle Türkiye başlamış idi.

Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev, Türkiye ile kardeşlik ilişkilerinin kurulmasını diplomatik temasların başladığı ilk günden hedeflemişti. İki ülke arasındaki statü, Kazakistan Cumhurbaşkanı N. Nazarbayev'in 2009 yılındaki Türkiye resmi ziyareti esnasında imzalanan Kazakistan Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti Stratejik Ortaklık Anlaşmasıyla nihayet bulmuştur. İki taraflı işbirliğinin stratejik programı ısı-enerjisi sektöründeki ortaklık olmuştur. Bunlar arasında özellikle "Kazakistan-Hazar Ulaştırma Sistemi'nin" (KHUS) faaliyete geçirilmesi çok önemli bir projedir. Söz konusu proje, üretimi artmakta olan, öncelikle Kaşağan deniz maden yatakları petrolünün Hazar denizi üzerinden Bakü-Tiflis-Ceyhan (BTC) boru hattıyla veya diğer petrol taşıma hatlarıyla uluslararası pazara ihracını sağlamaya yöneliktir.

Türkiye Kazakistan'ın Merkezi Asya'daki liderlik rolünü kabul etmekte ve bölgedeki önemli ortağı olarak görmektedir.

спий теңізі арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) жүйесімен немесе басқа да мұнай тасымалдау арналарымен халықаралық нарыққа экспорттауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Түркия Қазақстанның Орталық Азиядағы жетекші рөлін мойындап, аймақтағы маңызды әріптесі ретінде таниды.

Екі елдің жоғарғы басшылары арасында екіжақты форматта да, көпжақты деңгейде де, атап айтқанда, БҰҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Түркі кеңесі және басқа ұйымдар шеңберінде нәтижелі саяси диалог қалыптасқан. Анкара ЕҚЫҰ-да 2010 жылға төрағалыққа Астананың кандидатурасын бірауыздан қолдады. АӨСШК-нің 2010-2012 жылдарға төрағалығын қабылдауға келісе отырып, Түркия Қазақстанның бастамасына елеулі қолдау көрсетті.

Қазақстан мен Түркия арасында сауда-экономикалық, соның ішінде ҚР экономикасының басым салаларына инвестициялар тарту бойынша да ынтымақтастық жылдан жылға нығайып келеді.

Түркияның бұрынғы президенттері Тұрғыт Өзал, Сүлейман Демирел қалыптастырған осы бір туысқандық, бауырмалдық байланыстың келісті көрінісі, Түркияның Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстанға ресми сапары кезінде жаңа қырынан көрінді.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің 2010 жылы мамыр айында өткен Қазақстанға ресми сапарының шеңберінде Астанада үлкен бизнес-форум ұйымдастырылды. 400 қазақстандық және 100 түрік кәсіпкері, екі елдің мемлекеттік органдары мен ұлттық компанияларының өкілдері қатысқан Форумның қорытындысы бойынша 330 млн. АҚШ долларынан астам соманы құрайтын 30-ға жуық келісім-шартқа қол қойылды.

Қазақстан мен Түркияның экономикалық ынтымақтастығы бүгінгі таңда энергетика, көлік, денсаулық, еңбек және әлеуметтік қорғау, мердігерлік және консалтингтік қызмет, туризм, спорт, ауыл шаруашылығы, банк ісі, сақтандыру, сауда және басқа салаларды қамтиды.

Қазақстан мен Түркия арасында әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту бойынша табысты жұмыстар атқарылуда. Түрік тарапы ҚР Қарулы күштеріне офицерлік кадрлар даярлау мен әскери қызметшілердің біліктілігін арттыруда елеулі көмек көрсетуде. Түркияның қорғаныс өндірісі саласындағы жетекші компаниялары Қазақстанның қорғаныс өндірісі кешенін дамытуға атсалысуда.

Рухани, мәдени әріптестік те айрықша қарқынмен дами түсуде. Түркияның ұлттық көшбасшысы Ататүріктің келбетті ескерткіші Астанада бой көтерді. Бұл – қазақтың түрік ұлттық көшбасшысына көрсеткен құрметі.

Екі елдің арасында мәдени-гуманитарлық салада ынтымақтастық жоғары екпінмен дамуда. Екі тараптың шығармашылық топтармен алмасуы, ұйымдастырған мәдени шараларына өзара қатысулары қалыпты жағдайға айналған.

Білім және ғылым саласындағы өзара ықпалдасудың табысты үлгісі болып табылатын Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Алматыдағы С.Демирел атындағы университет, Жамбылдағы есептік-несиелік экономикалық колледж, 28 қазақ-түрік лицейі, «Достық» білім беру орталығы, Қазақстанда тұрып жатқан түрік азаматтарының балалары оқитын «Шахлан» бастауыш мектебін атап өтуге болады. Сонымен қатар, Ыстамбұлда 2003 жылы мамырда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Түркияға ресми сапары кезінде ашылған Абай атындағы мектеп табысты қызмет көрсетуде.

Бүгінге дейін Түркия жоғары оқу орындарын 3230 Қазақстан азаматы аяқтап, 700-ден астам қазақстандық жастар жоғары білімдерін жалғастыруда.

Қарап отырсақ, екі ел арасындағы байланыстарымыз мемлекеттік органдардың қарым-қатынастарымен ғана шектелмейді, жан-жақты болып келеді. Екіжақты қатынастардың нығаюына қоғамдық ұйымдар да белсене қатысуда. Екі елдің жергілікті аймақтары арасында өзара байланыстар күшеюде. Қазақстанның 10-нан астам қаласы мен облысы Түркия қалаларымен бауырластық байланыстар орнатқан. Елдеріміздің бірнеше қалалары арасында тікелей әуе қатынасы орнатылған.

Тарихи тұрғыдан қарағанда қас қағым сәтте - жиырма жылда атқарылған істер аз емес, дегенмен алда бауырлас халықтарымыздың бауырмалдығын бекіте түсетін одан да көп шаруалар бар. Қазақстан Республикасының Анкарадағы Елшілігі қолға алып, оқырманға ұсынған осы кітап қазақ-түрік достығы мен ынтымақтастығының шыңына жетуге септігін тигізетініне сенімдімін.

İki ülkenin üst düzey yöneticileri arasında hem ikili formatta hem de çok taraflı düzeyde, belirtmek gerekirse; BMT, İİT, AGİT, AİGK/CICA, Ekonomik İşbirliği Teşkilatı, Türk Konseyi ve diğer kurumlar çerçevesinde siyasi diyalog kurumsallaşmıştır. Ankara Astana'nın AGİT 2010 Dönem Başkanlığı adaylığını desteklemiştir. Türkiye, AİGK/CICA'nın 2010–2012 Dönem Başkanlığını devralırken, Kazakistan'ın girişimini yoğun bir biçimde desteklediğini de göstermiştir.

Özellikle Kazakistan Cumhuriyeti ekonomisinin öncelikli alanlarına yatırım çekme hususunda Kazakistan ve Türkiye arasındaki ticari ve ekonomik işbirliği alanları gün geçtikçe gelişmektedir.

Türkiye'nin eski Cumhurbaşkanları Turgut Özal ile Süleyman Demirel'in kurumsallaştırdıkları bu akrabalık, kardeşlik ilişkilerinin yeni görünüşü, Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan'a yaptığı resmi ziyaret esnasında yeni yönüyle göründü.

Türkiye Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Mayıs 2010 tarihinde Kazakistan'a yaptığı resmi ziyaret çerçevesinde, Astana'da kapsamlı bir İş Forumu organize edilmiştir. 400 Kazak ve 100 Türk işadamı yanı sıra, iki ülke resmi kurumları ile ulusal şirket temsilcilerinin katıldıkları Forum sonucunda 330 milyon ABD dolarından fazla tutarda yaklaşık 30 tane sözleşme imzalanmıştır.

Kazakistan ve Türkiye'nin ekonomik işbirliği günümüzde, enerji, ulaşım, sağlık, çalışma ve sosyal güvenlik, müteahhitlik ve danışmanlık hizmeti, turizm, spor, tarım, bankacılık, sigortalama, ticaret ve diğer alanları kapsamaktadır.

Kazakistan ve Türkiye arasında askeri ilişki ve savunma teknolojileri alanında işbirliğini geliştirme konusunda verimli çalışmalar yürütülmektedir. Türk tarafı KC Silahlı Kuvvetlerine subay kadrosu yetiştirme ve askeri personelin bilgi seviyesini arttırmada büyük yardım sağlamaktadır. Türkiye'nin savunma sanayi alanındaki önde gelen şirketleri Kazakistan'ın savunma sanayi tesisini geliştirmek için çalışmaktadır.

Manevi, kültürel ortaklığımız da olağanüstü hızla ilerleme kaydetmektedir. Türkiye'nin milli lideri Atatürk'ün görkemli Anıtı Astana'da boy göstermiştir. Bu Kazakların Türk halkının milli liderine olan saygısının göstergesidir.

İki ülke arasında kültürel-beşeri alanda işbirliği yüksek bir hızla gelişmektedir. İki tarafın sanatçı grupları arasında gerçekleştirilen değişim, organize edilen kültürel etkinliklere düzenli katılmaları kurumsallaşmıştır.

İlim ve eğitim alanlarındaki karşılıklı yakınlaşmanın başarılı örnekleri olarak Türkistan'daki Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'ni, Almatı'daki Süleyman Demirel Üniversitesi'ni, Jambıl şehrindeki Ekonomi Koleji'ni, 28 Kazak-Türk Lisesi'ni, "Dostluk" Eğitim Merkezi'ni, Kazakistan'da yaşayan Türk vatandaşlarının çocuklarının eğitim aldıkları "Şahlan" İlkokulunu eklemek mümkündür. Bunun yanı sıra, Mayıs 2003 tarihinde İstanbul'da Kazakistan Devlet Başkanı N. Nazarbayev'in Türkiye resmi ziyareti sırasında açılan Abay İlköğretim Okulu da faaliyetlerini başarıyla devam ettirmektedir.

Günümüze kadar 3230 Kazakistanlı öğrenci Türk üniversitelerinde öğrenimlerini tamamlamış olup, 700'den fazla Kazakistanlı genç ise halen öğrenim görmektedir.

Bakılırsa, iki ülke arasındaki ilişkilerimiz resmi makamlar arasındaki temaslarla sınırlı kalmayıp, çok yönlü bir biçimde ilerlemektedir. İkili ilişkilerin gelişmesine sivil toplum kuruluşları da etkin katılmaktadır. İki ülkenin yerel yönetimleri arasındaki ilişkiler güçlenmekte. Kazakistan'ın 10'dan fazla ili ve eyalet merkezi Türkiye şehirleri ile kardeşlik ilişkileri kurdu. Ülkelerimizin birçok şehirleri arasında doğrudan uçak seferleri başladı.

Tarih ölçüsüyle bakıldığında göz açıp kapamadan – yirmi yılda gerçekleştirilen işler az değil, yine de önümüzde kardeş halklarımızın kardeşliğini pekiştirecek daha çok iş var. Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliğinin el emeğiyle okurlara sunulan bu kitabın Kazak-Türk dostluğu ile işbirliğinin gerçeklerine ulaşmaya katkı sağlayacağına inanıyorum.



Ахмет Давутоғлу
Түркия Республикасының
Сыртқы істер министрі

ҚАЗАҚСТАН – ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНІҢ ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗЫ

Бауырлас Қазақстанның тәуелсіздігін ең алғашқы болып таныған Түркия – тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойында Қазақстан халқының қуанышы мен мақтанышын бөлісуде.

Тарихи мұрасы, түрлі мәдениеттерді біріктірген қоғамдық құрылымы, адами әлеуеті, табиғи ресурстары, сергек ойлаушылығы және көрегенді саясаты, сөз жоқ, Қазақстанды Еуразия кеңістігінде, сондай-ақ халықаралық қауымдастықта беделді әрі жұлдызы жарқыраған мемлекетке айналдырды.

Қазақстанның бұл табыстары Түркия үшін тосын емес. Себебі Түркия тәуелсіздікке ие болған Қазақстанмен ұдайы ықпалдастық пен ынтымақтастықты дамытты, осы тығыз әрі мазмұнды қарым-қатынастарымыз бүгінгі таңда бізді Стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерді.

Түркия ортақ мәдениет пен кеңістікті бөлісетін бауырлас Қазақстанмен ынтымақтастығына әрқашан үлкен маңыз беруде. Елдеріміз Еуразияның Шығысы мен Батысын бір-бірімен байланыстырған, біреуі Каспий теңізінің солтүстігінен, екіншісі оңтүстігінен өтетін екі маңызды жол торабында орналасқан.

Ортақ құндылықтарымыз бен осы ерекше географиялық орналасуымыз біздерге ең алдымен саяси, экономикалық және мәдени саламен бірге барлық салалардағы ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтеді, сонымен бірге жауапкершілік те жүктейді. Түркия да, Қазақстан да жауапкершіліктен қашпай, халықаралық, сондай-ақ аймақтық ұйымдар шеңберінде осы бағытта көптеген бастамаларға ұйытқы болды.

Қазақстанның Еуразия кеңістігінде маңызды бір ойыншы болуы ынтымақтастық перспективаларымыздың кеңеюіне жол ашты.

Қазақстанның, әсіресе соңғы кезеңде қол жеткізген экономикалық дамуы қызығушылық тудырады. Түркия да Қазақстанның экономикалық жағынан көтерілуіне қолынан келгенше қолдау көрсетуде. Түрік фирмаларының Қазақстанға инвестициясы 2 миллиард АҚШ долларын құрап, екіжақты тауар айналымы 3 миллиард АҚШ долларынан асты. Түрік мердігерлік фирмаларының Қазақстанда өткен 20 жылда жүзеге асырған жобаларының жалпы сомасы 14 миллиард АҚШ долларына жуықтайды.

Еуразия аймағында барлық салада бұдан да біртұтас болуға қажеттілік бар. Бауырлас елдердің ықпалдастық пен бірлікте болуы және осы арқылы бетпе-бет келген проблемаларды шешуі бізді әрқашан қуантады.

Түркітілдес мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастық пен ықпалдастықты күшейтуге Қазақстан үлкен үлес қосуда. 2009 жылы қабылданған Нахчыван келісімімен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің 2011 жылғы 20-21 қазанда Алматыда ұйымдастырылған бірінші саммиті көпжақты ынтымақтастықтың маңызды бір межесі болып табылады.

Осы орайда бауырлас елдердің барлық саладағы құндылықтарының жинақталып әлемдік деңгейде пайдалануға ұсынылуы тұрғысында Қазақстанда қызмет ететін Түркі академиясының маңызы зор болмақ.

Бай тарих пен мәдени мұраны бөлісетін Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығымен шын көңіліммен құттықтаймын, бауырластық негіздегі қарым-қатынасымыздың одан әрі тереңдеуі үшін ізгі ниетімді білдіремін.

Ahmet Davutoğlu
Türkiye Cumhuriyeti
Dışişleri Bakanı



KAZAKİSTAN, AVRASYA COĞRAFYASINDA BİR YILDIZ ÜLKEDİR

Kardeş Kazakistan'ın bağımsızlığını tanıyan ilk ülke olan Türkiye, bağımsızlığının 20'nci yıldönümünde Kazakistan'ın haklı sevincini ve gururunu paylaşmaktadır.

Tarihi birikimi, farklı kültürleri birleştiren toplumsal yapısı, insan potansiyeli, doğal kaynakları, sağduyulu ve ileri görüşlü yönetimi, Kazakistan'ı Avrasya coğrafyasında ve uluslararası toplumda saygınlığı ve önemi yadsınamaz bir yıldız ülke haline getirmiştir.

Kazakistan'ın bu başarıları Türkiye'den bakıldığında şaşırtıcı değildir. Türkiye bağımsızlığını kazanmasından bu yana Kazakistan'la sürekli gelişen bir dayanışma ve işbirliği içinde olmuş, yoğun ve kapsamlı ilişkilerimiz bizi bugün Stratejik Ortaklık seviyesine taşımıştır.

Türkiye, ortak kültürü ve coğrafyayı paylaştığı kardeş Kazakistan ile işbirliğine her zaman büyük önem vermiştir. Ülkelerimiz Avrasya'nın Doğusunu ve Batısını birbirine bağlayan, biri Hazar Denizi'nin Kuzeyinden, diğeri Güneyinden geçen iki önemli iletişim hattı üzerinde yer almaktadır.

Ortak değerlerimiz ve bu istisnai coğrafi konumlarımız bizlere başta siyasi, ekonomik ve kültürel olmak üzere her alanda geniş işbirliği imkânları sunarken, aynı zamanda sorumluluklar da yüklemektedir. Gerek Türkiye, gerek Kazakistan sorumluluk almaktan hiçbir zaman kaçınmamış ve bölgelerindeki uluslararası ve bölgesel kuruluşlar içinde bu yönde çeşitli girişimlere öncülük etmişlerdir.

Kazakistan'ın Avrasya coğrafyasında önemli bir oyuncu haline gelmesi, işbirliği perspektifimizi daha da geniş alanlara yaymıştır.

Kazakistan'ın bilhassa son dönemde kaydettiği ekonomik gelişme dikkat çekicidir. Türkiye'de Kazakistan'ın ekonomik kalkınmasına elinden gelen desteği vermektedir. Türk firmalarının Kazakistan'daki yatırımları 2 milyar Dolar seviyesine ulaşmış, ikili ticaret hacmimiz 3 milyar Doları aşmıştır. Türk müteahhitlik firmalarınca Kazakistan'da geride kalan 20 yılda üstlenilen projelerin toplam değeri 14 milyar Dolar civarındadır.

Avrasya bölgesinde her alanda daha fazla bütünleşmeye ihtiyacımız bulunmaktadır. Kardeş ülkelerin dayanışma ve birlik içinde olmaları ve bu sayede karşı karşıya kaldıkları sorunların üstesinden gelmeleri bizi daima memnun etmiştir.

Türk Cumhuriyetleri arasındaki işbirliği ve dayanışmanın güçlendirilmesine Kazakistan büyük katkılar sunmaktadır. 2009 yılında akdedilen Nahçıvan Anlaşması ile kurulan Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi'nin 20–21 Ekim 2011 tarihlerinde Almatı'da düzenlenen ilk Zirve Toplantısı, çok taraflı işbirliğimiz bakımından önemli bir dönüm noktasını teşkil etmektedir. Bu kapsamda, Kazakistan'da faaliyet gösterecek Türk Akademisi, kardeş ülkelerin her alandaki birikimlerinin kayıt altına alınarak, dünyanın istifadesine sunulması bakımından önem taşımaktadır.

Zengin bir tarihi ve kültürel mirası paylaştığımız Kazakistan'ın bağımsızlığının 20'nci yıldönümünü en halisane duygularımla tebrik ediyor, kardeşlik temelindeki ilişkilerimizin daha da derinleştirilmesine yönelik en içten temennilerimi sunuyorum.



Жансейт Түймебаев
Қазақстан Республикасының
Түркия Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі

ТҮБІ БІР ТҮРКИЯ: ТОҒЫСҚАН 20 ЖЫЛ

2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығын үлкен мерекемен атап өтсек, биыл Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәтте әлемде бірінші еліміздің егемендігін таныған және алғашқылардың бірі болып Алматыда елшілігін ашқан Түркиямен дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдық мерейтойы аталып өтілуде.

Сонау 1992 жылғы 2 наурыздан бастау алған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде екі бауырлас ел арасындағы достық пен бірлікке негізделген байланыстарға айналып, тұрақтылық сипатындағы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Сондықтан осы 20 жылдық мерзім ішінде Қазақстанның еңсесін көтеріп, егемен ел болып қалыптасуына тамыры тереңде жатқан туысқан түрік бауырларымыздың қолдауы мен тілеулестігінің ықпал еткені даусыз.

Негізінде, Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары деңгейдегі байланыстар Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған бұрын басталған болатын. Сол кездегі Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстанға тұңғыш сапары 1991 жылғы 14-15 наурызда ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасы арасында ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Содан соң Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың шақыруымен 1991 жылғы 25-29 қыркүйекте Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға сапары ұйымдастырылды. Бұл өз кезегінде түркітілдес мемлекеттер тарихында президент деңгейіндегі Түркияға алғашқы рет жасалған ресми сапар болды.

Ал, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға ресми сапары 1992 жылдың қазан айында ұйымдастырылып, оның барысында Қазақстан Елшілігінің ашылу салтанаты өтті. Өз кезегінде Түркия Президенті Тұрғыт Өзал тәуелсіз Қазақстанға 1993 жылдың сәуір айында ресми сапармен келіп, Жоғарғы кеңесте сөз сөйлеген болатын.

Сол кезден бері жоғары деңгейдегі өзара ресми сапарлар бауырлас екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың ұдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізуде. Тарихи тұрғыдан алғанда аз ғана уақыт ішінде елдеріміз арасындағы қатынастар өзара сенімнің биік дәрежесіне көтерілді. Жемісті ынтымақтастықтың айқын нәтижесі ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және сындарлы диалог бағытында дамуда. Мұның жарқын дәлелі ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы қазандағы ресми сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы шартты айта аламыз.

Қазақстанмен тарихи байланысы тереңде жатқан

Canseyit Tüymebayev
Kazakistan Cumhuriyeti'nin
Türkiye Cumhuriyeti
Nezdindeki Büyükelçisi



KÖKÜ AYNI TÜRKİYE: KAVUŞULAN 20 YIL

2011 yılındaki Kazakistan'ın bağımsızlığının 20'nci yıl dönümü vesilesiyle büyük kutlamalarla geçirdiysek, bu yıl da, Kazakistan bağımsızlığını ilan ettiği anda ülkemizin egemenliğini dünyada ilk olarak tanıyan ve ilklerden biri olarak Almatı'da Büyükelçiliğini açan Türkiye ile diplomatik ilişkilerin başlatılmasının 20'nci yılı vesilesiyle kutlamalarla geçirmekteyiz.

2 Mart 1992'de başlayan Kazakistan ile Türkiye arasındaki diplomatik ilişkiler, bu yıllar içinde, iki kardeş ülke arasındaki dostluk ile birliğe temel olan ilişkilere dönüşüp, istikrarlı bir şekilde stratejik ortaklık seviyesine yükseldi. Dolayısıyla, bu 20 yıllık dönem içinde, Kazakistan'ın; durumunu düzelterek, egemen ülke olarak kurumsallaşmasını sağlamasına, kökü ezele uzanan akraba Türk kardeşlerimizin desteği ile dualarının sağladığı katkı tartışılmaz.

Esasında, Kazakistan ile Türkiye arasındaki yüksek seviyeli ilişkiler Kazakistan bağımsızlığını ilan etmeden önce başlamıştı. O dönemdeki Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın Kazakistan'a ilk ziyareti 14–15 Mart 1991'de düzenlenmişti. Ziyaret sürecinde, Kazak Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti arasında işbirliği anlaşmasına imza atıldı. Sonraki zamanlarda, Türkiye Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın davetiyle, 25–29 Eylül 1991'de, Kazak Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye ziyareti düzenlendi. O dönemde, devlet başkanı düzeyinde Türkiye'ye düzenlenen bu ziyaret, Türk dili konuşan ülkeler tarihindeki ilk resmi ziyaret oldu.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye resmi ziyareti, bağımsızlığa kavuşulduktan sonra, 1992 yılının Ekim ayında düzenlendi. Bu ziyaret sürecinde, Kazakistan Büyükelçiliğinin açılış töreni yapıldı. Türkiye Cumhurbaşkanı Turgut Özal, o dönemde, 1993 yılının Nisan ayında, bağımsız Kazakistan'a resmi ziyaretle, Yüksek Meclis'te konuşma yapmıştı.

O dönemden beri yüksek seviyedeki karşılıklı resmi ziyaretler kardeş iki ülke arasındaki dostluk ve işbirliğinin sürekli ilerleyip, gelişmesine büyük katkı sağlamakta. Tarihi bakımdan değerlendirildiğinde az bir zaman içinde ülkelerimiz arasındaki ilişkiler karşılıklı güvenin yüksek derecesine yükseldi. Verimli işbirliğinin açık sonucu olarak, Kazakistan ile Türkiye arasındaki stratejik ortaklık ilişkileri dostluk, kardeşlik ve kritik diyalog yolunda gelişmekte. Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in, 2009 yılı Ekim ayında, Türkiye'ye yaptığı resmi ziyaret sürecinde imzalanan Kazakistan Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti Arasında Stratejik Ortaklık Anlaşması'nı bunun parlak delili olarak söyleyebiliriz.

Kazakistan ile tarihi ilişkileri çok eskilere dayanan Türkiye, bugün de, ülkemizin Avrasya kıtasındaki önemli ve güvenilir ortağıdır. İki ülke arasındaki iki taraflı ilişkilerin hızlı gelişimi ve Kazakistan ile Türkiye yaklaşımlarının benzerliği çok taraflı işbirliği konularının geniş kapsamına uygun olarak karşılıklı anlayış sağlamaya temel olmaktadır. Bu işbirliği Birleşmiş

Түркия бүгінде еліміздің Еуразия құрлығындағы маңызды әрі сенімді әріптесі. Екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамуы, Қазақстан мен Түркия ұстанымдарының ұқсастығы көпжақты ынтымақтастық мәселелерінің кең ауқымы бойынша өзара түсіністікті қамтамасыз етуге негіз болуда. Бұл ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ және басқа бірлестіктер шеңберінде ойдағыдай дамып келеді. Атап айтқанда, 1992 жылы Қазақстан Президенті АӨСШК-ні құру жөнінде бастама жасаған сәттен бері Түркия осы үдерістің белсенді стратегиялық қатысушысы болып отыр. Оның АӨСШК-ге төрағалығы – екі бауырлас мемлекеттің ынтымағы мен жарастығының жарқын көрінісі.

Түркия басшылығы Қазақстанның Түркі кеңесін құру идеясын іске асырудағы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік ассамблея, Ақсақалдар алқасы, Астанада Түркі академиясы құрылғанын жоғары бағалайды. Бұл ретте Анкара түркітілдес мемлекеттермен ортақ тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарды одан әрі тереңдетуді және жалпытүркілік интеграция үдерісін нығайтуды құптайды.

Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығының жылдан жылға артуының көрсеткіштері ретінде Түркияның 2010 жылы ЕҚЫҰ шеңберінде және 2011 жылы Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығына пәрменді қолдау көрсетуін атап өту қажет. Бұл да түбі бір түрік ағайындарымыздың ізгі ықыласының айқын көрсеткіші. БҰҰ шеңберінде де сындарлы ынтымақтастық өз жалғасын табуда.

Екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға парламентаралық ынтымақтастық та өзінің лайықты үлесін қосуда. Парламенттердің депутаттық достық топтары арасындағы байланыстарды одан әрі жандандыруға көңіл бөлінуде. 2011 жылғы қарашада ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қайрат Мәмидің Түркияға ресми сапары ұйымдастырылып, еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Невшехир қаласында Қазақстан даңғылы ашылды. 2012 жылғы қыркүйек-қазан айларында Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға сапары жоспарлануда.

Сонымен қатар, сан-салалы сауда-экономикалық байланыстар екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады.

Халықаралық сараптау-талдау қоғамдастығы бүгінгі Түркия мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жандандырған қозғаушы күш ретінде сипаттайды.

Соңғы жылдары табысты жүргізген экономикалық саясатының нәтижесінде түрік экономикасы әлемде 16-шы орынға және Еуропада 6-шы орынға ие. Қазіргі таңдағы Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты – әлемдегі мейлінше бәсекеге қабілетті елдерінің алғашқы 10-тың қатарына ену болып табылады.

Түркия Қазақстанның аймақтағы сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 миллиард АҚШ долларын құраған. 2011 жылдың қорытындылары бойынша бұл цифр 3,9 миллиард АҚШ долларына жетті.

Бұл тұрғыдан қарағанда 2012 жылғы мамырда өткелі отырған Түркия Премьер-министрі Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға ресми сапарының маңызы зор. Р.Т.Ердоған V Астана экономикалық форумына, сондай-ақ қазақ-түрік іскерлер форумына қатысады. Екі ел арасындағы 20 жылдық мерейтой шеңберінде ұйымдастырылатын Түркия премьер-министрінің ресми сапары қазақ-түрік әріптестігінің тереңдеуіне, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асыруға жаңа серпін беретініне сенемін. Сапар барысында Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құру және «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қою көзделуде. Олар таяудағы келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға және

Milletler Teşkilatı, Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı, Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı, İslam İşbirliği Teşkilatı, Türk Konseyi, TÜRKSOY ve diğer kuruluşlar dairesinde arzu edildiği gibi gelişmektedir. Belirtmek gerekirse, 1992 yılında Kazakistan Devlet Başkanı AİGK'nin kurulması konusunda girişimde bulunduğu andan beri Türkiye bu sistemin etkin stratejik katılımcısı olmuştur. Onun AİGK'ye başkanlığı, iki kardeş devletin işbirliği ile yakınlığının parlak görünüşüdür.

Türkiye devlet yöneticileri, Türk Konseyi'nin kurulması düşüncesinin hayata geçirilmesi konusunda Kazakistan'ın üstlendiği önemli role, aynı şekilde, Nursultan Abişulı Nazarbayev'in girişimiyle kurulan Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi, Parlamenter Asamblesi, Aksakallar Konseyi ve Astana'daki Türk Akademisi'ne yüksek değer vermektedir. Bu defa Ankara, Türk dili konuşan ülkelerle ortak dil, din, tarih ve kültür zenginliklerine dayalı ilişkilerin daha da derinleştirilmesini ve genel anlamda Türklüğün bütünleşme sürecinin geliştirilmesini takdir etmektedir.

Kazakistan ile Türkiye'nin bölgedeki ve uluslar arası düzeydeki işbirliğinin yıllar itibariyle artışının göstergesi olarak, Türkiye'nin, Kazakistan'ın 2010 yılında AGİT'e ve 2011 yılında İİT'na başkanlığını kuvvetle destekleyişine değinmek gerekirse, kökü aynı Türk dostlarımızın içten yakınlığının açık göstergesidir. BMT çerçevesinde de kritik işbirliği kendi devamını bulmakta.

Parlamentolar arası işbirliği de, iki ülke arasındaki ilişkileri geliştirme konusuna kendi liyakatli payını katmakta. Parlamentoların milletvekili dostluk grupları arasındaki ilişkilerin daha da geliştirilmesine önem verilmektedir. 2011 yılının Kasım ayında, K.C. Parlamentosu Senato Başkanı Kayrat Mami'nin Türkiye'ye resmi ziyareti düzenlendi. Ülkemiz bağımsızlığının 20'nci yılı vesilesiyle Nevşehir'de Kazakistan Caddesi açıldı. 2012 yılının Eylül-Ekim aylarında, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Cemil Çiçek'in Kazakistan'a ziyareti planlanmakta.

Bununla birlikte, çok alanlı ticari ekonomik ilişkiler iki taraflı işbirliğinin önemli unsuru olarak bulunmaktadır.

Uluslar arası derecelendirme kuruluşları günümüzde Türkiye devletini; olabildiğince hızlı kalkınma yolunda olan, küresel krizi başarıyla atlatmakla kalmayıp, ekonomide belirli başarılara ulaşan ve Avrupa'daki ekonomik durumu canlandıran hareket gücü olarak tanımlamaktadır.

Son yıllarda başarıyla yürütülen ekonomi siyasetinin sonucu olarak, Türk ekonomisi dünyada 16'ncı sıraya, Avrupa'da 6'ncı sıraya yükselmiştir. Günümüzde Türkiye Hükümetinin stratejik amacı, olabildiğince, dünyada rekabet yeteneğine sahip ülkeler sıralamasının ilk 10'u arasına girmektir.

Türkiye Kazakistan'ın bölgedeki güvenilir ticari-ekonomik ortağıdır. 2010 yılı sonuçlarına göre, iki ülke arasındaki ticaret hacmi 2,9 milyar ABD doları olmuştur. 2011 yılı sonuçlarına göre bu rakam 3,9 milyar ABD dolarına ulaşmıştır.

Bu açıdan bakıldığında, Türkiye Başbakanı Recep Tayyip Erdoğan'ın 2012 yılı Mayıs'ında yapılacak olan Kazakistan resmi ziyaretinin önemi büyüktür. R. T. Erdoğan V. Astana Ekonomi Forumu'na, aynı şekilde Kazakistan-Türkiye İş Forumu'na katılacak. İki ülke arasındaki ilişkilerin 20 yıllık kutlamaları çerçevesinde düzenlenecek olan Türkiye Başbakanının resmi ziyaretinin; Kazak-Türk ortaklığının derinleştirilmesine, iki taraflı işbirliğinin daha da geliştirilmesine ve imzalanan sözleşmelerin etkin olarak hayata geçirilmesine yeni ivme vereceğine inanıyorum. Ziyaret sürecinde Yüksek Düzeyli Stratejik Ortaklık Konseyi kurulması ve "Yeni Sinerji" Ortak Ekonomik Programı'nın imzalanması beklenmektedir. Bunlar yakın gelecekte Kazakistan ile Türkiye arasındaki dış ticaret hacmini 10 milyar ABD dolarına çıkarmak ve karşılıklı faaliyetin ekonomik boyutunu daha da genişletmek için güç takviyesine yöneliktir.

Ulaştırma sektörü, ülkelerimiz arasındaki karşılıklı ticaret hacmini yükseltmeye ve ticari-ekonomik ilişkileri geliştirmeye doğrudan katkı sağlayacak önemli programlardan biridir. Ticari-ekonomik işbirliğinin geliştirilmesini frenleyen ağırlıklı bir unsurun, yüklerin taşıt araçlarıyla ulaştırılması olduğu bilinmektedir.

Bu bağlamda, Kazakistan ile Türkiye arasındaki demiryolu hatlarının tamamlanarak işe başlaması gerektiğini düşünüyoruz. "Türkiye-İran" ve "İran-Türkmenistan-Kazakistan" ile "Kars-Ahılkelek-Tiflis-Bakü" demir yolları hatlarının tamamlanması; Kazakistan ile Türkiye arasındaki ticaret hacminin ve

өзара іс-қимылдың экономикалық құраушысын одан әрі кеңейтуге қозғау салуға тартылған.

Біздің елдеріміз арасындағы өзара сауданың көлемін ұлғайтуға және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға тікелей ықпалын тигізетін мейлінше маңызды бағыттардың бірі - көлік саласы. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды тежеуші салмақты бір фактор – жүктердің автомобильдік тасымалдау арқылы жеткізілуі болып табылады.

Бұл орайда Қазақстан мен Түркия арасындағы темір жол магистралін жолға қою керек деп ойлаймыз. «Түркия-Иран» және «Иран-Түрікменстан-Қазақстан» және «Карс-Ахалкалаки-Тбилиси-Баку» темір жолдары магистральдерін салып бітіру Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау көлемін көбейтуге және тарифтерді азайтуға, Каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

Жаңа авиарейстердің ашылуы да бауырлас елдердің арасын жақындата түсетін туыстық пен достық көпірлері іспеттес ынтымақтастықты нығайтуға, экономикалық ықпалдастықты күшейтуге қызмет етері анық. Қазіргі таңда Қазақстан тарапы Қазақстан мен Түркия арасында 14 рейсті, ал түрік тарапы 12 рейсті орындайды. 2011 жылғы қыркүйектен бастап, «СКАТ» авиакомпаниясы Шымкент – Ыстамбұл – Шымкент бағыты бойынша, сондай-ақ Қазақстан тарапы түркиялық «Pegasus Airlines» авиакомпаниясына Ыстамбұлдың Сабиха Гөкчен әуежайынан Алматы бағыты бойынша рейстерді орындауда.

Экономикалық саладағы әлеуетімізді кеңінен қолдану және тереңдету керек деген пікірдемін. Түрік өнеркәсібінің және тұтасымен алғанда экономикасын дамыту локомотиві болып қызмет ететін Ұйымдастырылған өнеркәсіптік аймақтарды құруда Түркия орасан зор оң тәжірибе жинақтаған. Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен алғашқы бірлескен индустриалдық аймақты ашу жөніндегі тараптардың өзара мүдделілігі ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуде. Бұл аймақ түрік бизнесінің қазақстандық рынокқа жүйелі түрде кіруіне мүмкіндік береді және біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалын жақсартуға қызмет ететін болады.

Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық қазіргі кезде Қазақстан мен Түркияның екіжақты қатынастарында барынша белсенді дамып келе жатқан бағыт болып саналады. Бірлескен кәсіпорын ашу туралы келісімге сәйкес Алматыда оптикалық аспаптар жасау зауытының құрылысы басталды, оның 2012 жылдың соңында аяқталуы жоспарлануда.

Екі бауырлас елдің рухани әрі достық қазығына айналған мәдени-гуманитарлық саладағы қазақстан-түрік ынтымақтастығы жоғары қарқындылығымен сипатталады. Тіліміздің, дініміздің, тарихымыздың және мәдениетіміздің ортақтығынан қуат алатын бұл бағыттағы қатынастар тараптар өкілдерінің мәдени іс-шараларға қатысуларына, шығармашылық делегациялармен алмасу практикасына, екі ел қалалары мен аймақтарының арасындағы бауырластық байланыстарды дамытуға бет алған.

Бұл бағытта түркі әлемінің өткенін, бүгінін және болашағын зерттейтін халықаралық ғылыми орталық - Астанадағы Түркі академиясының институционалдық және интеллектуалдық негізін жетілдіру, екі елдің мызғымас достығының кепіліне айналған Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақстан-түрік университеті қызметінің тиімділігін арттыру, қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Анкарада Астананың мәдениет күндері, Қазақ киносының апталығы сияқты іс-шаралар ұйымдастыру да көзделуде.

Сонымен қатар, Түркиядағы қазақ диаспорасы екі ел арасындағы байланыстардың одан әрі нығаюына өзіндік үлес қосып отыр. Кезінде осында қоныс аударған қазақтарға түрік үкіметінің қомақты көмек көрсетіп, бауырларына басқанын да ұмытпаймыз. Түріктердің көпшілігі қазақ жерін атажұрт, ал Түркияны анажұрт деп есептейді.

Жалпы айтқанда, тәуелсіз тарихымыздың парағына алтын әріптермен жазылатын уақыт ішінде қазақ-түрік қатынастары маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан мен Түркия халықтары өздерінің

Kazakistan'ın enerji kaynaklarının dünya piyasalarına taşınmasının bir hayli yükseltilmesine, aynı şekilde, taşıma miktarının arttırılmasına ve tariflerin azaltılmasına, Hazar havzası ile Avrupa arasında doğrudan taşıma ilişkilerinin sağlanmasına imkân verir.

Yeni hava ulaşımı yolları açılmasının da, kardeş ülkelerin arasını yakınlaştıracak akrabalık ve dostluk köprüleri gibi ilişkilerin geliştirilmesine, ekonomik yakınlaşmanın güçlendirilmesine hizmet edeceği açık. Günümüzde Kazakistan ile Türkiye arasındaki 14 uçuşu Kazakistan tarafı, 12 uçuşu Türk tarafı gerçekleştirmektedir. 2011 yılı Eylül'den başlayarak, Şımkent-İstanbul-Şımkent güzergâhında Kazakistan "SKAT" havayolu şirketinin, aynı şekilde İstanbul Sabiha Gökçen havaalanından Almatı güzergâhında Türkiye "Pegasus Airlines" havayolu şirketinin uçuşları sağlanmaktadır.

Ekonomi alanındaki potansiyelimizin geniş olarak kullanılması ve derinleştirilmesi gerektiği düşüncesindeyim. Türkiye Türk sanayisini, topluca değerlendirildiğinde ekonomisini geliştiren lokomotif olarak görev yapan organize sanayi bölgeleri kurulması konusunda tarifi imkânsız iyi tecrübeler kazanmıştır. Tarafların Kazakistan'da Türk sermayesinin katılımıyla ilk ortak sanayi bölgesinin açılması yönündeki karşılıklı hedefleri işbirliği ufkunu genişletmektedir. Bu bölge Türk özel sektörünün Kazakistan piyasasına sistemli olarak girişine imkân verecek ve bizim ülkemizin elverişli yatırım ortamının iyileştirilmesine hizmet edecektir.

Günümüzde askeri ve askeri-teknik işbirliği, Kazakistan ile Türkiye'nin iki taraflı işbirliğinde, olabildiğince etkin gelişmekte olan programlardan biri sayılmaktadır. Ortak fabrika açılması konusundaki anlaşmaya uygun olarak Almatı'da optik araçlar yapan fabrika inşaatına başlandı, bunun 2012 yılı sonunda tamamlanması planlanmakta.

İki kardeş ülkenin manevi dostluk bağına dönüşen kültürel-beşeri alandaki Kazakistan-Türkiye işbirliği gösterdiği yüksek ivme ile tanımlanmaktadır. Dilimizin, dinimizin, tarihimizin ve kültürümüzün ortaklığından kuvvet alan bu alandaki ilişkiler; taraf temsilcilerinin karşılıklı kültürel faaliyetlere katılmaları, sanat topluluklarının değişimi uygulaması ve iki ülke şehirleri ile bölgeleri arasındaki kardeşlik ilişkileri ile gelişmeye yüz tutmuştur.

Bu alanda Türk dünyasının geçmişini, bugününü ve geleceğini araştıran uluslar arası bilim merkezi olan Astana'daki Türk Akademisi'nin kurumsal ve entelektüel temellerinin güçlendirilmesi, iki ülkenin sarsılmaz dostluğunun kefiline dönüşen H. A. Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nin çalışmalarındaki verimliliğin arttırılması ve geçerli olan hukuki yapı temelinde bilim ve teknik alanındaki işbirliğinin geliştirilmesi büyük önem taşımaktadır. Ankara'da Astana kültür günleri ve Kazak filmleri haftası gibi faaliyetler düzenlenmesi de beklenmektedir.

Aynı zamanda, Türkiye'deki Kazak diasporası da iki ülke arasındaki ilişkilerin artmasına değerli pay katmaktadır. Burada yerleşen Kazaklara zamanında Türk Hükümetinin kapsamlı yardım sağladığını, bağrına bastığını da unutmayacağız. Türklerin pek çoğu Kazak ülkesini ata yurt, Türkiye'yi ana yurt olarak bilmektedir.

Genelleştirecek olursak, bu dönem içinde, Kazak-Türk ilişkileri bağımsızlık tarihimizin sayfalarına altın harflerle yazılacak önemli olaylarla doludur. Kazakistan ile Türkiye halkları, kendilerinin dostluğu ile birliğini açıkça ispatlayarak, ezeli maksatlarına uygun şekilde bu yolda söz edilir başarılara ulaşıp, stratejik gelişme dönemine cesaretle adım atmıştır.

Bu bağlamda, iki kardeş ülkenin dostluğu ile işbirliğini sürekli geliştirip, stratejik ortaklık temelini atan Nursultan Nazarbayev olduğunu özellikle belirtmek lazım. K.C. Devlet Başkanı N. Nazarbayev bir konuşmasında "*Kader bizi dünyanın her köşesine dağıtmış olmakla birlikte, biz kökü aynılar olduğumuzu, bir ananın karnından ürediğimizi unutmayacağız*" demişti.

Devlet Başkanımızın Kazak-Türk işbirliği ile Türk dünyasının yakınlaştırılmasındaki fevkalade emeğini Türk yöneticileri de kabul etmektedir. Bunun açık delilleri; Kazakistan Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Devlet Nişanı ile ödüllendirilmesi, Türk başkenti Ankara'da onun anıtının dikilmesi ve Nevşehir'de devlet başkanı adın cadde ismi olarak konulmasıdır.

Bu, Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in son yirmi yıl içinde; Kazakistan'ın, Kazak-Türk ilişkilerinin ve genel olarak Türk dünyasının iyiliği için yap-

достығы мен бірлігін айқын дәлелдей отырып, ежелгі мүдделеріне сәйкес осы жолда айтулы табыстарға қол жеткізіп, стратегиялық өрлеу кезеңіне батыл қадам басты.

Осы орайда екі бауырлас елдің достығы мен ынтымақтастығының ұдайы дамып, стратегиялық әріптестігінің негізін қалаған Нұрсұлтан Назарбаев екенін ерекше атап өту қажет. ҚР Президенті Н.Назарбаев: «*Тағдыр бізді әлемнің әр түкпіріне қоныстандырғанымен, біз түбі бір туғанымызды, бір ананың бауырынан өрбігенімізді ұмытпаймыз*»- деген болатын бір сөзінде.

Елбасымыздың қазақ-түрік ынтымақтастығына және түркі әлемін біріктірудегі ерен еңбегін түрік басшылығы да мойындайды. Мұның жарқын дәлелі - Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияның мемлекеттік орденімен марапатталуы, түрік астанасы Анкарада оның ескерткіші ашылып, Невшехир қаласында Президент атындағы көшенің ашылуы.

Бұл өз кезегінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстанның, қазақ-түрік қарым-қатынастарының және жалпы түркі әлемінің игілігі үшін жасаған қызметіне берілген бағалардың жиынтығы деп санаймыз. Сондықтан болса керек, Түркия Президенті Абдулла Гүл: «*Нұрсұлтан Назарбаев түркітілдес мемлекеттердің топтасуы үшін көп іс тындырды, сондықтан да Қазақстанның ғана емес, бойында түркінің қаны бар барлық халықтардың көшбасшысы болып табылады*», - деп атап көрсетті.

Әрине осының бәрі біз үшін үлкен мақтаныш. Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін.

Жоғарыда айтып өткенімдей, екі бауырлас ел үшін биыл айтулы жыл. Осы орайда дипломатиялық қатынастарымыздың 20 жылдығы құрметіне бірқатар түрік қайраткерлері марапатқа ұсынылып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен берілген «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен наградталды. Кезінде Елбасымыз «*Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар - жүйріктің де жүйрігі бар. Қазақстан тәуелсіздігін бірінші болып таныған сәттен бастап, күні бүгінге дейін еліміздің өркендеуіне ыстық ілтипат білдірген Түркияның күллі халқын марапаттаудың артығы болмас*» - деген болатын.

Жоғары марапатқа ие болғандар қатарында Түркияның 9-шы Президенті Сүлеймен Демирел, Түркия парламентінің бұрынғы төрағасы Көксал Топтан, ТР Премьер-министрінің орынбасары Бекир Боздағ, ТР Президенті әкімшілігінің басшысы Мұстафа Исен, ТР Сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу, ТР Мәдениет және туризм министрі Ертуғрул Гүнай, ӘДП төрағасының орынбасары Хүсейн Челик пен ӘДП Бас хатшысы, қазақстан-түрік парламенттік достық тобының төрағасы Халюк Ипек бар.

Осы мерейтойлы жылы жоспарланған екіжақты жоғары деңгейлі, атап айтқанда, Елбасымыздың Түркияға, Түркия Премьер-министрі Р.Т.Ердоғанның және Түркия Парламентінің төрағасы Жемил Чичектің Қазақстанға ресми сапарлары қазақ-түрік достық дәнекерлерінің тереңдеуіне серпін беріп, екіжақты ынтымақтастықтың көкжиегін одан әрі кеңейтуге жол ашары анық.

Бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етеді деп сенемін. Тұтасымен айтқанда, өзара түсіністік пен сенім негізінде қанатын кеңге жайып келе жатқан екі ел ынтымақтастығының әлеуеті мен келешегі зор және де әріптестік пен ізгілік рухында одан әрі де халықтарымыздың игілігі үшін дами бермек.

Бауырлас Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың әрқашан жоғары деңгейде дамуына барлық мүмкіндік бар және әлеуеті зор деп санаймын.

tığı hizmetlere verilen değerlerin toplamıdır diye umut ediyoruz. Bundan dolayı olsa gerek, Türkiye Devlet Başkanı Abdullah Gül: "*Nursultan Nazarbayev Türk dili konuşan ülkelerin bir araya gelmesi için çok iş yaptı. Dolayısıyla da sadece Kazakistan'ın değil, bünyesinde Türk kanı olan bütün halkların lideridir*" diyerek belirtmiştir.

Elbette bunların hepsi bizim için büyük övünç. Kardeşlik ilişkilerinin böyle parlak örneklerinin devletlerimiz arasındaki işbirliğinin gelişmesine olumlu etki edeceğine inanıyorum.

Yukarıda belirttiğim gibi, iki kardeş ülke için bu yıl, özel bir yıl. Bu bağlamda, diplomatik ilişkilerimizin 20'nci yılı vesilesiyle ödüllendirilmesi teklif edilen bir dizi Türk görevli, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in kararı ile "Kazakistan Cumhuriyeti Bağımsızlığının 20. Yıldönümü" Devlet Madalyası ile onurlandırıldı. Vaktiyle Devlet Başkanımız "*Yüzden yürük at, binden küheylan çıkar. Hızlının da hızlısı var. Kazakistan'ın bağımsızlığını ilk olarak tanıdığı andan başlayarak, bugüne değin, ülkemizin gelişmesine sıcak ilgi gösteren Türkiye'nin bütün halkını ödüllendirsek fazla olmaz*" demişti.

Yüksek ödüle sahip olanlar arasında Türkiye'nin 9'uncu Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel, Türkiye Parlamentosunun eski Başkanı Köksal Toptan, T.C. Başbakan Yardımcısı Bekir Bozdağ, T.C. Cumhurbaşkanlığı Genel Sekreteri Mustafa İsen, T.C. Dışişleri Bakanı Ahmet Davutoğlu, T.C. Kültür ve Turizm Bakanı Ertuğrul Günay, AKP Genel Başkan Yardımcısı Hüseyin Çelik ile AKP Genel Sekreteri ve Parlamento Kazakistan-Türkiye Dostluk Grubu Başkanı Haluk İpek var.

Bu özel yılda yapılması planlanan iki taraflı ve yüksek seviyeli ziyaretlerden bahsedilirse; Devlet Başkanımızın Türkiye'ye, Türkiye Başbakanı R. T. Erdoğan ile Türkiye Parlamentosu Başkanı Cemil Çiçek'in Kazakistan'a resmi ziyaretlerinin Kazak-Türk dostluk kaynaşmasının derinleşmesine ivme vereceği, iki taraflı işbirliğinin ufuklarını daha da genişleteceği açıktır.

Kardeşlik ilişkilerindeki parlak örneklerin devletlerimiz arasındaki işbirliğinin gelişmesine olumlu etki edeceğine inanıyorum. Açıklayacak olursak; karşılıklı anlayış ile güven temelinde genişleyerek gelmekte olan iki ülke işbirliğinin potansiyeli ve geleceği büyüktür; işbirliğimiz ortaklık ve içtenlik ruhu içinde, daha da önemlisi halklarımızın iyiliği için gelişecektir.

Kardeş Kazakistan ile Türkiye arasındaki işbirliğinin daima en üst seviyede gelişmesi için gereken tüm imkânlar ve potansiyel yüksektir diye umut ediyorum.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІЛЕРІ

TÜRKİYE CUMHURİYETİ'NDE GÖREV YAPMIŞ KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ BÜYÜKELÇİLERİ



Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы
Kanat Saudabayev **(1992-1996)**



Тұрсымбаев Балташ Молдабайұлы
Baltash Tursymbayev **(1996-1998)**



Сарыбай Қайрат Шораұлы
Kairat Sarybay **(1999-2003)**



Жанқұлиев Аманжол Қазбекұлы
Amanzhol Zhankuliyev **(2003-2006)**



Исабаев Бейбіт Өксікбайұлы
Beybit İsabayev **(2006-2008)**



Әмреев Бағдад Құлтайұлы
Bagdad Amreyev **(2008-2010)**



Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы
Canseyit Tüymebayev **(2010-)**

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІЛЕРІ

KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ'NDE GÖREV YAPMIŞ TÜRKİYE CUMHURİYETİ BÜYÜKELÇİLERİ



Аргун Озпай
Argun Özpay

(1992-1994)



Мұстафа Ашула
Mustafa Aşula

(1994-1995)



Куртулуш Ташкент
Kurtuluş Taşkent

(1995-1999)



Чынар Алдемир
Çınar Aldemir

(1999-2004)



Танер Себен
Taner Seben

(2004-2008)



Атилла Гүнай
Atilla Günay

(2008-2010)



Лале Улкер
Lale Ülker

(2010-)

ЖОҒАРҒЫ ДЕҢГЕЙЛІ ЕКІЖАҚТЫ САПАРЛАР ХРОНОЛОГИЯСЫ

YÜKSEK DÜZEYLİ İKİ TARAFLI ZİYARETLER KRONOLOJİSİ

1991

Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстанға тұңғыш сапары

Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары деңгейдегі байланыстар және сапарлар Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған бұрын басталды. Сол кездегі Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстанға тұңғыш сапары 14-15 наурызда ұйымдастырылды. Ресми сапар барысында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасы арасында ынтымақтастық келісіміне қол қойылды.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республиксына алғашқы сапары

Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың шақыруымен 25-29 қыркүйекте Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға алғашқы сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі ел арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың дамуына негіз болған құжаттарға қол қойылды.

1992

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнауы

Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Хикмет Четиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында 2 наурызда Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға Алматы қаласында қол қойылды.

Түркияның Елшілігі 18 сәуірде Алматыда ашылды. Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қанат Саудабаев қызметін 20 мамырда бастады.

Түркия Республикасының Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары

29 сәуір-1 мамыр аралығында Түркия Республикасының Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерінің кең ауқымы талқыланып, экономика, инвестиция, көлік, білім және мәдениет салаларындағы келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары

28-31 қазанда өткен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына сапары Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуімен ұштастырылды.

Сапар барысында Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің ашылу рәсімі өтті. Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісімге қол қойылды.

1993

Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстан Республикасына ресми сапары

9-11 сәуірде Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында Т.Өзал Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінде және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына сапары

21-22 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың қайтыс болуына байланысты азалы рәсіміне қатысты.

1991

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın Kazakistan'a İlk Ziyareti

Kazakistan ile Türkiye arasındaki yüksek düzeyli ilişkiler ve ziyaretler Kazakistan bağımsızlığını ilan etmeden önce başladı. O dönemdeki Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın Kazakistan'a ilk ziyareti 14-15 Mart'ta düzenlendi. Resmi ziyaret sürecinde, Kazak Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti arasında işbirliği anlaşması imzalandı.

Kazak Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti'nin Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne İlk Ziyareti

Türkiye Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın davetiyle 25-29 Eylül'de, Kazak Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye'ye ilk ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki ülke arasındaki siyasi, ekonomik ve kültürel ilişkilerin geliştirilmesine temel olan belgelere imza atıldı.

1992

Kazakistan Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti Arasındaki Diplomatik İlişkinin Kurulması

Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanı Hikmet Çetin'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti esnasında, 2 Mart tarihinde, Almatı şehrinde, Kazakistan Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti Arasında Diplomatik İlişkilerin Kurulmasına Dair Protokole imza atıldı.

18 Nisan'da Türkiye Büyükelçiliği Almatı'da açıldı. Kazakistan'ın Türkiye'deki Büyükelçisi Kanat Saudabayev görevine 20 Mayıs'ta başladı.

Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

Егер біз түркі және басқа да біздің елдеріміздегі, бізбен шекаралас мемлекеттердегі халықтардың тағдырына немқұрайлы қарай алмайтын болсақ, неге бізге олардың және өзіміздің болашағымыз туралы келелі ойларымызды ортаға салмасқа? Егер мұндай мәселені қоюға әлі ерте деп ойласаңыздар онда толғағы жеткенше қозғамай қоя тұрайық. Әзірге бұл мәселені шешу өмірдің күн тәртібінде тұрған жоқ, бұдан басқа да күйіп тұрған проблемалар жеткілікті.

Дегенмен, егер шиеленіс ұшыға берсе, егер Азиядағы қақтығыстар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптай берсе ол проблемалардың біреуін де біз толық шеше алмаймыз. Кері процесті тоқтату үшін біз Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті арттыру шараларын жасау және жүзеге асыру жөнінде барлық елдердің бірлескен күш-жігерін топтастыруға тиіспіз.

Біз Ашхабад кездесуінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес өткізу идеясын қолдауға келіскен едік. Бірте-бірте оны жақтаушылар жағы көбейіп келеді. Ол тек идея күйінде қалмауы үшін, сірә, бізге осы Кеңесті шақыру жөніндегі дайындық конференциясын өткізу жұмысын бастап кету керек болар. Мұндай конференцияны 1993 жылдың бірінші жартысында Алматыда идеяны қолдаған мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері деңгейінде өткізуге болар еді.

Егер бұл конференция ойдағыдай өтсе, онда 1993 жылдың аяғы мен 1994 жылдың басында жоғары деңгейде Кеңестің алғашқы кездесуін өткізуді көздеуге болады. Ол кездесу ынтымақтастықтың азиялық құрылымын жасауға негіз қалар еді.

Құрметті мырзалар! Бүгінгі біздің кездесуіміз, сөз жоқ, көпшіліктің назарын өзіне аударады. Біздің халықтарымыздың асыл қасиеттері, мұраттары, өзық дәстүрлері әлемдік тарих пен мәдениет тәжінде талай рет інжу-маржандай жарқырады.Мүмкін, бізге бірлескен мәлімдемеден басқа өз алдына жеке құжат – біздің құрлығымызды тұрақтылық пен қауіпсіздікті арттыру жөнінде бейбіт күш-жігерді біріктіруге шақыратын Еуразия мемлекеттері мен халықтарына Үндеу қабылдау жөн болар?

Мұндай құжат біздің бейбітшілікке деген ниетімізді негіздейтін ашық манифестация болып табылар еді. Ол бүгінгі және бұдан кейінгі кездесулеріміздің құрлығымыздағы барлық елдер халықтары мен ұлыстарының өркендеуі мақсатындағы біріктіру бағытын бекіте түседі.

Көңіл қойып, тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

bizimle birlikte yaşayan halkların menfaatlerini, Asya kıtasındaki komşularımızın tümünün çıkarlarını savunmayı amaçlamaktadır. Kaderin kendisi bugünkü seçimde uyumluluk ile açıklık bildiriminin büyük imkânını vermektedir. Biz bu seçimi kabul ediyoruz ve etmeye mecburuz.

Biz huzursuz vakitte yaşıyoruz. Hayatın kendisi, bizim seçimimizde, her tarafa iteleyip, her bir adımımızı farklı yöne yürütmesi mümkün. Bugün bizim seçtiğimiz yolu sonraki nesil kabul etmeyerek, suçlaması da mümkün, tersine, bizi yok'a çıkaran işlerin izimizden gelenler için olağanüstü görünmesi de harika değil. Biz Sizlerle birlikte hangi yolu seçmesek de, onun bilinçle temellendirilmesi mecbur.

Biz bunun gibi genelleme sorunlardan civarımızı uzak tutup, her gün vuruşarak gelmekte olan, kimi zaman kıvanç duyup, kimi zaman sıkıntılandığımız kaynayan siyasi hayatın girdabına kapılabiliriz. Fakat erken mi, geç mi, bu sorunlar, bugünkü hayattan alacak gibi görünmekle birlikte, bütün varlığıyla karşımıza çıkacaktır. O şimdi dahi çeşitli stratejik uygunsuz durumlara can veriyor, uygunsuz olmasının sebebi, biz stratejiye az ilgi gösteriyoruz.

Eğer biz Türkler ve ülkelerimizdeki diğerleri, bizimle sınırdaş devletlerdeki halkların kaderlerine üstünkörü bakmayacaksak, niçin biz onların ve ülkemizin geleceği hakkında önemli düşüncelerimizi ortaya koymayalım? Eğer böyle sorunları konuşmak için hala erken diye düşünüyorsanız o zaman sırası gelinceye kadar hiç dokunmadan bekletelim. Şimdilik bu sorunun çözümü hayatın gündeminde değil, bundan başka da yanmakta olan sorunlar yeterlidir.

Ancak gerginlik alevlenirse, Asya'daki çatışmalar yağmurdan sonraki mantar gibi çoğalırsa, sözünü ettiğimiz sorunların bir tanesini bile tam anlamıyla çözemeyiz. Gerileme sürecini durdurmak için, biz Asya'daki istikrar ve güvenliği arttıracak işleri yapmak ve gerçekleştirmek yönünde bütün ülkelerin ortak irade ve gücünü bir araya getirmek zorundayız.

Biz, Aşkabat buluşmasında, Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı toplantısı düzenleme düşüncesini destekleme konusunda, mutabakata varmıştık. Onu destekleyenlerin sayısı bir bir artmaktadır. Bunun sadece düşüncedeki ahengiyle kalması için, her halde, bizim bu Konferansı toplama konusundaki hazırlık konferansını yapma çalışmalarına başlamamız uygun olur. Bu konferans, 1993 yılının ilk yarısında, Almatı'da girişimi destekleyen devletlerin Dışişleri Bakanları düzeyinde gerçekleştirilebilir.

Eğer bu konferans düşündüğümüz gibi gerçekleşirse, 1993 yılı sonu ile 1994 yılı başında, üst düzeyde bir Zirvenin düzenlenmesini bekleyebiliriz. Bu Zirve işbirliğinin Asya yapısını oluşturmaya temel teşkil edebilir.

Saygıdeğer Baylar! Bugünkü buluşmamız, şüphesiz ki, dünya kamuoyunun dikkatini üzerine çekecektir. Halklarımızın değerli nitelikleri, amaçları ve üstün gelenekleri dünya tarihi ile uygarlık tahtında nice defa inci-mercan gibi parlamıştır. Belki bizim ortak deklarasyon dışında, özel bir Belge niteliğinde, bizim kıtamızda istikrar ve güvenliği artırmaya yönelik, barışçı güç ve iradeyi bir araya getirmeye davet eden, Avrasya devletleri ve halklarına Sesleniş kabul etmemiz doğru olur?

Böyle bir Belge, bizim barışa olan arzumuzu kanıtlayıcı, açık bir manifesto olarak bulunabilir idi. O, bugünkü ve bundan sonraki buluşmalarımızın, kıtamızdaki bütün halklar ve ulusların gelişmesini amaçlayan yönlendirici programını pekiştirecektir.

İlgi gösterip dinlediğiniz için teşekkürler!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі

1994 жылғы 18-19 қазан, Ыстамбұл

Құрметті Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел мырза!

Құрметті Әзербайжан Республикасының Президенті Гейдар Әлиев мырза!

Құрметті Қырғыз Республикасының Президенті Асқар Ақаев мырза!

Құрметті Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов мырза!

Құрметті Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Кәрімов мырза!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз бүгін осынау ежелгі және мәңгілік қуатты қалада Түркітілдес мемлекеттер басшыларының екінші кездесуін өткізу үшін жиналдық. Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел мырзаға, Түркия үкіметіне осы кездесуді ұйымдастырғаны үшін, дөңгелек үстелде біздің елдеріміздің өзара қатынастарын ғана емес, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастықты және де халықаралық проблемаларды білдіретін мәселелерді талқылауға жасалған мүмкіндік үшін алғысымды білдіргім келеді.

Соңғы кезде барлық жерлерде өзгерістердің қарқынды және үдемелі үдерістері жүруде. Әлем көз алдымызда өзгеріп жатыр. Қазақстан да қалыс қалмады. Халықаралық қоғамдастыққа және әлемдік экономикаға белсенді кірігу үдерісімен қатар елде, әрине қиындықтар және проблемалар да болмай қойған жоқ, игілікті және мақсатты бағыттағы әлеуметтік-экономикалық реформалар алға жылжуда. Және біздің халықаралық тұрғыда жасап жатқанымыздың барлығы қайта құру үдерісіне барынша жәрдемдесуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Біздің бейресми және ашық кездесулерімізді уақыттың өзі туғызып отыр деп санаймын. Қазіргі заманның қарама-қайшылықты болғанына қарамастан оның дамуының негізгі үрдісі тайталастан әріптестікке көшу болды. Мемлекетаралық қатынастардағы күдіктің орнына бірте-бірте өзара түсіністікке деген ұмтылыс келуде. Әріптестік «суық соғыстың» бұрынғы шептеріндегі тайталасты ауыстыруда.

Міне сол себепті біз Америка-Ресей сұхбатының үдемелі барысын және Вашингтонда таяуда өткен жоғары деңгейдегі кездесулердің нәтижелерін қанағаттанушылықпен қабылдаймыз. Оң сипаттағы мысалдар әлемнің басқа жерлерінде де бар. Тіпті мәңгі-бақи шешілмейтін тәрізді көрінетін таяушығыстық тығырықта да бүгін бір үміт оты жанғандай.

Біздің және НАТО елдері, соның ішінде маңызды рөл атқарып отырған Түркия арасындағы бейбітшілік пен қауіпсіздік мүдделерінде өзара іс-қимылды көздейтін «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасын алып қарайық. Аталған доктринаның негізгі ережелерін біз түсінеміз және қолдаймыз, ең алдымен, белсенді ынтымақтастық, соның ішінде қауіпсіздік пен қорғанысты жоспарлау мәселелеріндегі, жолымен сенімсіздіктің қалың қабатын еңсеруге деген ұмтылыс.

Бұрынғы КСРО аумағындағы және басқа аймақтардағы басылмаған әскери жанжалдардың біздің алаңдаушылығымыз бен қауіпсіздігімізді туғызып отырғанын айтпауға болмайды. Біздің пайымдауымызша, соңғы жылдар тәжірибесі даулы мәселелерді күш қолдану

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesinde yaptığı konuşma

18-19 Ekim 1994, İstanbul

Sayın Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel beyefendi!

Sayın Azerbaycan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Haydar Aliyev beyefendi!

Sayın Kırgız Cumhuriyeti Devlet Başkanı Askar Akayev beyefendi!

Sayın Türkmenistan Devlet Başkanı Saparmurat Niyazov beyefendi!

Sayın Özbekistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı İslam Karimov beyefendi!

Saygıdeğer hanımlar ve beyler!

Biz bugün böyle kadim ve ebedi kuvvetli şehirde Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanlarının ikinci Zirvesini gerçekleştirmek üzere toplandık. Türkiye Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel Beyefendiye, Türk Hükümetine bu toplantıyı organize ettikleri için, yuvarlak masa etrafında sadece ülkelerimizin işbirliğini değil, aynı zamanda bölgesel ve uluslararası sorunları haberlendiren konuları değerlendirme imkânı tanıdıkları için teşekkürlerimi sunmak istiyorum.

Son zamanlarda dünyanın her yerinde değişimin hızlı ve şiddetli süreçleri sürmektedir. Dünya gözümüzün önünde değişmektedir. Kazakistan da çekimser kalmadı. Uluslararası topluma ve dünya ekonomisine etkin kaynaşma süreçleri ile birlikte ülkede, elbette zorluklar ve problemler de yok değil, önemli ve amaçlı programlardaki sosyo-ekonomik reformlar ilerleme kaydetmektedir. Ve bizim uluslararası boyutta gerçekleştirdiğimiz her şey yeniden yapılanma sürecine mümkün olabildiğince yardımlaşmayı sağlamaya yöneliktir.

Bizim gayri resmi ve açık görüşmelerimizi zamanın kendisi doğuruyor sanıyorum. Bugünkü zamanın zıtlıklarla doluluğuna bakmadan onun gelişmesinin temel süreci çekişmeden ortaklığa geçmek oldu. Devletlerarası ilişkilerdeki güvensizlik, yerini yavaş yavaş karşılıklı anlayışa bırakmaktadır. Ortaklık, "Soğuk Savaş'ın" eski cephelerindeki çekişmeleri değiştirmektedir.

İşte, bu sebeple biz ABD-Rusya diyalogunun hızlı gidişatını ve Washington'da yakın geçmişte gerçekleşen üst düzey görüşme sonuçlarını memnuniyetle karşılamaktayız. Bu yöndeki olumlu örnekler dünyanın diğer bölgelerinde de var. Hatta sonsuza kadar çözüm bulamayacak gibi görünen Ortadoğu çıkmazında da bugün bir ümit ateşi yanar gibi.

Bizim ve NATO ülkeleri, onun içinde önemli rol üstlenen Türkiye, arasındaki barış ve güvenlik menfaatlerinde ortak hareketi hedefleyen "Barış İçin Ortaklık" programını değerlendirelim. Belirtilen doktrinin temel ilkelerini biz anlıyoruz ve destekliyoruz, en önce, etkin işbirliği, onun kapsamında güvenlik ve savunmanın planlanması meselelerindeki, usulüyle birikmiş güvensizliği ortadan kaldırmaya yönelik girişim.

Eski SSCB bölgesindeki ve başka bölgelerdeki dinmeyen askeri çatışmaların bizim için endişe ve tehlike doğurduğunu söylemeden geçmek olmaz. Bizim kavrayışımıza göre, son yılların deneyimi, tartışmalı

әдістерімен шешудің тиімсіз екендігіне көзімізді жеткізді. Біз БҰҰ мен ЕҚЫК-нің негіз қалаушы қағидаттарына сүйене отырып, аумақтық тұтастықты, мемлекеттер шекараларының бұзылмастығын құрметтеу негізінде жанжалдарды реттеуді белсенді қолдаймыз.

Осы Ыстамбұлдағы ашық сұхбаттар Қарабақ пен Тәжікстан айналасындағы жанжал ошақтарын саяси реттеу ісіне бірауыздан қолдауды, аймақтағы бейбітшілік пен сенім ахуалын, тұрақтылық пен ынтымақтастықты нығайтуға деген ортақ ұмтылысты тағы да паш етті.

Бізді жаһандық экологиялық проблемаларды шешудегі біртұтас мүдделілік те байланыстыруда. Бұл орайда Арал мен Арал өңірі, біздің елдеріміздің жақын жатқан аудандары үшін, асырып айтпай-ақ трагедияға айналған проблемасының одан әрі шиеленісуі ерекше алаңдаушылық туғызуда. Орта Азия мен Қазақстан мемлекеттері басшылары бұл проблеманы бірнеше рет терең талқылады және осы өңірдегі ахуалды сауықтыруға бағытталған іс жүзінде жасалатын қадамдарды белгіледі. Алайда Арал проблемасы жаһандық сипатқа ие және бұл шараларды қабылдауды созудың бүкіл планетаның экожүйесі үшін апаттық салдары болуы мүмкін. Міне сондықтан да Аралдың тағдырын шешу үшін Орталық Азия мемлекеттердің күш-жігерлері жеткіліксіз, бұл жерде бүкіл әлемдік қоғамдастықтың белсенді қатысуы талап етіледі.

Әлемдік дамудың тағы бір бағыты – интеграцияның үлгілерін іздестіру және жасау. Дүниежүзінде қалыптасқан интеграциялық формалар бір кездері басым болған тар түсініктегі идеологиялық немесе өзге формалды негіздегі мемлекетаралық одақтардың даму мүдделерінің әлдеқайда берік ортақтығына негізделген интеграциясына жол беріп отырғанын растауда.

Осы тұрғыда соңғы кезде белсенді талқыланып жүрген Еуразиялық Одақ (ЕАО) жобасы туралы бірнеше сөз айтқым келеді. Бұған бірнеше астаналарда бірнеше конференциялардың өз жұмысын жобаны іске асыру жолдарын талқылауға арнағанын айту жеткілікті. ЕАО-ның негізгі идеясы – интеграция - халық қойнауынан шығып отыр, оның күші осында. Мен оның авторы емеспін, тек оны талдап қорытуға және айқындауға талпыну бастамасын ғана өзіме алдым. Жоба ғасырлық ортақ тарихы, бірлесіп күн кешу дәстүрі, мәдени мұрасы бар, ортақ адам тағдырына ие миллиондаған адамдардың ізгілік, адамгершілік құндылықтарына бағытталған. Ол интеграцияның қазіргі бар формаларына қайшы келмейді, бұған қоса, оны алға жылжыту соңғыларды үлкен практикалық мазмұнмен толықтыруға итермеледі. Бұл, тікелей айтайын, бұрынғы Кеңестік мемлекеттілікті де қайта тірілту емес. ЕАО жобасын практикалық жүзеге асыру кезеңдерінің бірі - Қазақстанның пікірі бойынша, Өзбекстанның, Қырғызстанның және біздің еліміздің қатысуымен Орталықазиялық Одақты рәсімдеу болып табылады.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру идеясын ұсынған кезден бері көп уақыт өте қойған жоқ. Бірақ біздің негізсіз емес үміт күте алатынымызды, күш-жігерлер санының сапалы нәтижелерге өтуі белгіленіп отырғанын айтуға болады. Бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады. 30 шақты мүдделі елдер өкілдерінің қатысуымен екі отырыс өткізілді. Оны сондай-ақ Анкара кездесуінде түркітілдес мемлекеттер басшылары мақұлдады.

Алматыда айдың аяғында аға лауазымды тұлғалар деңгейінде өткізу көзделген және оған АӨСШК қағидаттарын белгілеу міндеті мен алда тұрған министрлік кездесудің мерзімдері мен параметрлерін келісу міндеті жүктеліп отырған үшінші кездесу тұрғысынан идеяны белсендірек қолдаудың және іс жүзінде жүзеге асыруда күш-жігерлерді біріктіру қажеттігі туындауда.

Осы бір жылдам өзгеретін әлемде түркітілдес мемлекеттер өздеріне ғана тиісті орындарға ие болуы тиіс. Біздің еліміз халықтарының тарихи түп-тамыры ортақ, бұл біздің арамыздағы әр түрлі салалардағы, ең алдымен білім мен ғылым, өнер мен мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты жандандыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Сонымен бір мезгілде мұндай ынтымақтастық біздің басқа да елдермен, біздің мемлекеттеріміздің дәстүрлі әріптестерімен кең белсенді қатынастарға ұмтылысымызды ешқандай да тарылтпайды.

Осы кездесудің қатысушы елдері арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге және кеңейтуге қатысты айтқанда бізге жан-жағымызға қарау және біздің иелігімізде көптеген ұйымдастыру тетіктерінің шеңберіндегі пайдаланылмаған мүмкіндіктерге назар аудару қажет деп санаймын. Олармен тиімді жұмысты жүргізу ынтымақтастықты үйлестірудің жаңа органдарын құру туралы мәселелерді шешеді деп ойлаймыз.

meseleleri güç kullanma yöntemleriyle çözmenin yararsız olduğunu bir kez daha göstermiştir. Biz BMT ve AGİT'in temel ilkelerine dayanarak, bölgesel birlikteliği, devlet sınırlarının korunmasına saygı temelinde çatışmaların önlenmesini aktif olarak destekliyoruz.

İstanbul'daki bu açık diyaloglar, Karabağ ve Tacikistan etrafındaki çatışma noktalarını siyasi yolla düzenleme çalışmalarına hep birlikte destek olmayı, bölgedeki barış ve güven durumunu, istikrar ve işbirliğini geliştirmeye yönelik ortak çabaları bir kez daha açığa çıkardı.

Bizi, küresel ekolojik sorunları çözmedeki ortak menfaatler de ilişkilendirmekte. Bu bağlamda, Aral ve Aral bölgesi, ülkelerimizin yakın olan bölgeleri için, gizlemeden söylersek, trajediye dönüşen sorunlarının daha da karışması, özellikle endişelendirmektedir. Orta Asya ile Kazakistan devlet yöneticileri bu problemi birkaç defa derinlemesine inceledi ve bölgedeki durumu iyileştirmeye yönelik atılacak adımları belirledi. Ancak, Aral sorunu küresel özelliğe sahip ve bu tedbirlerin alınmasını geciktirmek bütün dünya eko-sistemi için afet sebebi olabilir. İşte, bu yüzden de Aral'ın kaderini çözmek için, Merkezi Asya devletlerinin güç ve çabaları yetersiz, burada bütün dünya toplumunun etkin katılımına ihtiyaç bulunmaktadır.

Küresel gelişmenin bir başka yolu, bütünleşme modelleri aramak ve onu gerçekleştirmektir. Dünyada kurumsallaşan bütünleşme modelleri, bir zamanlar hâkim olan dar anlayış çerçevesindeki ideolojik veya diğer biçimsel temele dayalı devletlerarası birliklerin kalkınma hedeflerinin her halükarda sağlam ortaklığına esas olan bütünleşmesine yol açtığını doğrulamaktadır.

Bu bağlamda, son zamanlarda yoğun bir şekilde müzakere edilen Avrasya Birliği projesi hakkında birkaç söz söylemek istiyorum. Burada projenin pek çok ülkenin başkentinde düzenlenen sayısız konferansa konu olduğunu ve uygulama yollarının tartışıldığını belirtmek yeterlidir. Avrasya Birliğinin temel ilkesi olan bütünleşme, halkın talebi doğrultusunda ortaya çıkmıştır, gücü buradadır. Ben onun fikir babası değilim, sadece onu inceleyip sonuçlandırma ve açıklığa kavuşturma uğraşı inisiyatifini üstlendim. Proje yüzyıllık ortak tarihi, birlikte yaşama geleneği ve kültürel mirası olan, ortak kadere sahip milyonların iyilik, insanlık ve değerlerine yöneliktir. Mevcut bütünleşme formatlarına zıt değildir, ek olarak, projeyi geliştirmek, daha sonrakileri büyük pratik içerikle zenginleştirmeye sevk edecektir. Bu, doğrudan söyleyeyim, eski Sovyetler Birliği'ni tekrar canlandırmak değildir. Kazakistan'ın düşüncesine göre; Özbekistan'ın, Kırgızistan'ın ve bizim ülkemizin katılımıyla Merkezi Asya Birliğinin kurulmasıdır.

Asya'da işbirliği ve güven artırıcı önlemlerle ilgili birlik kurma fikrini ortaya attığımdan beri çok zaman geçmiş değil. Fakat bizim temelsiz olmayan ümit peşinde olduğumuzu, güç ve çabamızın nitelikli sonuçlara doğru ilerlediğini söyleyebiliriz. İnisiyatifi Birleşmiş Milletler Teşkilatı desteklemektedir. 30 kadar ilgili ülke temsilcisinin katılımıyla iki toplantı gerçekleştirildi. Bunu, aynı şekilde, Ankara buluşmasında Türk Dili Konuşan Ülke liderleri de onayladı.

Almatı'da ay sonunda Kıdemli Memurlar Toplantısı düzenlenmesi hedefleniyor ve burada, AİGK/CICA ilkelerinin belirlenmesi görevi ile sıradaki Bakanlar toplantısının dönem ve seçeneklerinde anlaşma görevi yüklenmiş olan üçüncü Zirve açısından düşünceyi etkin desteklemek ve çalışmayı gerçekleştirmek üzere güç ve iradenin bir araya getirilmesi ihtiyacı doğmaktadır.

Böyle hızlı değişen dünyada Türk dili konuşan devletler sadece kendilerine elverişli yere sahip olmaya mecbur. Bizim ülkelerimiz halklarının tarihi kökü ortak, bu bizim aramızdaki her tür alanda, öncelikle eğitim ve bilim, sanat ve kültür alanlarında işbirliğini canlandırmak için uygun ortam sağlamaktadır. Dolayısıyla aynı dönem içinde böyle işbirliği bizim başka da ülkelerle, bizim devletlerimizin geleneksel ortaklarıyla kapsamlı etkin ilişkilere atılmamızı hiçbir suretle de kısıtlamaz.

Bu Zirvenin katılımcısı ülkeler arasındaki işbirliğini derinleştirme ve genişletme konusunda konuşursak, bizim çevremize bakmamız ve sahip olduğumuz şimdi var olan pek çok organizasyon araçları dairesindeki faydalanılmayan imkânlara dikkat etmemiz lazım sanıyorum. Onlarla verimli çalışmak, işbirliğini koordine edici yeni organlar kurmaya ilişkin sorunları çözecektir diye düşünüyorum.

Belirtmek gerekirse, örneğin, biz hepimiz Ekonomik İşbirliği Teşkilatı'nın (EİT) üyesiyiz ve hatta

Атап айтқанда, мысалы, біз бәріміз Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭЫҰ) мүшелері болып табыламыз және тіпті ондағы басым көпшілікті құраймыз. ЭЫҰ шеңберінде Түркиядағы штаб-пәтерімен ЭЫҰ-ның Сауда және даму банкін құруды, өткен жылы Ыстамбұлда ЭЫҰ-ның саммитінде шешілгендей, жылдамдату қажет. Бұл қаржы институты үкіметтік және кәсіпкерлік топтардың қаржыларын тартуға қабілетті, кең байтақ аймақтың экономикалық интеграциясының өзіндік бір катализаторы бола алар еді.

ЭЫҰ-ға қатысушы елдердің табысты дамуына аймақішілік қажеттіліктерді қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге аймақтан тыс жерлерге экспорттауға бағытталған бірлескен трансазиялық өнеркәсіптік корпорацияларды құру да ықпалын тигізер еді. Көмір өндірісі, электр энергиясы, ауыл шаруашылығы өнімі, көлік және коммуникациялар салаларында осындай кәсіпорындарды құру жайында біздің шаруашылық адамдары мен кәсіпкерлеріміз қазірдің өзінде ойластыра алар еді. Тығыз кооперация мүддесінде сондай-ақ «ноу-хау» және технологиялармен белсендірек алмасу керек.

Жоғарыда айтылғандар түрғысынан бізге, сөз жоқ, ЭЫҰ-ның 1993 жылғы Ыстамбұл декларациясының ережелерін орындау жөніндегі жұмысты жандандыру керек. Жұмыстың барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы, ең алдымен Ресейді, әріптестерді ынтымақтастық барысында қалыптасатын нысандарда ЭЫҰ қызметінің ауқымына қосу туралы да ойластыру жөн болар еді.

Түркі халықтарының өзара іс-қимылы мәдени және гуманитарлық байланыстарсыз толыққанды болмас еді. Бізде оларды дамыту үшін ауқымды кеңістік бар. Сөз жоқ, алдында айтып өткеніміздей, бұл жерде біздің халықтарымыздың тарихи туыстығы оң рөл атқаруда. Менің көзқарасымша, біздің байланыстарымыздың бас кезінде біз мәдениеттің ортақ элементтерін іздестірумен қатар біз бір-бірімізді өз айырмашылықтарымызбен көбірек таныстыруға тиіспіз. Мысалы, Қазақстан өз әріптестеріне біздің елімізде тұрып жатқан халықтардың еліміздің мәдени палитрасын байытып отырған көп түрлі мәдениетін паш ете алар еді.

Екінші жағынан, алдыңғы дәуірде мәдениеті мен тілінің кейбір элементтері әсіресе зардап шеккен елдерде оларды табиғи қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі шаралар едәуір дәрежеде қоғамның күш-жігеріне ұқсайтын іс болып табылатыны белгілі болды, өйткені бұл үдерістердегі мемлекет рөлін дұрыс түсінбеу ұлтаралық келісімдегі шетін теңдестікте бұрмалаушылықты туғызуға қабілетті. Міне сондықтан да бұл міндеттердің негізгі салмағы туысқан мәдениеттердің қайнар көздерінен өз күштері мен қуатын жігерлендіре алатын ғылыми және шығармашылық көпшілікке, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге түседі. Бұл жерде апатты жағдайда ауылдастар көрсететін жәрдемді, өзбек ағайындар ежелден «хашар» деп атайтынды еске алу орынды.

Өзара түсіністікті, бір-бірімізді мәдени және рухани байытуды тереңдету мүдделерінде бұдан әрі де біздің елдеріміз халықтары құрмет тұтатын П.Бұлбұлоғлы басқарып отырған, біздің елдеріміздің бірлескен органы «ТҮРКСОЙ»-ды іс жүзіндегі әрекеттерге ынталандыру, құндылықтармен және мәдениеттің жемістерімен – көркемөнер көрмелерімен, концерттермен және фильмдермен, теле және радио бағдарламалармен, театр қойылымдарымен өзара алмасуды жандандыру, фестивальдар, мәдениет күндерін өткізу, оқушылармен, стажерлермен алмасу, ғылым және мәдениет, діни салалар қайраткерлерінің кездесулерін және т.б. өткізу керек. Бұл бағытта біз мәдениет министрлеріне тиісті тапсырмалар бере аламыз. Сөз жоқ, біздің елдеріміздің көпқырлы байланыстарын кеңейту және нығайту баршамызға пайдалы болады.

Бұл түркі мемлекеттері басшыларының екінші кездесуі. Анкарада өткен бірінші кездесу өздігінше жемісті болды. Осы кездесу де бізді ой-толғаулармен, біліммен және тәжірибемен байыта отырып, көп пайдасын тигізеді деген үмітімді білдіремін. Біз сұхбатқа үлкен мән береміз және кездесуді лайықты түрде – болған әңгіменің нәтижелерін көрсетуге болатын бірлескен мәлімдемені қабылдаумен аяқтау қажет деп санаймыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осы кездесу біздің көпжақты ынтымақтастығымызды дамытуға ықпалын тигізді, өзара түсіністікті тереңдетуде, әр түрлі салалардағы, біздің ынтымақтастығымыздың барлық бағыттарындағы байланыстарды кеңейтуде ұмытылмайтын әсер қалдырды деген тілекті білдіруге рұқсат етіңіздер.

Сіздерге рахмет.

orada çoğunluk teşkil etmekteyiz. EİT bünyesinde Türkiye'deki merkeziyle birlikte EİT Ticaret ve Kalkınma Bankasının kurulmasını, önceki yıl İstanbul'da EİT toplantısında karar verildiği gibi, hızlandırmak lazım. Bu finans kurumu resmi ve özel girişimci çevrelerin mali kaynaklarının çekilmesinde yetenekli, geniş uçsuz bucaksız bölgenin ekonomik bütünleşmesinin sağlanmasında kendine has bir katalizör olur idi.

EİT üyelerinin başarılı gelişmesinde sadece bölge içi ihtiyaçların giderilmesi değil, aynı zamanda bölge dışı ihracata yönelik ortak Trans Asya sanayi işletmelerinin kurulması da etkili olabilir. Kömür üretimi, elektrik enerjisi, tarım üretimi, ulaşım ve iletişim alanlarında bu tür işletmeleri kurma hususunu bizim üreticilerimiz ve girişimcilerimiz bugün bile tasarlayabilir. Sıkı işbirliği hedefiyle teknik bilgi (know how) ve aktif teknoloji paylaşımı gerçekleştirmeliyiz.

Yukarıda bahsedilenler açısından bizim - her şeyden önce- EİT 1993 İstanbul Deklarasyonu'nun maddelerini yerine getirme çalışmalarını canlandırmamız lazım. Çalışmanın yeterince verimli olmasını sağlamak için, Karadeniz Ekonomik İşbirliği Teşkilatı ve Bağımsız Devletler Topluluğu ortaklarını, başta Rusya olmak üzere, işbirliği sürecinde kurulacak yapılarda EİT faaliyet kapsamına dâhil etmeyi düşünmek doğru olacaktır.

Türk halkları arasındaki karşılıklı temaslar kültürel ve manevi ilişkiler olmadan tam olmaz. Bunları geliştirecek kapsamlı alana sahibiz. Hiç şüphesiz ki burada daha önce de belirttiğimiz üzere, halklarımızın tarihi kardeşliği olumlu rol üstlenmektedir. Kanımca, ilişkilerimizi başlatırken kültürümüzün ortak noktalarını aramakla birlikte, aynı zamanda, kendimize has farklı yönlerimizi de ziyadesiyle tanıtmalıyız. Örneğin, Kazakistan kendi ortaklarına ülkemizde yaşayan halkların ülkemizin paletini zenginleştiren çok renkli kültürünü gösterebilir.

İkincisi, özellikle geçmiş dönemde, kültür ve dilinin bazı unsurları hasara uğrayan ülkelerde, onları doğal yapısına döndürme ve kalkındırma yönünde yapılan çalışmaların aslında büyük ölçüde toplumun güç ve iradesine benzeyen bir çalışma olduğu ortaya çıkmıştır. Çünkü bu süreçlerde, devlet rolünün doğru kavranmayışı, farklı milletler arasındaki çetin dengede tahrifatçılık doğurmaya yatkındır. İşte bu yüzden, bu görevlerin esas ağırlığı kardeş kültürlerin kaynaklarından kendi güç ve kuvvetini besleyebilen bilim adamları ve sanat çevresine, sivil toplum kuruluşları ve birliklere düşmektedir. Burada, afet durumunda köydeşlerin gösterdiği yardıma Özbek kardeşlerimizin eskiden beri "haşar" dediklerini belirtmek isabetli olacaktır.

Karşılıklı anlayışı, birbirimizi kültür ve manevi yönden zenginleştirmeyi derinleştirmek amacıyla; bundan sonra da, halklarımız tarafından sevilen Polat Bülbüloğlu'nun başında bulunduğu, bizim ülkelerimizin ortak organı TÜRKSOY'u, somut etkinliklere teşvik etmek; değerlerimiz ve kültür ürünlerinin sergileriyle, konserlerle ve filmlerle, TV ve radyo programlarıyla, tiyatro gösterimleriyle, bunların karşılıklı değişiminin canlandırılmasıyla; festivaller, kültür günleri düzenlemek; öğrenci ve stajyer değişimi, bilim, kültür ve din adamları toplantıları vb. yapmak gerekir. Bu yönde biz Kültür Bakanlarımıza özel görev verebiliriz. Hiç şüphesiz ki, ülkelerimizin çok yönlü ilişkilerini genişletmek ve geliştirmek, hepimiz için faydalı olur.

Bu, Türk devletleri liderlerinin ikinci Zirvesidir. Ankara'da düzenlenen ilk Zirve kendince başarılı oldu. Bu Zirvenin de bizi görüş, bilgi ve deneyim paylaşımıyla zenginleştirerek, çok yarar sağlayacağını umut ediyorum. Biz diyaloga çok önem veriyoruz ve toplantıyı layıkıyla, konuştuklarımızı uygun bir şekilde sonuca bağlayacak ortak deklarasyonun kabulüyle kapatmak gerektiğini düşünüyoruz.

Saygıdeğer hanımlar ve beyler!

Bu Zirve bizim çok taraflı işbirliğimizin gelişmesine katkı sağladı ve karşılıklı anlayışı derinleştirmekte, her tür alandaki, bizim işbirliğimizin bütün programlarındaki ilişkileri genişletmekte unutulmayacak tesir bıraktı dememe izin veriniz.

Size teşekkür ederim.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының іргетасын қалау салтанатында сөйлеген сөзі

1995 жылғы 14 маусым, Түркістан

Құрметті Президент мырза!
Құрметті Назмие ханым!
Қадірменді түркиялық бауырлар!
Ардақты отандастар!

Бүкіл түркі халқына ортақ, қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев:

«Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған. Түріктің тәңірі берген нәсібі ғой», – деп жырлағанындай, көне тарих куәсі, ежелгі атажұртыңыз Түркістанға тағы да қош келдіңіз, қымбатты бауырым Сүлейман мырза!

Осыдан үш жыл бұрын, 1992 жылдың мамыр айында Сіз тұңғыш рет ежелгі Түркістанға қадам басып, осындағы қасиетті бабамыз Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тәу еткен едіңіз. Сол сапарыңызды Сіз «Алла нәсіп берсе, ақ ниетімізді қабыл етсе күллі мұсылман қауымына ортақ Қожа Ахмет Ясауидің зәулім сағанасының бүкіл сән-салтанатын, бастапқы бояулары мен өрнектерін қалпына келтіруге ат салысармыз» деген едіңіз.Барлығымыз куәміз: артынша осы мақсатты жүзеге асыру үшін түрік бауырларымыз қызу іске кірісіп те кетті және алғашқы нәтижелері көз алдымызда. Осы игілікті іспен қатар айтылатын тағы бір елеулі оқиға – Түркістанда екі халықтың туысқандығы мен достығының белгісі ретінде алғашқы халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы және оның ойдағыдай жұмыс істей бастауы.

Құрметті достар!

Бүгінгі жиын бүкіл түркі халықтарының ортақ мәдениетін, рухани мұрасын терең зерттеуге толық мүмкіндік беретін, әлемдік деңгейде мамандар даярлауға қабілетті үлкен білім ордасы болады деп отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы университет қалашығының іргетасын қалау салтанатына арналып отыр.

Түркия мемлекеті өз тарихында қаншама қиындықтарды бастан өткерсе де, ағайынтуыстықтың желісін үзбей, тәуелсіздігімізді баянды ету үшін қолдарынан келгенше көмек беріп, көптеген игі істердің көшбасшысы болуда. Сәулет өнерінің теңдессіз үлгісіндей болып саналатын ұлы ескерткіштеріміз - Қожа Ахмет Ясауи және Арыстан баб кесенелерін қалпына келтіру жұмыстары – осындай бауырластықтың бір дәлелі.

Әрбір мұсылман үшін тасы киелі, кірпіші қасиетті бұл ғимараттардың ортақ тарихымызда алар орны ерекше. Осы тарихи ескерткіштерімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу біздер үшін үлкен парыз және міндет.

Құрметті Президент мырза!

Құрметті достар!

Жерімізде өтіп жатқан әрбір той - тәуелсіздік тойы, Біздің тойымыз - түркі тектес ағайындарымыздың да тойы. Осы орайда, Абай мен Мағжан мерейтойларының Түркия елінде де кеңінен аталып өтілуіне үлкен қамқорлық жасағаны үшін түрік мемлекеті басшылығына, зиялы қауымына алғыс сезімімді білдіремін.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kampüsü temel atma töreninde yaptığı konuşma

14 Haziran 1995, Türkistan

Sayın Cumhurbaşkanı beyefendi!
Sayın Nazmiye hanımefendi!
Saygıdeğer Türkiyeli kardeşler!
Değerli vatandaşlar!

Bütün Türk halklarının ortak, Kazakların görkemli şairi Magcan Cumabayev'in;

"Türkistan iki dünya eşiği ya / Türkistan er Türk'ün beşiği ya / Muhteşem Türkistan gibi yerde doğmak / Türk'ün Tanrı veren nasibi ya", diye şiirleştirdiği gibi, eski tarihin tanığı, ezeli ata yurdunuz Türkistan'a tekrar hoş geldiniz, kıymetli kardeşim Süleyman beyefendi!

Bundan üç yıl önce, 1992 yılının Mayıs ayında, Siz ilk defa kadim Türkistan'a adım atıp, yüce atamız Hoca Ahmet Yesevi türbesinde ibadet etmiş idiniz. O ziyaretinizde Siz "Allah nasip ederse, duamız kabul olunursa bütün Müslüman halkların sahiplendiği Hoca Ahmet Yesevi'nin yüce türbesinin bütün ihtişamının, renginin ve nakışlarının restore edilmesine katkıda bulunacağız" demiştiniz. Hepimiz şahidiz; ardınca, bu amacı gerçekleştirmek üzere, Türk kardeşlerimiz hızla işe başladı ve ilk neticesi önümüzde. Bu hayırlı işle birlikte anılan bir başka önemli olay; Türkistan'da iki halkın kardeşlik ve dostluğunun göstergesi olarak, ilk uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nin açılması ve onun arzu edildiği gibi çalışmaya başlaması.

Değerli dostlar!

Bugünkü toplantı bütün Türk halklarının ortak kültürünün, manevi mirasının derin araştırılmasına geniş imkân sağlayacak, dünya çapında uzmanlar yetiştirme yeteneğinde büyük öğretim merkezi olması hedeflenen Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi kampusunun temel taşının konulması töreni içindir.

Türkiye devleti kendi tarihinde nice zorlukları yaşamış olmasına rağmen, kardeşlik bağını kesmeden, bağımsızlığımızın ebedi olması için elinden geldiği kadar yardım etmekte, birçok hayırlı işe önayak olmaktadır. Mimarlık sanatının eşsiz örneklerinden sayılan büyük anıtlarımız; Hoca Ahmet Yesevi ve Arıstan Bab Türbelerinin restorasyon çalışmaları, sözünü ettiğimiz kardeşliğin bir delilidir.

Her bir Müslümanlar için taşı kutsal, kerpici mübarek bu binanın ortak tarihimizde aldığı yer özeldir. Bu tarihi anıtlarımızı gözümüzün bebeği gibi korumak, gelecek nesle ulaştırmak bizim ulvi görevimiz ve borcumuzdur.

Sayın Cumhurbaşkanı beyefendi!

Saygıdeğer dostlar!

Ülkemizde yapılan her bir kutlama, bağımsızlık kutlaması; bizim kutlamamız–Türk kardeşlerimizin de kutlaması. Bu bağlamda, Abay ve Mağcan'ın yıldönümü kutlamalarının Türkiye'de de geniş kapsamlı olarak kutlanmasında büyük desteklerinden dolayı, Türk Devletinin yönetimine ve aydınlarına şükranlarımı sunuyorum.

Egemen Kazakistan'ın piyasa ekonomisini hızla geliştirip, dünya toplumunda hak ettiği yere gelmesi için, dış siyasetimiz ile ticari-ekonomik ilişkilerimizin her yönden gelişmesi için, ülkemizde bilimin her ala-

Егемен Қазақстанның нарық экономикасын шұғыл дамытып, әлемдік қауымдастықта өзіміздің лайықты орнымыз болуы үшін, сыртқы саясатымыз бен сауда-экономикалық байланыстарымызды жандақты дамыту үшін елімізге ғылымның сан-саласын меңгерген білікті мамандар қажет екені белгілі. Бұл, әсіресе, бүгінгі таңда, кезек күттірмейтін маңызды мәселе. Осы тұрғыда туысқан Түркия жерінде оқып жатқан мыңнан аса қазақ жастарының қосар үлесі де зор болады деген сенімдемін.

Қазақта «Болар істің басына, жақсы келер қасына» деген нақыл сөз бар. Президент мырзаға, Қазақстанға келген ресми сапары аясында, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының ірге тасын қалау салтанатына арнайы қатысып отырғаны үшін өз атымнан және қазақстандықтар атынан шексіз ризашылығымды білдіремін.

Ежелден зәулім құрылыстардың алғашқы тасын елбасылар немесе қолбасшылар қалайтын болған. Ата-бабамыздан бері келе жатқан сол байырғы тамаша дәстүрді басшылыққа ала отырып, жасы үлкен, орны бөлек, ардақты ағамыз, Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел мырзадан келешекте әлемге танымал ғылым мен мәдениеттің ордасына айналар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының алғашқы тасын қалау рәсімін бастауды өтінемін.

nını başaran bilgili uzmanlara ihtiyaç duyulduğu bellidir. Bu, bilhassa günümüzde bekletilmeyecek önemli konudur. Bu çerçevede, kardeş Türkiye'de öğrenim görmekte olan binden fazla Kazak gencinin katkısı da büyük olacaktır diye inanmaktayım.

Kazaklarda "Olacak işin başına, iyi gelir karşısına" şeklinde nakil söz var. Cumhurbaşkanı Beyefendiye, Kazakistan'a yaptığı resmi ziyareti kapsamında, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nin temel atma törenine özel olarak katıldığı için şahsım ve Kazakistanlılar adına sonsuz şükranlarımı sunuyorum.

Eski dönemlerde büyük inşaatların temel taşını devlet başkanları veya komutanlar koyarmış. Atalarımızdan beri gelmekte olan bu kadim muhteşem geleneği yönetim işlerine dâhil ederek, yaşı büyük, yeri ayrı, saygıdeğer ağabeyimiz, Türkiye Cumhuriyetinin Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel beyefendiden; gelecekte dünyanın tanıdığı ilim ve kültür merkezine dönüşecek Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi kampusunun ilk taşının konulması törenini başlatmasını arz ederim.

Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының іргетасын қалау салтанатында сөйлеген сөзі

1995 жылғы 14 маусым, Түркістан

Құрметті Президент мырза!
Қадірлі қауым!

Түркия мен Қазақстан арасында соңғы үш жарым жылдан бері жалғасын тауып келе жатқан барлық оң өзгерістердің негізінде ортақ тарихымыз бен мәдениетіміздің туындайтын және халықтарымыздың бойына сіңген достық пен бауырластық байланыстарымыз жатыр. Іргетасын Қожа Ахмет Ясауи мен Юнус Емре сияқты бабаларымыз қалап кеткен осы ортақ тарих, байланысымыздың және ынтымақтастығымыздың бүгінгі айрықша деңгейінің қалыптасуын қамтамасыз етті. Сондықтан байланыстарымызбен ынтымақтастығымыздың дамуында зор рөл атқарған, оған ерен үлес қосқан бауырым, Құрметті Президент Н.Назарбаев мырзаға Сіздердің алдарыңызда алғысымды білдіргім келеді.

Құрметті Президент мырза!
Қадірменді қауым!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болашағымыздың кепілі жастарымызды бір шаңырақ астында ортақ санамен және заманауи білімнің талаптарына сай тәрбиелеп оқытатын білім ұясы ретінде Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстардың келешегінің мазмұнды символы болады. Осынша мамандыққа ие білім ұясының Құрметті профессоры деген атақты маған бергендеріңіз үшін терең ризашылығымды білдіре отырып, шын жүректен алғысымды айтамын. Мақсатына сай Қожа Ахмет Ясауи атына лайық қызмет ететініне сенімім мол осы әдемі университетке зор табыс тілеймін.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kampusu temel atma töreninde yaptığı konuşma

14 Haziran 1995, Türkistan

Sayın Cumhurbaşkanı!
Değerli misafirler!

Türkiye ile Kazakistan arasında son üç buçuk yıldan bu yana kaydedilen tüm olumlu gelişmenin temelinde, ortak tarihimizden ve kültürümüzden kaynaklanan ve halklarımıza mal olmuş bulunan güçlü dostluk ve kardeşlik bağları bulunmaktadır. İfadesini Hoca Ahmet Yesevi ve Yunus Emre gibi atalarımızda, yüce büyüklerimizde bulan bu ortak geçmiş, ilişkilerimizin ve işbirliğimizin bugün ulaşmış olduğu müstesna düzeyin de hazırlayıcısı olmuştur. Bu vesileyle, ilişkilerimizin ve işbirliğimizin gelişmesinde çok önemli rol oynayan, buna büyük katkıda bulunan kardeşim Cumhurbaşkanı Nazarbayev'e huzurlarınızda teşekkür etmek istiyorum.

Sayın Cumhurbaşkanı!
Değerli misafirler!

Uluslararası Ahmet Yesevi Türk-Kazak Üniversitesi, geleceğimizin teminatı gençlerimizin bir çatı altında, ortak bilince ve çağdaş bilimin gereklerine göre yetişeceği bir irfan yuvası olarak, Türkiye ile Kazakistan arasındaki ilişkilerin ulaştığı noktanın ve bu ilişkilerin geleceğinin anlamlı bir sembolünü oluşturmaktadır. Böylesine anlamlı bir eğitim yuvasının fahri profesörlüğü unvanını tarafıma tevcih etmenizden duyduğum derin mutluluğu ve bunun için kalbi teşekkürlerimi bir kere daha ifade eder, amaçlarına uygun ve Hoca Ahmet Yesevi'nin adına lâyık çalışmalar yapacağına inandığım bu güzel kuruluşa sonsuz başarılar dilerim.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан мен Түркия: ынтымақтастықтың келешегі» атты конференцияда сөйлеген сөзі

1997 жылғы 10 қыркүйек, Алматы

Құрметті Премьер-министр мырза!
Құрметті кәсіпкер мырзалар!
Ханымдар мен мырзалар!

Мен бүгін қонақжай қазақ жерінде жаңа қазақстандық рынокты игеру үдерісіне ешбір алаңдаусыз батыл кірісіп кеткен Түркия Республикасының іскер топтары өкілдерінің жиналғанын қанағатпен атап өтемін.

Бүгінгі таңда біздің елдеріміз арасындағы сауда айналымының көлемі 2 миллиард АҚШ долларына жетті және Қазақстан Түркияның ТМД-дағы Ресейден кейінгі үшінші әріптес еліне айналды. Түрік компаниялары энергетика, мұнай құбырларын салу және өңдеу өнеркәсібінің әр түрлі объектілерінде, банк және т.б. салаларда жұмыс істеуде. Мұның бәрі біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың үлкен келешегі бар екеніне куә болып отыр, оның дамуы екі тарапқа да зор пайда әкелмек, өйткені барлық бірлескен жобалар өзара тиімді негізде ғана жүзеге асырылатын болады.

Қазақстанның дамуына халықаралық қаржы органдары жіберген сомалар қазіргі уақытта 2,5 млрд. долларды құрайды. Сонымен бірге шетелдік инвесторлармен таяудағы 10 жылға жасасқан келісімдер 60 млрд. долларға жетіп қалады. Сіздерге үлкен мүмкіндіктер беріліп отыр, сондықтан Қазақстанның орасан зор мүмкіндіктерін игеруге қызығушылық білдіруге, күш-жігерлер жұмылдыруға және табандылық көрсетуге шақырамын.

Ең бірінші кезекте, біз екі мемлекет арасында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық орнатуды, түрік компанияларының республикада көлік және байланыс, қызмет көрсету, қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жобаларын жүзеге асыруға белсенді қатысуын көздеп отырмыз. Орасан зор ауқымда күрделі қаржы бар жағдайда Қазақстанда Түркияның ірі компанияларының енжарлығы айқын байқалады.

Қазақстанның кең байтақ жеріндегі күрделі құрылыс та тиісінше зор ауқымда жүргізілуі тиіс. Біз астанамызды мемлекеттің орталығына көшіреміз. Бұл орайда оның құрылысын салуға және абаттандыруға қатысып отырғандарды немесе қатыспақ ниеті барларды біз толығымен табысқа салық салудан босаттық. Сол жерге әкелінетін құрал-жабдық экспорттық баж салығынан босатылды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа астананың инвесторлары мен құрылысшылары үшін бірегей салық жеңілдіктері мен қолайлы жағдайлар жасалды.

Мен айтылғанның қайырымдылыққа шақыру емес екенін атап өтемін. Біз бір нәрсе беруді сұрап отырғанымыз жоқ. Біз өзара тиімді шарттарда, бір жағынан, өз табыстарыңызды көбейту үшін, екінші жағынан, барлық қазақстандықтарға республиканың табиғи байлықтарының қызмет етуі үшін бізге келіп жұмыс істеуді сұраймыз.

Бұл үшін барлық алғышарттар бар. Соңғы уақытта Қазақстан реформаларды жүзеге асыру үшін либералды құқықтық негізді жасау жөнінде ТМД-ның

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in "Kazakistan ve Türkiye: İşbirliğinin Geleceği" konulu konferansta yaptığı konuşma

10 Eylül 1997, Almatı

Saygıdeğer Başbakan beyefendi!
Saygıdeğer işadamı beyefendiler!
Hanımefendiler ve beyefendiler!

Ben bugün, konuk sever Kazak topraklarında yeni Kazakistan'ın piyasasını işletme sürecine hiç tereddüt etmeden katılan Türkiye Cumhuriyeti'nin iş çevresi temsilcilerinin toplanmasından duyduğum memnuniyetimi belirtiyorum.

Günümüzde, ülkelerimiz arasındaki ticaret hacmi 2 milyar ABD dolarına yükseldi ve Kazakistan, Türkiye'nin Rusya'dan sonraki üçüncü ortak ülkesine dönüştü. Türk şirketleri enerji, petrol boru hattı inşaatı, çeşitli rafineri işletmeleri, bankacılık ve diğer alanlarda faaliyet göstermektedir. Bütün bunlar ikili işbirliğimizin geleceğinin parlak olduğunun kanıtıdır. İlişkilerin gelişmesi her iki tarafa da büyük fayda getirecek, çünkü bütün ortak projeler ancak karşılıklı kazanım temelinde gerçekleştirilmektedir.

Kazakistan'ın kalkınmasına, uluslararası finans kurumları tarafından sağlanan tutar günümüzde 2,5 milyar doları bulmuştur. Aynı zamanda, yabancı yatırımcılarla önümüzdeki 10 yıl için yapılan anlaşmaların tutarı ise 60 milyar dolara yaklaşmıştır. Sizler için büyük imkânlar sunulmaktadır, dolayısıyla Kazakistan'ın olağanüstü imkânlarının işletilmesine ilgi göstermeye, güç ve iradenizi harekete geçirmeye ve cesaret göstermeye davet ediyorum.

Öncelikle iki devlet arasında birbirine faydalı ekonomik işbirliği kurmayı, Türk şirketlerinin Cumhuriyette ulaşım ve iletişim, hizmet sektörü, savunma sanayisini geliştirme ve devlet mallarının özelleştirilmesi projelerini hayata geçirme gibi alanlarda aktif katılımlarını beklemekteyiz. Böyle büyük kapsamda, muazzam büyük mali kaynağın bulunduğu Kazakistan'da, Türkiye'nin büyük şirketlerinin ilgisizliği ve eksikliği açıkça fark edilmektedir.

Kazakistan'ın geniş uçsuz bucaksız topraklarındaki büyük inşaat işleri de gerektiği gibi büyük kapsamda gerçekleştirilmelidir. Biz başkenti ülkenin merkezine taşıyacağız. Bu bağlamda, onun inşası ve imarında yer alanlara veya yer almayı düşünenlere tam anlamıyla vergi muafiyeti tanıdık. Yeni başkente getirilecek her tür ekipman ve malzeme gümrük vergisinden muaf tutulacaktır. Tek kelimeyle, yeni başkentte yatırımcılar ve inşaat şirketleri için türüne az rastlanan vergi kolaylığı ve uygun ortam sağlanmıştır.

Sözlerimin hayırseverlere yapılan bir çağrı olmadığını da belirtmek istiyorum. Biz karşılıklı yarar şartlarında, bir tarafıyla, kendi kazancınızı arttırmanız için, ikinci tarafıyla, bütün Kazakistanlılara Cumhuriyetin doğal zenginliklerinin hizmet etmesi için, bize gelip çalışmanızı istiyoruz.

Bunun için gereken tüm ön şartlar var. Son zamanlarda, Kazakistan reformları gerçekleştirmek için, liberal hukuki zemin oluşturma konusunda BDT ülkeleri arasında ilk sıraya yerleşti. Arazi özelleştirmeye ve yabancı yatırıma ilişkin özel yasalar kabul edildi. Yasalara, yabancı yatırımcılar için önemli kolaylıklar, bunun yanı sıra çeşitli şirketlerle yapılan anlaşmalarda

барлық мемлекеттері арасында бірінші орынға шықты. Жерге жеке меншік туралы, шетелдік инвестициялар туралы бірегей заңдар қабылданды. Оларда шетелдік инвесторлар үшін айтарлықтай жеңілдіктер, сондай-ақ әр түрлі компаниялармен жасалған келісімдерде қарастырылған шарттар заңдардың өзгеруіне қарай таяудағы он жыл ішінде өзгермейтіні туралы ережелер көзделген. Бұдан былай инвесторлар инстанцияларға барып жүрмеуі және бюрократиялық кедергілерге ұшырамауы үшін қазақстандық тарап ұсынатын барлық инвестициялық жобалар жинақталатын және инвесторды қызықтыратын кез келген мәселе бойынша жауап ала алатын тек бір ғана өкілетті органмен – Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетпен жұмыс істейтін болады.

Біздің астанамызда әлемдік деңгейдегі екі бес жұлдызды, сондай-ақ төрт жұлдызды қонақүйлер салынған. Іс жүзінде әлемнің кез келген жерімен байланыс орнатылған. Бұл шетелдік кәсіпкерлердің жұмысы мен демалысы үшін қажетті жағдайларды туғызады.

Таяуда мен Парсы Шығанағында, атап айтқанда, Кувейт, Бахрейн және Оман елдерінде болып қайттым. Осы елдер басшылығымен, сондай-ақ іскер топтарының өкілдерімен болған кездесулерде Қазақстанмен ынтымақтастық жасауға деген зор қызығушылықты көрдік. Біз жаңа, келешегі үлкен қазақстандық рынокты игеру үшін аталған елдердің орасан зор қаржылық мүмкіндіктеріне жол ашатын экономикалық келісімдер топтамасына қол қойдық. Үстіміздегі жылғы қыркүйек айының соңына қарай Шығанақ елдері кәсіпкерлерінің нақты инвестициялық ұсыныстармен келетін үлкен тобын күтудеміз.

Мұның бәрі әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанға деген күннен күнге өсіп келе жатқан қызығушылығын көрсетеді. Сондықтан мен сіздерді біздің рынокқа батылырақ және белсендірек қатысуға шақырамын. Қазір уақыт әлі де сіздер үшін жұмыс істеуде, ең бастысы кешікпеу. Бізде Түркия үкіметімен түрік кәсіпкерлерінің инвестицияларын барынша көтермелеу туралы қағидатты уағдаластықтар бар.

Біздің халықтарымыздың ортақ тілі, мәдениеті, дәстүрі, ділі бар және мен осылардың сіздерге қысқа мерзім ішінде біздің рынокқа бейімделуге және өздеріңіз үшін бизнес бойынша жаңа әрі сенімді әріптестер табуға көмектесетініне сенімдімін.

Сіздерге табыс тілеймін!

Ықыластарыңызға рахмет!

öngörülen şartların, önümüzdeki 10 yıla kadar değişmeyeceğine ilişkin maddeler eklendi. Bundan böyle, yatırımcıların çeşitli makamlara gidip gelmemesi ve bürokratik engellerle karşılaşmamaları için; Kazakistan tarafının sunacağı tüm yatırım projelerinin bir arada toplanacağı ve yatırımcıların ilgilendikleri her tür soruya yanıt alabilecekleri tek yetkili organ, Yatırımdan Sorumlu Devlet Komitesi ile iş yapılacaktır.

Bizim başkentimizde dünya standartlarına uygun iki beş yıldızlı ve dört yıldızlı oteller inşa edildi. Dünyanın her bölgesiyle fiilen iletişim kuruldu. Bu, yabancı iş adamlarının çalışması ve dinlenmesi için gerekli şartları sağlayacaktır.

Yakında Basra Körfezinde, belirtmek gerekirse, Kuveyt, Bahreyn ve Umman ülkelerinin yöneticileriyle ve iş çevrelerinin temsilcileriyle yapılan görüşmelerde; Kazakistan'la işbirliği yapmaya yönelik büyük ilgi olduğunu gördük. Biz, yeni ve gelecek vaat eden Kazakistan piyasasını işletmek için, sözü edilen ülkelerin çok büyük mali imkânlarına yol açacak bir dizi ekonomik anlaşma imzaladık. Cari yılın Eylül ayı sonlarına doğru, Körfez ülkeleri işadamlarının somut yatırım önerileriyle gelecek olan büyük heyetini beklemekteyiz.

Bunların hepsi, dünya toplumunun Kazakistan'a olan ilgisinin gün geçtikçe arttığını göstermektedir. Dolayısıyla ben Sizleri Kazakistan piyasasına tereddütsüz ve etkin bir şekilde katılmaya çağırıyorum. Şimdi zaman halen Sizin için çalışmakta, en önceliklisi geç kalmamaktır. Bizde, Türkiye Hükümetiyle Türk işadamlarının yatırımlarını olabildiğince yükseltmek konusunda ilkeli sözleşmeler var.

Bizim halklarımızın ortak dili, kültürü, geleneği, maneviyatı var ve bunların Sizlere kısa süre içinde bizim piyasamıza uyum sağlama ve kendiniz için ticaret amacıyla yeni ve güvenilir ortak bulmanızda yardımcı olacağına inanıyorum.

Hepinize kısmet diliyorum!

İçtenliğinize teşekkür ederim!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Билкент университетінде сөйлеген сөзі

1998 жылғы 15 маусым, Анкара

Қымбатты достар!

Түркияның шәкірт жастарымен кездесіп тұрғаныма өте қуаныштымын. Мен қазір Сіздердің алдарыңызда өзімді тебірентіп, мазалап жүрген ойларымды, мақсат-мұратымды ағымнан жарылып, ортаға салсам деген ойдамын.

Бүгінгі күні, келер мың жылдықтың лебі айқын сезіле бастаған кезеңде, мен алысқа барлай көз тіккен көшпенді бабам сияқты көкжиектен қылаң берген келесі 21-ші ғасырға ой көзімен үңілемін. Келешек менің халқыма не дайындап тұр, не әкеледі, ертеңгі күні біздің балаларымыз қандай күй кешеді деп толғанамын. Осындай сәтте Жаратушыдан болашақ ұрпағыма бақыт пен еркіндік, бойына қуат, көкірегіне парасат бере гөр, жанына жарқындық ұялат, өмірлеріне тыныштық пен игілікті тарту ет деп тілеймін. Әлбетте мұндай күнге жету үшін халықтың өзінің, әсіресе Елбасы ретінде менің көп қажыр-қайрат жұмсауым керек екенін жақсы түсінемін. Осындай сәтте өзіме-өзім: «Халқыңның еңсесін көтеріп, өзіңе сенім артып, соңыңнан қалтқысыз еруі үшін дәл бүгін өзің не істедің?», деп бүкпесіз сауал қоямын. Ондайда ұйқың қашады, ойыңа VI ғасырдағы көне түркі сына жазуларының жолдары оралады:

«Түн ұдымадым,
Күн олурмадым,
Қара қанымды төктім,
Түрк бұдыны үчін».

Міне, мен де осындай күй кешемін. Дегенмен Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі бас-аяғы алты жарым жылдық өткен жолын ой көзімен шолып, шүкіршілік етемін. Ендігі жерде: «Иә, еркіндікке қолымыз жетті, азаттықтың ауасы көкірегімізді кернеді», деп нық айтуға хақлымын. Соғыс та, миллиондаған отандастарымды баудай түсірген аштық та, халқымды мыңдаған таңдаулы перзенттерінен айырған ату мен асу да, айдау мен қамау да біздің сағымызды сындыра алған жоқ. Біз өз тілімізді, мәдениетімізді, дәстүрімізді сақтап қалдық. Біз өзімізді мына ғаламның дербес бір бөлшегі ретінде сезінеміз. Біз мұны мақтан тұтамыз.

Бүгін бізге оңай соғып тұрған жоқ. Өркениетті, зайырлы да демократиялық қоғам орнату үшін біз өзіндік даму жолын іздестірудеміз. Бұл жолымызда қателіктерге де ұшырастық, алдағы уақытта да кемкетіктер болмай қалмас, бірақ біз сол қателіктерден қорытынды шығарудамыз, содан үйренудеміз. Бұл жолға басқа балама жоқ, бұл біз өзіміз таңдап алған жол. Сөйтіп, біздің бейқамдыққа салынардай уақытымыз жоқ, адамдар тек ертеңге деген үмітпен ғана тіршілік кешпеуге тиіс, олардың бүгіннің өзінде лайықты өмір сүруіне жағдай жасауымыз керек.

Иә, біз бақыттымыз. Жаңа мемлекеттің іргесін қалау, оның келешектегі дамуын айқындау құрметіне ие болғанымыз үшін бақыттымыз. Сондықтан да біз Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасын әзірледік, онда өзіміз үшін жеті

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Bilkent Üniversitesi'nde yaptığı konuşma

15 Haziran 1998, Ankara

Değerli dostlar!

Türkiye'nin öğrenci gençleriyle görüştüğüme memnunum. Ben şimdi Sizin önünüzde kendimi heyecanlandırıp, huzursuz eden düşüncelerimi, amaç ve hayallerimi Sizinle paylaşsam diye düşünüyorum.

Bugünkü günde, gelecek bin yılın yeli açıkça sezilmeye başlandığı dönemde, ben uzağa göz diken göçmen atam gibi, ufuktan şafak veren gelecek 21'inci asra düşünce gözüyle bakıyorum. Gelecek benim halkıma ne hazırlıyor, ne getirecek, yarınki gün bizim çocuklarımız nasıl hayat geçirecek diye heyecanlanıyorum. Böyle durumlarda Yaratan'dan gelecek neslime baht ve serbestlik, bedenine kuvvet, kalbine feraset ver, gönüllerini aydınlat, ömürlerine huzur ile iyilik bağışla diye diliyorum. Elbette böyle güne ulaşmak için halkın kendisinin, özellikle Devlet Başkanı olarak benim çok gayret sarf etmem gerektiğini iyi biliyorum. Böyle durumda kendi kendime, "halkının başını dik tutup, güvenini arttırıp, peşinden art niyetsiz gelmeleri için bugün kendin ne yaptın?" diye aleni soru soruyorum. Böyle durumlarda uykun kaçar, düşüncene VI'ncı asırdaki kadim Türk çivi yazılarının satırları döner:

"Tün udımadım / Gece uyumadım
Kün olurmadım / Gündüz oturmadım
Kara kanımdı töktim / Kara kanımı döktüm
Türk Budun Üçün / Türk halkı için"

İşte ben de aynı hale geçiyorum. Demekle beraber, Kazakistan'ın bağımsızlık aldığından beri, baştan-ayağı altı buçuk yılda, geçtiği yolu düşünce gözüyle geçip, şükrediyorum. Şimdi bulunduğum yerde; "evet, serbestliğe ulaştık, özgürlüğün havası göğsümüzü kabarttı", diye söylemekte haklıyım. Savaş ta, milyonlarca vatandaşımızı balya gibi düşüren açlık ta, halkımın nefesini boğan seçilmiş evlatlarından ayıran kurşuna dizme ve asmalar da, sürülme ve hapsedilme de bizim hayalimizi kırabilmiş değil. Biz öz dilimizi, kültürümüzü, geleneğimizi koruduk. Biz kendimizi bu âlemin serbest bir parçası olarak sezinliyoruz. Biz bununla övünüyoruz.

Bugün bize kolay gelmiş değil. Çağdaş, laik demokratik toplum kurmak için biz kendine has kalkınma yolunu arıyoruz. Bu yolumuzda hatalarımız da oldu, önümüzdeki dönemde de eksik-gedikler olmadan olmaz, fakat biz bu hatalardan sonuç çıkarmaktayız, ondan öğrenmekteyiz. Bu yola başka seçenek yok, bu, bizim kendimiz seçip aldığımız yol. Şöylesine, bizim gamsızlığa verilecek vaktimiz yok, insanlar sadece yarına … hedeflenen ümitle hayat sürmemeli, onların, bugünün kendisinde layıkıyla ömür sürmesine ortam sağlamamız gerek.

Evet, biz bahtlıyız. Yeni devletin temelini atmanın, onun gelecekteki kalkınmasını sağlamanın saygısına sahip olacağımız için bahtlıyız. Dolayısıyla da biz Kazakistan'ın 2030 yılına değin ki kalkınma programını hazırladık, bunda kendimiz için yedi temel uzun vadeli önceliği açıkladık, bunlar:

негізгі ұзақ мерзімді басымдықтарды айқындап алдық, атап айтқанда, олар:

1. Ұлттық қауіпсіздік.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамды топтастыру.

3. Экономикалық өсу, ол шетел инвестициялары мен ішкі жинақтамалардың жоғары деңгейіне сүйенетін ашық нарықтық экономикаға негізделеді.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен игілігі.

5. Энергетика ресурстары.

6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік пен байланыс.

7. Кәсіпқой мемлекет.

Мұндай басымдықтарды ұсынғанда, біз нені көздейміз?

Бұл ретте біз:

- аумақтық тұтастығын сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз, егемен мемлекет ретіндегі дамуын қамтамасыз ету;

- ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық тұтастықты сақтап, нығайта беру;

- экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және өскелең қарқынына қол жеткізу;

- елдің барлық азаматтарының тұрмысын, денсаулығын, білім алу жағдайын және мүмкіндіктерін біртіндеп жақсарта беру;

- тұрлаулы экономикалық өркендеу және халықтың тұрмысын жақсарта беру үшін энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану;

- мемлекеттік қызметшілердің ұтқыр осы заманғы топтарын жасақтау қажеттігіне сүйенеміз.

Биылдан бастап біз осы Бағдарламаның алғашқы үш жылдық кезеңін іске асыруға кірістік. Біз оны орындайтынымызға, ондағы алға қойылған мақсат пен міндетті нақтылы мазмұнмен молықтыра алатынымызға сенеміз. Сонда біз жедел дамып келе жатқан, көркейген бейбітшіл ел бола аламыз. Ондай елді күллі әлем білетін, құрметтейтін болады. Ондай ел Еуразиядағы дәнекер міндетін атқаратын болады. Сөйтіп, ежелгі Ұлы Жібек жолын жаңаша жаңғыртатын боламыз.

Бұл істе біз негізінен жастарға сүйенетін боламыз. Бүгін осы заманғы мектептер мен университеттерде дәріс алып жүрген жастарға, компьютерді жетік меңгерген, бірнеше тілдерде еркін сөйлей білетін парасат-пайымы биік өздеріңдей өрім жастарға үміт артамыз.

Қиындықтарға қарамастан, біз қазір білімге үлкен қаражат жұмсаудамыз. Дарынды жастарымызды әлемнің үздік университеттеріне оқуға жіберудеміз. Біз жас ұрпақтың білімді, тәні де, жаны да сау, елі мен халқының мүддесін қастерлейтін кемел азаматтар болып жетілуін қалаймыз. Қазақтың «көп жасағаннан сұрама, көп оқығаннан сұра», дейтін нақылы тегін айтылмаса керек.

Осы орайда Сіздің елге алғыс сезімін арнамай тұра алмаймын. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы сәттен бастап, түрік туғандарымыз туыстық қолын сөзып, бауырының нық қадам жасауына жәрдемін аяп қалған жоқ.

Бүгінгі күні Түркияда мыңдаған қазақ жастары оқып жатса, мұның өзі сол туыстық көмектің көрінісі. Түрік оқу орындарын тәмәмдаған түлектеріміз Отанына оралып, алдымызға қойылған міндеттерді орындауға кірісті.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылып, онда қазақ-түрік жастарымен бірге басқа елдердің азаматтары да білім алып жүр.

Түрік жастарының Қазақстан жоғары оқу орындарында білім алуға деген ынтасының артуы да қуанышты жәйт, қазіргі кезде Сіздердің елдеріңіздің жеті жүздей азаматы Қазақстанда білім алып жатыр.

Мұның бәрі де, сайып келгенде, біздің халықтарымыздың тарихи және рухани тамырының бір екенін, бір-біріне деген ежелгі бауырмалдық сезімінен айнымағанын көрсетсе керек.

VI ғасырда түркі жұртының алтын бесігі болған Түркі қағанаты дүниеге келген еді. Олардың сан ғасырлық ортақ тарихы, төлтума ортақ мәдениеті бар. Бұл біздің ортақ мұрамыз, ортақ қазынамыз. Осы орайда түркі топырағынан өсіп-өнген Әл Фараби, Юсуф Баласағұни, Махмуд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи сынды талай оқымыстыларымыздың, ойшылдарымыздың есімдерін еске аламыз. Олардың әлемдік руханият пен өркениетке қосқан үлесі үлкен. Бұл біздің бәрімізге ортақ есімдер.

Бүгінгі таңда осы заманғы түркі халықтарының қайсының болсын, тағдырын көршілес бауырларының тарихынан ажыратып қарауға болмайды. Біздің бір-

1. Ulusal güvenlik,

2. İç siyasi istikrar ile toplumsal bütünlük,

3. Ekonomik büyüme, bu yabancı yatırımlar ile iç tasarrufların yüksek seviyesine dayanan açık piyasa ekonomisine temellendirilmiştir,

4. Kazakistan vatandaşlarının sağlığı, eğitimi ve refahı,

5. Enerji kaynakları,

6. Altyapı, özellikle ulaşım ve haberleşme,

7. Uzman devlet.

Böyle öncelikleri sunarken, biz neyi hedefliyoruz? Bu defa biz;

- Bölgesel bütünlüğü koruyarak, Kazakistan'ın bağımsız, egemen devlet şeklinde kalkınmasını sağlamaya,

- İç siyasi istikrar ile ulusal birliği koruyup, geliştirmeye,

- Ekonomik kalkınmanın somut, kalıcı ve yükselmeye elverişli hızına ulaşmaya,

- Ülkenin bütün vatandaşlarının geçimini, sağlığını, eğitim alma durumunu ve imkânlarını aşama aşama iyileştirmeye,

- Kalıcı ekonomik büyüme ve halkın geçimini iyileştirebilmek için enerji kaynaklarından verimli faydalanmaya ve

- Devlet görevlilerinin kıvrak zekâlı günümüz gruplarını oluşturma ihtiyacına dayanıyoruz.

Bu yıldan başlayarak biz bu programın ilk üç yıllık dönemini gerçekleştirmeye başladık. Biz bunu gerçekleştirebileceğimize, burada öne konulan amaç ile yükümlülüğü somut içerikle doldurabileceğimize inanıyoruz. O zaman biz hızlı kalkınan, güzelleşen, barışçı ülke olabiliriz. Böyle ülkeyi bütün âlem bilir, saygı duyar. Böyle ülke Avrasya'daki uzlaştırıcı görevi yürütebilir. Böylece, kadim büyük İpek Yolunu yeniden kalkındırabiliriz.

Bu işte biz asıl gençlere güveniyoruz. Bugün, bu zamanın okulları ve üniversitelerinde ders alan gençlere, bilgisayarı tam öğrenen, birkaç dilde serbest konuşabilen, sağduyulu-anlayışı yüksek Sizin gibi genç delikanlılara ümit bağlıyoruz.

Zorluklara bakmaksızın, biz şimdi eğitime büyük kaynak harcıyoruz. Yetenekli gençlerimizi dünyanın en iyi üniversitelerine eğitime gönderiyoruz. Biz genç neslin eğitimli, bedeni de, ruhu da sağlıklı, ülkesi ve halkının menfaatlerine saygılı olgun vatandaşlar olarak yetişmesini arzu ediyoruz. Kazakların "çok yaşayandan sorma, çok okuyandan sor" diyen nakli boşuna söylenmese gerek.

Bu bağlamda, Sizin ülkenize şükran duygularımı iletmeden duramam. Kazakistan'ın bağımsızlık aldığı ilk andan başlayarak, Türk kardeşlerimiz kardeşlik elini uzatıp, kardeşinin sağlam adım atmasına yardımını esirgemiş değil.

Bugünkü günde Türkiye'de binlerce Kazak gençleri okuyorsa, bunun kendisi bu dostluk yardımının göstergesidir. Türk eğitim kurumlarını tamamlayan mezunlarımız vatanına dönüp, önümüze konan yükümlülükleri yerine getirmeye girişti.

Bundan birkaç yıl önce Türkistan'da Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi açılmış olup, orada Kazak-Türk gençleriyle birlikte başka ülkelerin vatandaşları da eğitim almaktadır.

Türk gençlerinin Kazakistan yüksek öğretim kurumlarında eğitim alma konusunda ilgisinin artması da övünülecek vaziyet, şimdiki dönemde Sizin ülkenizin yedi yüz kadar vatandaşı Kazakistan'da eğitim alıyor.

Bunun hepsi de, saydığımızda, bizim halklarımızın tarihi ve manevi kökünün bir olduğunu, birbirine kadim kardeşlik sezgisinden dönmediğini gösterse gerek.

VI'ncı asırda Türk yurdunun altın beşiği olan Göktürk Kağanlığı dünyaya gelmişti. Onların iki asırlık ortak tarihi, akrabalarına ait ortak kültürü var. Bu bizim ortak mirasımız, ortak hazinemiz. Bu çerçevede Türk toprağında büyüyüp yetişen Al Farabi, Yusuf Balasagun, Mahmut Kaşgari, Hoca Ahmet Yesevi gibi nice âlimlerin, düşünürlerin isimlerini hatırlıyoruz. Onların küresel maneviyat ile uygarlığa katkı payı büyük. Bunlar, bizim hepimize ortak isimler.

Günümüzde, o dönemin Türk halklarından her hangi birinin kaderini, komşu kardeşlerinin tarihinden ayrı değerlendiremeyiz. Bizim birbirimize olan bugünkü sıcak ilgimiz ezeli kardeşlik sezgimizin yaylası, doğuşumuzdan kaynaklanan akrabalığımızın yeniden canlanması diye anlamamız gerek. Eski Türk döneminden bedenimize sinen sezginin yeniden doğması diye anlayalım bunu. Türk yazısı, Türk edebiyatı o yad zamanda dünyaya gelmiş. Türk taifeleri o zama-

бірімізге деген бүгінгі ыстық ынта-ықыласымызды, байырғы бауырластық сезімімізді, тумысымызда жатқан туыстығымыздың қайта жаңғыруы деп түсінуіміз керек. Ежелгі түркі заманынан бойымызда бұғып жатқан сезімнің түлеуі деп ұғайық мұны. Түркі жазуы, түркі әдебиеті сол ықылым заманда дүниеге келген. Түркі тайпалары сол заманның ұлы діндеріне тәу еткен. Сол замандағы басқа өркениеттердің үздік жетістіктерін бойларына сіңірген.

Түркілердің өздері де мемлекеттік ұйымдасудың, әкімшілік және қаржы жүйесінің орасан зор тәжірибесін жинақтаған, олардан басқа елдер де көп дүниені үйренген.

Біз - достармыз, біз - бауырлармыз. Мен бүгін Сіздерге ата жұрттарыңыздан келіп тұрмын. Тағдыр бізді әлемнің әр түкпірінде қоныстандырғанмен, біз түбі бір туғандығымызды, бір ананың бауырынан өрбігендігімізді ұмытпаймыз.

Бүгін Сіздерің жүздеріңізге қарағанда, менің көзіме Кемал Ататүріктің толағай тұлғасы елестейді. Қазақстанда оның және Тұрғыт Өзалдың, сондай-ақ осы заманғы түрік қайраткерлерінің есімін ілтипатпен еске алады және ықыласпен атайды. Сіздердің осы адамдардың атына лайық болуларыңызды қалар едім. Кім білсін, осы қазір араларыңызда түркі жұртына келешекте тұлға болар талай азаматтар жүруі де ықтимал. Ылайым солай болсын.

Біздің топтасуымызға, достығымызды нығайтуға нақ солардай үлес қоссаңыздар арман не! Ал біздің достығымызды, туысқандық сезімімізді келер ғасырға апаратын да, жалғастыратын да Сіздерсіздер. Әйтеуір, түркі жұртының:»Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса аспандағы келеді», деген нақылын естен шығармаңыздар.

Бақытты болыңыздар, қымбатты достарым! Ықыластарыңызға рахмет! Тешеккүр едерим!

nın ulu dinlerine ibadet etmiş. O zamandaki başka uygarlıkların üstünlüklerini benimsemiş.

Türklerin kendileri de devlet organizasyonunun, idari ve mali sisteminin olağanüstü tecrübesini biriktirmiş, onlardan, başka halklar da çok şeyler öğrenmiş.

Biz dostlarız, biz kardeşleriz. Ben bugün Sizlere ata yurdunuzdan geliyorum. Kader bizi âlemin her köşesinde yerleştirmiş olmakla beraber, biz kökü bir olanlar olduğumuzu, bir ananın karnından üretiğimizi unutmayacağız.

Bugün Sizlerin yüzlerinize baktığımda, benim gözüme Mustafa Kemal Atatürk'ün yüce şahsiyeti görünmektedir. Kazakistan'da onun, Turgut Özal'ın ve o dönemin Türk emektarlarının isimleri iltifatla hatırlanmakta ve içtenlikle anılmaktadır. Sizlerin bu kişilerin adına layık olmanızı arzu ederim. Kim bilir, şimdi aranızda Türk yurduna gelecekte lider olacak nice kişiler olması da ihtimal. Temennim öyle olsun.

Bizim bir araya gelmemize, dostluğumuzu geliştirmemize aynen onlar gibi katkı sağlasanız, hayal ne! İşte bizim dostluğumuzu, akrabalık sezgimizi gelecek asra taşıyan da, sürdüren de Sizlersiniz. Nihayet, Türk yurdunun "Altısı kavgalı olsa, ağzındaki gider, dördü birlik olsa, havadan gelir" diyen nakil sözünü aklınızdan çıkarmayınız.

Bahtınız açık olsun, kıymetli dostlarım! İçtenliğinize teşekkür ederim! Teşekkür ederim.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасының 75 жылдығына арналған мерейтойлық қабылдауда сөйлеген сөзі

1998 жылғы 29 қазан, Анкара

Құрметті Сүлейман Демирел мырза!
Құрметті Назмие Демирел ханым!
Ханымдар мен мырзалар!

Біздер, Қазақстан делегациясының мүшелері, туысқан Түркияның өзімізге деген ықыласы мен ілтипатын тағы да айрықша сезудеміз.

Сіздердің елдеріңіз бүгін тамаша мереке - Республиканың құрылғанына 75 жыл толған салтанатты атап өтуде.

Түркияның әрбір азаматы үшін айрықша мәнді осындай күні елдеріңізге келіп, қуаныштарыңызға ортақ болуға шақырғандарыңыз үшін ақ көңілімен ризашылығымды білдіремін.

Түркияның бұл мерейтойы - шын мәніндегі айтулы оқиға, Сіздердің елдеріңіздің ғана емес, күллі түркі жұртының мерекесі. Өйткені ұлы Кемал Ататүрік баршамыздың алдымыздан ақ жол ашып, демократиялық зайырлы мемлекет орнатудың өнегесін көрсетті. Осы жолда Түркия таңданарлық тамаша табыстарға жетіп, әлемдік қоғамдастықтан абыройлы орын алды.

Түркілер атасының тәуелсіздік пен аумақтық тұтастық туралы мәлім еткен көрегендігі шындыққа айналды. Оның «өнеркәсіпсіз тәуелсіздік жоқ» дейтін қағидасы іске асып, Түркия индустриясы дамыған елдердің қатарына қосылды.

Сіздердің елдеріңіздің тәжірибесі тәуелсіз Қазақстанға өтпелі кезеңнің қиындықтарын еңсеруге, мемлекеттілігін нықтап, саяси тұрақтылықты нығайтуға, экономикалық реформаларды дәйекті жүргізуге жәрдемдесті. Осындай алмағайып уақытта біз Түркияның, оның саяси және іскер топтарының достық қолдауын әрдайым сезініп отырдық, сол үшін де қазақстандықтар сіздерге адал көңілімен риза.

Бүгін Қазақстан – түрік байланыстарының барлық салаларда нығайып келе жатқанын қанағат сезімімен атап көрсету керек. Біздің саяси байланыстарымыз пәрменді дамып келеді. Мұның аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты орнықтыру үшін маңызы зор. Екіжақты негіздегі, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық ұйымы ауқымындағы жемісті сауда-экономикалық ынтымақтастық біздің елдеріміздің жақындасуының маңызды негізіне айналып отыр. Түрік іскер топтарының Қазақстан нарығындағы белсенділігі барған сайын артып келеді, қазір олар біздің елімізде 40 шақты жобаны іске асырып жатыр. Атап айтқанда, біздің жаңа байтағымыз Астананың осы заманғы құрылыстарын салуға және өзіндік құрылымдарын дамытуға қосқан үлестері үлкен.

Ал мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығымызды нығайтудың берік негізі - біздің халықтарымыздың тарихи, мәдени және рухани бауырластық дәнекерлері. Екі жылдан кейін аталып өтілетін түркі әлемінің рухани бесігі - Түркістан қаласының 2000 жылдығы біздің халықтарымыздың ортақ тарихи және мәдени дамуындағы маңызды кезең болады деген ойдамын.

Бүгінгі салтанат - түрік халқының Ататүрік нұсқаған жолмен жүру ниетінің айғағы. Бұл жолда келесі ғасырға гүлденген демократиялық мемлекет болып баруға бекем бел байлап отырған Қазақстан да жандарыңызда болады!

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'nin 75'inci yılına ithaf edilen kutlamalı kabul töreninde yaptığı konuşma

29 Ekim 1998, Ankara

Sayın Süleyman Demirel beyefendi!
Sayın Nazmiye Demirel hanımefendi!
Hanımefendiler ile beyefendiler!

Bizler, Kazakistan heyetinin üyeleri, kardeş Türkiye'nin bize olan içtenliği ile iltifatını daha da ayrıcalıklı sezinlemekteyiz.

Sizin ülkeniz bugün müthiş bir kutlama, Cumhuriyetin kuruluşunun 75'inci yıl dönümü şenliği, yapmakta.

Türkiye'nin her bir vatandaşı için ayrıcalıklı önemi olan böyle bir günde ülkenize gelip, kıvancınıza ortak olmaya çağırdığınız için alçak gönüllülüğümle minnettarlığımı bildiriyorum.

Türkiye'nin bu itibarlı-şenliği, gerçek anlamda söz edilecek olay, sadece Sizlerin değil, bütün Türk dünyasının kutlaması. Çünkü büyük Kemal Atatürk hepimizin önünden ak yol açıp, demokratik laik devlet kurmanın örneğini gösterdi. Bu yolda Türkiye şaşırtıcı müthiş başarılara ulaşıp, küresel toplumda saygın konum aldı.

Türklerin atasının bağımsızlık ile bölgesel bütünlük hakkında açıkladığı öngörüleri gerçeğe dönüştü. Onun "endüstrisiz bağımsızlık yok" deyişindeki kaidesi gerçekleşip, Türkiye endüstrisi gelişen ülkeler arasına eklendi.

Sizin ülkenizin tecrübesi, bağımsız Kazakistan'a, geçici dönemin zorluklarını aşmakta, birliğini pekiştirip, siyasi istikrarı ilerletmekte, ekonomik reformları birbiri ardınca gerçekleştirmekte yardımcı oldu. Böyle belirsiz dönemde biz Türkiye'nin, siyasi ve ticari heyetlerinin dostça desteğini her daim sezdik, onun için de Kazakistanlılar Sizlerden samimiyetle razıdır.

Bugün Kazakistan Türkiye ilişkilerinin bütün alanlarda gelişmesini kanaatkârlık hisleriyle belirtmek gerek. Bizim siyasi ilişkilerimiz etkili gelişir. Bunun bölgedeki barış ile istikrarı kurmak için önemi büyük. İki taraflı temeldeki, aynı şekilde Ekonomik İşbirliği Teşkilatı kapsamındaki verimli ticari-ekonomik işbirliği bizim ülkelerimizin yakınlaşmasının önemli temeline dönüşüyor. Türk ticari heyetlerinin Kazakistan piyasasındaki etkinliği sürekli artıyor, şimdi onlar bizim ülkemizde yaklaşık 40 projeyi gerçekleştiriyor. Belirtmek gerekirse, bizim yeni payitahtımız Astana'nın bu dönemdeki inşaatlarını yapmaya ve kendine has yapılarını geliştirmeye katkıları büyüktür.

Kültürel-beşeri alandaki işbirliğimizi geliştirmenin sağlam zemini, bizim halklarımızın tarihi, kültürel ve manevi kardeşlik bağlarıdır. İki yıl sonra yapılacak olan Türk dünyasının manevi beşiği Türkistan şehrinin 2000'inci yıldönümü bizim halklarımızın ortak tarih ve kültürel gelişimindeki önemli dönem olacak diye düşünüyorum.

Saygıdeğer beyefendiler ve hanımefendiler!

Bugünkü şölen, Türk halkının Atatürk'ün işaret ettiği yolda yürümeye özel arzulu olduğunun ispatıdır. Bu yolda, gelecek asra kalkınmış demokratik devlet olarak ulaşmaya sağlam bel bağlayan Kazakistan da yanınızda olacaktır!

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде сөйлеген сөзі

2000 жылғы 19 қазан, Астана

Құрметті Президент мырза!
Құрметті ректор!
Қадірлі оқытушылар!
Қадірлі студенттер!

Сөзімді бастамай тұрып, заманауи әлем қауымдастығына етене кірігу жолында экономикалық және қоғамдық салада нық қадам жасап келе жатқан достас және бауырлас Қазақстанның оқу-білім саласында да дамып келе жатқанына куә болғаныма қуанышты екенімді білдіргім келеді. Қазақстандағы көптеген заманауи оқу орындарымен қатар бүгін өзіміз келіп отырған Еуразия университеті де осы салада жасалған қадамдардың ең көрнекті үлгісі болып табылады.

Сегіз мың студент үш тілде білім алып жатқан Еуразия университеті Қазақстанның ғана емес, Еуразия кеңістігіндегі ең алдыңғы қатардағы білім және ғылым орталықтарының бірі. Осы тамаша білім орталығының ректорат ғимаратын түрік компаниясының салғаны біз үшін ерекше қуаныш.

Баршаңызға мәлім, білім бүгінгі күннің ең негізгі күшіне айналып отыр. Жеткілікті деңгейде білім алмаған, оқымаған ұлттардың жағдайы шынымен өте мүшкіл болады. Барлық ұлттар халықаралық қауымдастық ішіндегі мәртебесін нығайтып, күшейту үшін біліммен сусындауға және оны өмірдің барлық саласына қолдануға мәжбүр. Білімнің ең негізгі бұлақтарының бірі - заманауи ұстанымдағы университеттер болып табылады. Осы жағынан алғанда, университеттер бір елдің дамып көркеюінде айқындаушы рөл атқарады.

Жаңалануды қамтамасыз ететін білімнің түп-негізі - оқу-білім. Барлық салада өзін көрсетіп отырған жаһандану үрдісінде зерттеуді және біліп үйренуді негізгі қағидасы ретінде айқындаған білімнің маңызын айтпаса да болады. Білімге үлкен мән берген ұлы Ататүрік осы қағидаға сүйене отырып, Түркия Республикасы құрылған жылдарда медреселерді жауып, Түркияда заман талаптарына сай заманауи оқу орындарының ашылуын қамтамасыз еткен. Ататүрік сияқты Жоғары Мәртебелі Н.Назарбаевтың басқа салалармен қатар, білім саласында да Қазақстандағы жаңалану үрдісінің көшбасшысы болып отырғанын көру мен үшін асқан қуаныш.

Түркия Қазақстанмен қарым-қатынасын барлық салада ілгерілетуге мүдделі. Саясат, экономика және сауда салаларында қарқынмен ұлғайып келе жатқан ынтымақтастығымызды оқу, білім саласында да кеңейткіміз келеді. Өйткені, қазіргі заманғы әлемде мемлекеттердің арасындағы байланыстарды қоғамға жаюдың жолы оқу орындары арасындағы ынтымақтастық арқылы жүзеге асады. Осы жол арқылы ұлттар арасындағы ортақ ұстаным, пайдалы білім және озық тәжірибемен алмасу мүмкін болады.

Осы орайда 1000-нан астам қазақ студентінің Түркиядағы университеттерде білім алып жатқанын қуанышпен атап өткім келеді. Сонымен қатар Қазақстандағы түрік лицейлерінде және бірлескен қазақ-түрік университетінде екі елдің көптеген жастары бірге оқып жатыр. Осы студенттер келешекте елдеріміз арасындағы достық байланыстарымызды одан әрі нығайтатын болады. Дамыған Қазақстанның мақтанышы болып табылатын Еуразия университетінің еркін және жаңашыл тұлғалар тәрбиелеуге үлес қосатынын айта отырып, баршаңызға құрметпен сүйіспеншілік сәлемімді жолдаймын.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in L.N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi'nde yaptığı konuşma

19 Ekim 2000, Astana

Saygıdeğer Cumhurbaşkanı!
Sayın Rektör!
Değerli öğretim üyeleri!
Sevgili öğrenciler!

Sözlerime, çağdaş dünya ile bütünleşme yolunda, ekonomik ve toplumsal alanlarda önemli atılımlar yapan dost ve kardeş Kazakistan'ın, eğitim alanında da gurur verici bir gelişme içinde olduğunu görmekten büyük bir mutluluk duyduğumu belirterek başlamak istiyorum. Kazakistan'da etkinlik gösteren çok sayıdaki çağdaş eğitim ve öğretim kuruluşunun yanı sıra, bugün içinde bulunduğumuz Avrasya Üniversitesi, bu alanda atılan adımların başarılı bir örneğini oluşturmaktadır.

Sekiz bin öğrencinin üç dilde eğitim gördüğü Avrasya Üniversitesi, Kazakistan'ın olduğu gibi Avrasya coğrafyasının da en seçkin eğitim ve bilim merkezlerinden biridir. Bu değerli eğitim kuruluşuna ait rektörlük binasının bir Türk firmasınca inşa edilmiş olması bize ayrıca kıvanç vermektedir.

Bilindiği üzere, bilgi, günümüzde en temel güç durumuna gelmiştir. Yeterli düzeyde bilgiye sahip olmayan uluslar gerçekten yoksul durumda sayılırlar. Tüm uluslar, uluslararası toplum içindeki konumlarını geliştirip, sağlamlaştırabilmek için bilgiye sahip olmak ve bu bilgiyi yaşamın her kesimine yaymak zorundadır. Bilginin en önemli kaynaklarından biri de, çağdaş eğitim anlayışına sahip üniversitelerdir. Bu yönüyle üniversiteler bir ülkenin gelişip kalkınmasında belirleyici bir rol oynamaktadırlar.

Çağdaşlaşmayı sağlayan bilginin temelinde de eğitim yatmaktadır. Küreselleşmenin her alanda kendini hissettirdiği günümüz dünyasında, araştırmayı ve sorgulamayı temel alan bir eğitim anlayışının önemi açıktır. Eğitime büyük önem veren Ulu Önder Atatürk, bu anlayıştan hareketle, Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluşunu izleyen yıllarda medrese eğitimine son vererek, Türkiye'de çağdaş eğitim kurumlarının yerleştirilmesini sağlamıştır. Aynı şekilde, Sayın Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in, diğer alanlarda olduğu gibi, eğitim alanında da Kazakistan'ın çağdaşlaşmasının mimarı olduğunu görmekten büyük bir mutluluk duyuyorum.

Türkiye, Kazakistan'la ilişkilerini her alanda daha ileri götürmek istemektedir. Siyasal, ekonomik ve ticari alanlarda hızla gelişen ilişkilerimizi ve işbirliğimizi eğitim alanına da yansıtmak amacındayız. Çünkü biliyoruz ki, çağdaş dünyada devletler arasındaki ilişkilerin toplumlara mal edilebilmesinin yolu, eğitim kurumları arasındaki işbirliğinden geçmektedir. Bu yoldan, uluslar arasında ortak bir anlayış, verimli bir bilgi ve deneyim değişimi gerçekleştirmek olanaklıdır.

Bu bağlamda, şu anda 1000'den fazla Kazak öğrencinin yüksek öğrenim görmek amacıyla Türkiye'de bulunduğunu memnunlukla belirtmek isterim. Ayrıca, Kazakistan'daki Türk okullarında ve ortak Türk-Kazak Üniversitesinde çok sayıda Türk ve Kazak genç birlikte eğitim görmektedirler. Bu öğrenciler, kuşkusuz ileride ülkelerimiz arasındaki kardeşlik köprüsünü daha da sağlamlaştıracaklardır.

Büyük Kazakistan'ın gurur kaynağı olan Avrasya Üniversitesi'nin özgür ve çağdaş bireylerin yetişmesine katkıda bulunacağı inancıyla, hepinizi saygı ve sevgiyle selamlıyorum.

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сөйлеген сөзі

2000 жылғы 20 қазан, Түркістан

Құрметті Президент мырза!
Құрметті ректор және оқытушылар!
Қадірлі студенттер!

Алдымен Қазақстанда, сондай-ақ Түркі әлемінде айрықша тарихи және мәдени мәні бар Түркістан қаласы құрылуының 1500 жылдығын осы жерде достас және туыстас қазақ халқымен бірге қарсы алып отырғаныма қуанышты екенімді білдіргім келеді.

Барша түркілердің назарын аударып отырған осы тарихи оқиғаны бөлісуге аса үлкен ілтипатпен мені шақырғаны үшін Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа және бауырлас қазақ халқына алғыс айтамын.

Түрік және қазақ халықтары географиялық жағынан алыс орналасқанына, ұзақ жылдар бойы ажырап кеткеніне және сыртқы себептерден пайда болған айырмашылықтарға қарамастан олардың тарихы, мәдениеті мен тілдерінің ортақ түп-тамырға негізделгенін ешқашан ұмытқан емес, сондықтан да әрдайым рухани жағынан бірге болды.

Осынау ортақтықтың ең басты символдарының біреуі - тарихи Түркістан қаласы. Алғаш іргетасы қаланған 5-ші ғасырдан 21-ші ғасырға дейін созылып жатқан уақыт ішінде Түркістан көптеген тарихи, саяси және мәдени оқиғалардың куәсі болды. Әр түрлі сыртқы ықпалдарға қарамастан, уақытқа мойын сұнбай, қарсы тұра отырып, ескі мен жаңаны, дәстүршілдік пен жаңашылдықты қатар алып жүрді. Осының арқасында түркі әлемінің ортақ мәдени және рухани мирасына айналды.

Түркістан қаласы түркі әлемі үшін көптеген қырымен ерекше мәнге ие. Баршаңызға мәлім, қаланың есімі ұлы Түркі ойшылы Қожа Ахмет Ясауидың атымен тең. Әзірет Түркістан, Пір Түркістан деп те аталатын Қожа Ахмет Ясауи шамамен 900 жыл бұрын жазған Диван-и Хикметі түркілердің мәдени әлеміндегі маңызды орнын күні бүгінге дейін сақтап келеді. Қожа Ахмет Ясауидің Анадолыны түріктендіруде алған орны ерекше. Ясауи ислам дінін білімді, шығармашылықты, басқа діндерге төзімділікпен қарауды және барша адамдарды сүюді, оларға құшақ жаюды ұйғарған қырымен танытқан. Тұңғыш түркі ойшылы ретінде танылған Ясауи келешекте де әрдайым жол сілтеуші ретінде жадымыздан орын алады.

Түркістан қаласы құрылуының 1500 жылдығына орай бүгін осы топырақта елеулі тарихи оқиғаның куәсі боламыз. Түркі әлемінің мақтанышы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күрделі жөндеу жұмыстары үкіметіміздің де қолдауымен аяқталды.

Жоғары Мәртебелі! Түркі әлемінің рухани символдарының бірі болып табылатын кесенені Сізбен бірге ашу мен үшін асқан бақыт.

Мұнымен қоса, Түркістан қаласында ұлы түркі ойшылының есімімен аталатын Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің де түркі әлемін бір біріне жақындастыратын және ортақ санамызды күшейтетін заманауи білім орталығы болатынын атап өткім келеді. Аталған университетте білім нәрімен бірге сусындап жатқан қазақ-түрік жастары, келешекте елдеріміздің арасындағы достыққа дәнекер болады.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde yaptığı konuşma

20 Ekim 2000, Türkistan

Sayın Cumhurbaşkanı!
Sayın Rektör ve öğretim üyeleri!
Sevgili öğrenciler!

Sözlerime, Kazakistan ve Türk Dünyası için büyük tarihi ve kültürel önemi olan Türkistan şehrinin kuruluşunun 1500. yıldönümünü burada dost ve kardeş Kazak Halkıyla birlikte kutlamaktan duyduğum mutluluk ve onuru dile getirerek başlamak istiyorum.

Tüm Türk Dünyasının kalbinin birlikte attığı bu tarihi olayı paylaşmak üzere yaptıkları nazik davet için Sayın Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'e ve kardeş Kazak halkına teşekkürlerimi sunuyorum.

Türk ve Kazak halkları, uzak coğrafyaya, uzun ayrılık yıllarına ve dış etkenlerden doğan değişikliklere karşın, tarihlerinin, kültürlerinin ve dillerinin ortak kökenlere dayandığının her zaman bilincinde olmuşlardır. Bu ortaklığın en önemli simgelerinden biri de tarihi Türkistan şehridir.

Kurulduğu 5. yüzyıldan 21. yüzyıla uzanan süreç içinde, Türkistan birçok önemli tarihi, siyasi ve kültürel olaylara tanıklık etmiş, her türlü dış etkiye karşın, yüzyıllara meydan okuyarak ve eski ve yeniyi, geleneksellik ve çağdaşlığı bir arada yaşatarak, Türk Dünyasının ortak kültürel ve manevi mirası olma özelliğini korumuştur.

Türkistan şehri Türk Dünyası için birçok açıdan özel anlam taşımaktadır. Bilindiği gibi, şehir büyük Türk düşünürü Hoca Ahmet Yesevi'nin adıyla özdeşleşmiştir. "Hazret-i Türkistan", "Pir-i Türkistan" adlarıyla da anılan Hoca Ahmet Yesevi'nin yaklaşık 900 yıl önce yazmış olduğu Türkçe "Divan-ı Hikmet"i Türk kültür dünyasındaki önemli yerini günümüzde de korumaktadır. Hoca Ahmet Yesevi'nin Anadolu'nun Türkleştirilmesinde çok önemli bir yeri vardır. Ahmet Yesevi, İslam'ın, bilimi, çalışmayı, üretmeyi, başka dinlere hoşgörüyle yaklaşmayı ve bütün insanları sevgiyle kucaklamayı öngören insancıl yönünü temsil etmiştir. İlk Türk düşünürü sayılan Hoca Ahmet Yesevi, Türk Dünyası için dün olduğu gibi bugün de, yol gösterici olmaya devam edecektir.

Türkistan Şehrinin 1500. kuruluş yıl dönümü vesilesiyle bugün burada önemli bir tarihi olaya da tanıklık edeceğiz. Türk dünyasının gurur duyduğu Hoca Ahmet Yesevi'nin Türbesinin onarım işleri Hükümetimizin de katkılarıyla tamamlanmış bulunmaktadır. Türk Dünyası'nın manevi birliğinin önemli simgelerinden biri olan Türbeyi yüce kişiliğiniz ile birlikte açmaktan büyük bir mutluluk duydum.

Ayrıca, Türkistan şehrinde bu büyük Türk düşünürünün adına kurulan Türk-Kazak Uluslararası Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin de, Türk Dünyasını birbirine yaklaştıran ve ortak anlayışı güçlendiren çağdaş bir eğitim ve öğretim merkezi olduğunu belirtmek istiyorum. Bu üniversitede birlikte okuyan ve başarıyla mezun olan Türk ve Kazak gençleri, ileride ülkelerimiz arasında yeni bir kardeşlik köprüsü kuracaklardır.

Türkiye Cumhuriyeti'nin katkılarıyla 1993 yılında kurulan Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Türkiye, Kazakistan ve diğer Orta Asya Cumhuriyetleri vatandaşı üniversite çağındaki gençlerin uluslararası eğitim ve çağdaş bilimin gereklerine uygun olarak eğitilmelerini temel hedef edinmiştir.

Түркия Республикасының қолдауымен 1993 жылы құрылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан, Түркия және Орта Азия Республикаларының азаматтары болып табылатын жастарды халықаралық және заманауи білімнің талабына сай оқытуды көздейді.

Университеттің негізгі білім беру философиясы демократиялық және заманауи мемлекет қағидаттарынан ауытқымайды. Көздеген мақсаты-келешек ғасырдың талабын қанағаттандыра алатындай деңгейде білім мен қабілетке ие, адам құқықтарын сыйлайтын тұлғалар тәрбиелеп өсіру.

Жыл сайын шамамен 12 мың студент түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алып жатқан университеттің аталған білім қағидаттарын абыроймен жүзеге асырып жатқаны мені асқан қуанышқа бөледі. Барлық заманауи білім мүмкіндігімен жарақтандырылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім берумен қатар, мәдени, шығармашылық және спорттық іс-шаралар бойынша қол жеткізген табыстары да біз үшін үлкен қуаныш.

Университеттің жақын келешекте Еуразия өңірінің ең алдыңғы қатарлы білім ұясына айналатынына кәміл сенемін. Сондай-ақ Түркия мен Қазақстан арасындағы достықты күшейте отырып, бейбітшілік пен демократияға сенетін ұрпақ тәрбиелеп шығаруға қосатын үлесі сөзсіз. Университете білім алып жатқан студенттердің осындай ой мен сезімде елдерінің дамуы мен заманауи әлеммен етене кірігу ұмтылыстарында алдыңғы қатарда болатындарына сенемін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін қысқа мерзімде заманауи білім ұясына айналдырған университет президентін, ректорды және проректорлардан бастап барлық оқытушылармен студенттерді құттықтаймын.

Осындай сезіммен және ойлармен Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы Қазақстан мен түркі әлемі үшін құтты болсын дей отырып, мәңгілік тәуелсіз және егемен болатын Қазақстанның достас, бауырлас халқына игілік пен тыныштық тілеймін.

Üniversitenin eğitim felsefesi demokratik ve laik çağdaş devlet ilkelerine bağlı, gelecek yüzyılların gereksinimlerine cevap verebilecek düzeyde bilgi ve beceri ile donanmış, insan haklarına saygılı bireyler yetiştirmektir.

Yılda yaklaşık 12 bin öğrencinin Türkçe, Kazakça, Rusça ve İngilizce dillerinde eğitim gördüğü üniversitenin sözü edilen eğitim ilkelerinin yaşama geçirilmesinde kaydettiği başarıyı görmekten büyük mutluluk duyuyorum. Çağdaş eğitim olanaklarıyla donatılmış bulunan Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin eğitimin yanı sıra kültürel, sanatsal ve sportif etkinliklerde kazandığı başarılar bizim için gurur kaynağı olmaktadır.

Üniversitenin kısa gelecekte Avrasya bölgesinin önde gelen eğitim kuruluşlarından biri olacağına inanıyorum. Üniversite, Türkiye ve Kazakistan arasındaki dostluğun pekiştirilmesinin yanı sıra, barışa ve demokrasiye inanan kuşakların yetişmesine kuşkusuz büyük katkıda bulunacaktır. Üniversitede öğrenim gören öğrencilerin bu duygu ve düşüncelerle ülkelerinin kalkınma ve modern dünyayla bütünleşme çabalarına öncülük edeceklerine inanıyorum.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'ni kısa bir süre içerisinde çağdaş bir eğitim yuvası haline getiren başta Mütevelli Heyeti Başkanı, Rektör ve Rektör Yardımcısı olmak üzere, tüm öğretim üyeleri ve öğrencileri kutlarım.

Bu duygu ve düşüncelerle, Türkistan'ın 1500. yıldönümünün Kazakistan ve Türk Dünyası için hayırlı olmasını diliyor, sonsuza kadar bağımsız ve egemen kalacak olan Kazakistan'ın dost ve kardeş halkına gönenç ve barış dolu bir gelecek diliyorum.

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің саммитінде сөйлеген сөзі

2002 жылғы 4 маусым, Алматы

Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаев!
Құрметті Төрағалар!
Құрметті Премьер-министрлер!
Қадірменді қауым!

Бауырлас Қазақстанда болу мен үшін бақыт екенін білдіре отырып, сөзімді бастағым келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаевтың 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қауіпсіздік кеңесінде Азияда қауіпсіздік және ынтымақтастық үрдісін бастау жөнінде көтерген бастамасының уақыт өте келе пісіп жетіліп, бүгінгі күнде мемлекет және үкімет басшылары деңгейіндегі құжатқа қол қоятындай дәрежеге жетуі, алдымен Қазақстанның осы кең құрлықтың бейбітшілігіне, қауіпсіздігіне және тұрақтылығына қосқан үлесінің нәтижесі болып табылады.

Өткен ғасырдың соңғы он жылында әлемде үлкен тарихи бет бұрыстар болды. Қырғи-қабақ соғыс бітті, блоктардың арасындағы тайталастық негіздегі алауыздықтардың орнына ынтымақтастыққа бағытталған қауіпсіздік ұстанымы пайда болды. Қауіпсіздік пен тұрақтылықтың бір-бірін толықтыратын ұғымдар екені айқын ұғынила бастады. Бір тұтас қауіпсіздік қағидаты шеңберінде бір елдің қауіпсіздігінің басқа елдердің қауіпсіздіктерімен байланысы тығыз екендігі белгілі болды.

Құрметті Президент мырза!

Бір елдің қауіпсіздігінің күшейгенінен басқа елдің қауіпсіздігінің әлсіремейтіні де саналарға орныға бастады.

Осындай елеулі бет бұрыстармен қатар қауіп-қатер ұғымдары да түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Терроризм, жаппай қырып-жоятын қарулардың жайылуы, ұйымдасқан қылмыс, есірткі құралдарымен қаружарақтың заңсыз айналымы, ксенофобия, ұлтшылдық, агрессивтік ұлтшылдық сияқты халықаралық қауіпсіздікке және бейбітшілікке қауіп төндіретін жаңа проблемалар барлық ұлттарға ықпал ете бастады. Мұндай проблемалардың трансқұрлықтық ерекшеліктері, бүгінгі таңда ауқымды қауіпсіздік ұстанымына, халықаралық ынтымақтастыққа сүйене отырып жүргізілуіне деген қажеттілікті ұлғайтуда.

Қауіпсіздік пен тұрақтылықтың қамтамасыз етілуіне негізделген жаһандық реттеулердің ізгі ниетпен және байсалды түрде жүргізілуі де маңызды бір фактор. Басым бөлігі қаруларды бақылау, қарусыздану, қауіпсіздік және сенім шараларынан тұратын осы реттеулер қауіпсіздікпен тұрақтылықтың негізгі шеңберін құрайды.

Осы орайда, Түркияның жаппай қырып жоятын қарулары жоюдың алдыналуын үйғаратын халықаралық келісімдермен реттеулерді қолдайтынын атап өткім келеді. Түркия конвенциялық қарулардың бағасының түсірілуі мәселесінде тарихтың ең ауқымды реттеушісі болып табылатын Еуропа да конвенциялық қарулы күштер шартын жақтайды.

Сонымен қоса, Еуразия кеңістігін қамтитын және саяси тәуелділігі бар сенім және сенім шаралары құжаттарын да жақтайтындардың арасында орын алуда. Алайда, Түркияның жақын аймағына қарайтын болсақ, өңірлік қарулардың қадағалануы,

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı Zirvesinde yaptığı konuşma

4 Haziran 2002, Almatı

Sayın Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev!
Sayın Başkanlar!
Sayın Başbakanlar!
Değerli temsilciler!

Kardeş Kazakistan'da bulunmaktan duyduğum mutluluğu belirterek sözlerime başlamak istiyorum. Kazakistan Cumhurbaşkanı Sayın Nursultan Nazarbayev'in 1992 yılında Birleşmiş Milletler Genel Kurulunda Asya'da bir güvenlik ve işbirliği süreci başlatılması yönünde yaptığı önerinin, zaman içinde olgunlaştırılarak, bugün Devlet ve Hükümet Başkanları düzeyinde bir belge imzalanması aşamasına getirilebilmiş olması, her şeyden önce Kazakistan'ın bu çok geniş bölgenin barışına, güvenliğine ve istikrarına yaptığı katkıların bir sonucudur.

Sayın Cumhurbaşkanı,

Geçen yüzyılın son on yıllık döneminde dünyamızda, tarihsel gelişmeler yaşanmıştır. Bu dönemde Soğuk Savaş sona ermiş, bloklar arası rekabete dayanan çekişmeler yerini işbirliğine dayalı güvenlik anlayışına bırakmıştır. Güvenlik ve istikrar kavramlarının birbirlerini tamamlayan özellikleri daha iyi anlaşılmaya başlamıştır. Güvenliğin bölünmezliği ilkesi çerçevesinde, bir ülkenin güvenliğinin, diğer ülkelerin güvenliğiyle bağlantısının yadsınamayacağı ortaya çıkmıştır. Bir ülkenin güvenliğindeki artışın, bir başka ülkenin güvenliğindeki eksilme anlamına gelmemesi gerektiğinin bilincine de varılmıştır.

Bu önemli gelişmelere koşut olarak, tehdit kavramlarında da köklü değişiklikler olmuştur. Terörizm, kitle imha silahlarının yayılması, örgütlü suçlar, uyuşturucu madde ve silah kaçakçılığı, yabancı düşmanlığı, ırkçılık, saldırgan ulusçuluk gibi, uluslar arası güvenliği ve barışı tehdit eden yeni sorunlar tüm ulusları etkilemeye başlamıştır. Bu sorunların ulusal sınırları aşan nitelikleri, günümüzde kapsamlı bir güvenlik anlayışının, uluslararası işbirliğine dayalı olarak yürütülmesi gereksinimini artırmıştır.

Güvenliğin ve istikrarın sağlanmasına yönelik küresel düzenlemelerin iyi niyetle ve ciddiyetle uygulanması önem taşımaktadır. Büyük bir bölümü silahların denetimi, silahsızlanma, güven ve güvenlik artırıcı önlemler niteliğindeki bu düzenlemeler, güvenliğin ve istikrarın temel çerçevesini oluşturmaktadır. Bu bağlamda, Türkiye'nin, kitle imha silahlarının yayılmasının önlenmesini öngören tüm uluslararası antlaşmalara ve düzenlemelere taraf olduğunu belirtmek isterim. Türkiye, konvansiyonel silahların indirimi konusunda tarihin en kapsamlı düzenlemesi olan Avrupa'da Konvansiyonel Silahlı Kuvvetler Antlaşmasına da taraftır. Türkiye ayrıca, Avrasya coğrafyasını kapsayan ve siyasal bağlayıcılığı olan güven ve güvenlik artırıcı önlemler belgelerinin de tarafları arasında yer almaktadır. Bununla birlikte, Türkiye'nin yakın coğrafyasına bakıldığında, bölgesel silahların denetimi, silahsızlanma, güven ve güvenlik artırıcı önlemler yönünden içinde bulunduğumuz durumun oldukça yetersiz olduğu görülmektedir. Türkiye, bu nedenle, komşularıyla ikili ve çok taraflı düzenlemelere gidilmesi için çaba harcamaktadır.

қарусыздану, сенім және сенім шараларына қатысты қазіргі жағдайымыз сондайлықты жақсы деп айтуға келмейді. Сондықтан Түркия көршілерімен екіжақты және көпжақты келісім жасау үшін күш жұмсауда.

Дәл осындай ұстаныммен Түркия Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес үрдісін бастапқы кезеңнен бүгінге дейін қолдап келеді, үрдістің әр сатысында өз үлесін қосты және оның тек қана өңірлік бейбітшілікпен тұрақтылыққа ғана емес, әлемдік бейбітшілікке де үлес қосатынына сенеді. Кеңеске қатысатын елдердің әртүрлі тақырыптардағы көзқарастарына, тіпті екіжақты өзара проблемаларына қарамастан бас қосуларын маңызды деп есептейміз.

Қатысушы елдер мүдделерінің, ортақ идеямыз болып табылатын бейбітшілік, тұрақтылық, қауіпсіздік және ынтымақтастық ұғымдары төңірегінде үйлесім табулары, осы үрдістің жұмысын жемісті қылады.

Бұл Кеңес қамтитын кеңістікте тек қана өңірлік емес, жаһандық деңгейде де қауіпсіздік пен тұрақтылыққа кері ықпалын тигізетін және халықаралық қауымдастықты едәуір алаңдататын проблемалар да бар. Осы проблемалардың бүгін қол қойылатын Алматы Актісіндегі байланыстар мен механизмдерді деп айдалана отырып, шешімін табуына шын жүректен тілектеспін.

Алматы Актісі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мақсатымен біз жүргізетін ынтымақтастықтың негізгі қағидаларын көрсетеді. Актіде барлық мемлекеттердің бейбітшілік, еркіндік және игілік ортасында өмір сүре алатын, біртұтас және бөлінбейтін қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру мәселесіндегі табандылығымыз баяндалуда. Осы құжаттың барлық елдер тарапынан ізгі ниетпен жүзеге асырылатына және Алматы үрдісінің алдағы жылдарда одан әрі тереңдейтініне сенемін.

Қауіпсіздікті жоятын қатерлер ауқымында терроризм, халықаралық қауымдастықты алаңдатып отырған ең үлкен проблемалардың бірі. Терроризмнен орасан зор зардап шеккен Түркия оның қандай қасіреттер әкелетінін өте жақсы білетін елдердің арасында алдыңғы қатарда. Осы жағдай, Түркияны терроризмге қарсы өте табанды түрде күресіп жатқан елдердің арасына әкеліп қосты. Түркия терроризмнің тек бір елдің шекарасында ғана емес, онымен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықтың қажет екенін бірнеше жылдан бері әлем қауымдастығына түсіндіру үшін күш салуда. Терроризмнің заманымыздың індетіне айналуында «мені шақпаған жылан мың жасасын» деген ұстанымның үлкен ықпалының бар екенін қынжыла отырып айтқым келеді.

11 қыркүйекте болған террористік шабуылдарды да қоса алатын болсақ, көптеген қайғылы жағдайлар, ынтымақтастықты алға қоя отырып терроризммен табанды түрде күрестің шарт екенін дәлелдеп берді. Өзіміз бастан кешірген жағдайлар, бізге терроризм шекарасының жоқ екенін, оны ешбір мәдениет немесе өркениетке телімеу керектігін көрсетіп берді. Оның себебі және сылтауының болуы еш мүмкін емес. Адам баласының еңбасты құқы -өмір сүру құқына қарсы бағытталған іс-әрекет ретінде пайда болған терроризм адам құқынң ауыр таптау болып табылады.

Терроризмен күресуде адам құқықтарының негізгі өлшемдерімен құқықтық мемлекет қағидаттарының сақталуы да үлкен мәнге ие. Бүгін біз қол қоятын Алматы актінде терроризмге қатысты орын алған баптарға қосымша ретінде терроризмнің жойылуын және өркениет аралық диалог тақырыбын қамтитын декларация жариялауымыз осы отырыстың маңызын күшейтті.

Өзге мәдениеттер мен саяси құрылымдарға ие елдер қатысып отырған осы кеңес терроризммен жаһандық деңгейде күресуді белгілі мәдениет, дін немесе ұлыстарға қарсы бағытталған бір бұрмалауға айналмау мақсатымен халықаралық қауымдастыққа үндеу жасау үшін өте ыңғайлы бір тұғырнама болып отыр. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық мәдениеттер мен өркениеттердің жұмыла отырып, терроризмді жоя алатынына сенімім мол екенін білдіргім келеді.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі жұмысының он жыл бойы табандылықпен жүруін, үрдістің маңызды құжатының қабылдануымен және декларацияның жариялануымен жаңа сапалық деңгейге өтуін қамтамасыз еткен Қазақстан Президенті, қымбатты досым, Президент Н.Назарбаевқа, осы Кеңестің өтуіне үлес қосқан қазақ тарапының барша жауапты тұлғаларына шынайы алғысымды білдіремін. Жиынға қатысқан мемлекет басшыларына, премьер-минстрлерге және басқа өкілдерге амандық тілеймін.

Türkiye, aynı anlayışla, Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı sürecini, başlangıcından bu yana güçlü biçimde desteklemiş, sürece her aşamasında katkıda bulunmuş ve bu sürecin yalnız bölgesel barışa ve güvenliğe değil, küresel barışa ve güvenliğe de katkı sağlayacağına inanmıştır. Konferansa katılan ülkelerin, çeşitli konulardaki farklı görüşlerine ve hatta kimi ikili sorunların varlığına karşın bir araya gelebilmiş olmaları önemlidir. Katılımcı ülkelerin çıkarlarının, ortak ülkümüz olan barış, güvenlik, istikrar ve işbirliği kavramları üzerinde uyumlaştırılması, bu sürecin başarısını oluşturmaktadır.

Bu konferansın kapsadığı coğrafyada yalnızca bölgesel değil, küresel düzeyde de güvenlik ve istikrarı etkileme konumunda olan ve uluslararası toplum için ciddi kaygı kaynağı olan sorunlar bulunmaktadır. Bu sorunların bugün imzalanacak Almatı Senedi'nde yer alan ilişkiler ve düzeneklerden de yararlanılarak çözüme kavuşturulmasını içtenlikle diliyorum.

Almatı Senedi, güvenliğin ve istikrarın pekiştirilmesi amacıyla yapacağımız işbirliğinin temel ilkelerini ortaya koymaktadır. Senette, tüm devletlerin barış, özgürlük ve gönenç içinde yaşadıkları, ortak ve bölünmez bir güvenlik alanı yaratılmasına ilişkin kararlılığımız açıklanmaktadır. Bu belgenin tüm taraf ülkelerce iyi niyetle uygulanacağına ve Almatı sürecinin önümüzdeki yıllarda daha da derinleştirileceğine inanıyorum.

Güvenliğe yönelik tehditler kapsamında terörizm, uluslararası toplumun bugün karşı karşıya olduğu en önemli sorunların başında gelmektedir. Terörden büyük zarar gören Türkiye, terörizmin acılarını en iyi anlayabilecek ülkelerin başında gelmektedir. Bu durum, Türkiye'yi aynı zamanda terörizmle en etkin biçimde savaşan ülkeler arasına sokmuştur. Türkiye, terörizmin sınır tanımadığını, terörizme karşı savaşımda uluslararası işbirliğinin gerekli olduğunu yıllardır uluslararası topluma anlatmaya çalışmaktadır. Terörizmin çağımızın vebası haline gelmesinde "beni sokmayan yılan bin yaşasın" anlayışının önemli bir rolü olduğunu üzülerek belirtmek isterim.

Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбырының былтырғы жылы іске қосылуы және Қазақстанның осы жобаға қатысуы екі ел арасындағы байланыстарды өте маңызды бір белеске шығарды. Достас ел Қазақстанға келген әрбір сапарымда елдің Президенті Н.Назарбаевтың лидерлігімен экономикалық салада қолжеткізген жоғары белесіне және осы жолда жүргізіліп жатқан ұмтылыстарына куә болғаным үшін бақыттымын.

Құрметті Президент, Қадірлі бауырым Нұрсұлтан Назарбаев, Құрметті Министр мырзалар, Қадірменді Қазақ және Түрік іскер адамдары, Қадірлі қонақтар!

Қазақстан Түркияның сауда-экономикалық байланыстары тұрғысынан алғанда өңірдегі ең маңызды әріптесі болып табылады. Қарқынды түрде ұлғайып келе жатқан өзара сауда айналымы, қанат жайып келе жатқан инвестициямыз, түрік мердігерлерінің Қазақстанның барлық аймағында қолға алынған ауқымды жобалары мен іскер адамдарымыздың басқа секторларға негізделген қызметтері елдерімізді бір-біріне одан әрі жақындастыруда.

Сауда айналысымыз биылғы жылдың соңынан бастап, екі миллиард доллардан асып түседі деген үміттеміз. Мұның ең қысқа мерзімде бес миллиард долларға көтерілуі де мүмкін. Алдағы уақытта осы көрсеткішті 10 миллиард долларға жеткізу үшін екі елдің әлеуеті жетеді.

Осы орайда, кеше екі елдің министрлері өзараларында қол қойған ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы мен

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan-Türkiye İş Forumu'nda yaptığı konuşma

14 Aralık 2007, Astana

Sayın Cumhurbaşkanı, Değerli Kardeşim Nursultan Nazarbayev!

Sayın Bakanlar!

Değerli Kazak ve Türk işadamları!

Sayın konuklar!

Öncelikle dost ve kardeş ülke Kazakistan'da bulunmaktan dolayı duyduğum memnuniyeti ifade etmek istiyorum. Bana ve heyetime gösterdiğiniz hüsnükabul için tekrar teşekkür ediyorum.

Türkiye ve Kazakistan uluslararası barış ve güvenlik açısından öncelikli coğrafyalarda sorumlu, güvenilir ve katkılarına değer verilen ülkelerdir. Her iki ülkenin ortak amacı kendi bölgelerinden başlayarak dünyanın diğer bölgelerine doğru genişleyen bir barış ve refah çemberi oluşturmaktır. İki ülke halkları arasındaki ortak kültür ve kardeşlik bağları ilişkilerimize müstesna bir nitelik kazandırmaktadır.

Ekonomik ve ticarî ilişkilerimiz ise ikili ilişkilerimizin önemli boyutlarından birini oluşturmaktadır. Çok değerli kardeşim Sayın Nursultan Nazarbayev'in ve benim bu foruma katılmamız ekonomik ve ticarî ilişkilerimizin gelişmesi için her iki tarafta da güçlü bir siyasî iradenin olduğunu göstermektedir. Forumun iki ülke arasındaki ekonomik ve ticarî ilişkilere katkı sağlayacak biçimde sonuçlanacağından eminim.

Kazakistan istikrarlı yönetimi, zengin yeraltı ve yerüstü kaynakları ve jeostratejik konumuyla uluslararası toplumun ilgi odağı olan ülkelerin başında gelmektedir.

Bakü-Tiflis-Ceyhan Boru Hattı'nın geçen sene hizmete girmesi ve Kazakistan'ın Bakü-Tiflis-Ceyhan'a katılmış olması iki ülke arasındaki ilişkilere çok önemli bir boyut kazandırmıştır. Dost ülke Kazakistan'ı her ziyaretimde ülkenin Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in liderliğinde ekonomik alanda kat ettiği önemli mesafeye ve bu yönde sürdürülen gayretlere şahit olmaktan mutluluk duyuyorum.

Sayın Cumhurbaşkanı, Değerli Kardeşim Nursultan Nazarbayev,

Sayın Bakanlar, değerli Kazak ve Türk işadamları, Sayın konuklar;

Kazakistan, Türkiye'nin ticarî ve ekonomik ilişkileri bakımından bölgedeki en önemli ortağıdır. Hızla artan ticaret hacmimiz karşılıklı olarak artış gösteren yatırımlarımız, Türk müteahhitlerin Kazakistan'ın geneline yayılan geniş projeleri ve işadamlarımızın diğer sektörlere yönelik faaliyetleri ülkelerimizi birbirine daha da yakınlaştırmaktadır.

Ticaret hacmimizin bu yılsonu itibarıyla iki milyar doları aşması beklenmektedir. Bunun en kısa zamanda beş milyar doları geçmesi söz konusudur. İlerde 10 milyar dolara ulaşması için iki ülke gerekli potansiyele sahiptir.

Bu bağlamda dün iki ülkenin ilgili bakanları arasında imzalamış olduğumuz uzun vadeli ekonomik işbirliği programı ve icraat planı ticarî ilişkilerin kuvvetlendirilmesini ve iki ülke arasında elverişli bir yatırım ortamının oluşturulmasını hedeflemektedir. Anılan belge ayrıca petrol ve gaz taşıma alanlarında

жұмыс бағдарламасы сауда байланыстарының нығаюын, арамызда қолайлы инвестиция ортасын қалыптастыруды көздеуде. Аталған құжат сонымен қатар, мұнай мен газ тасымалдау салаларында орта және ұзақ мерзімді екі жақты ынтымақтастықтың дамуды, көлік инфрақұрылымын неғұрлым пайдалы қолдануды, ауылшаруашылығы мен туризм секторларында бірлескен жобаларды іске асыруды, еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы ынтымақтастықтың күшейтілуін көздеуде.

Қадірлі бауырым, Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге осы мақсаттарға қол жеткізу үшін сіздерге, іскер адамдарға барша көмекті беруге дайынбыз.

Қымбатты қонақтар!

Үкімет пен ел басқаратын лидерлердің міндеті-өзара сауда және инвестиция ортасын қалыптастыру болып табылады. Біз осы ортаны дайындап, үстінен жүретін рельсті төсегеннен кейін бұл жерде жүру оңай болады және іс байланысын сіздер жүзеге асырасыздар. Қазіргі күнде жекеменшік сектор барлық істің негізгі өзегі болып табылады.

Қазақстанда да жекеменшік сектор барған сайын нығайды және басты экономикалық іс-әрекетті жекеменшік сектор жүзеге асыра бастады. Түркияда да дәл осылай жеке сектор ұлғаю мен өркендеу локомотиві болды. Сондықтан екі елдің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қанат жаюы жекеменшік секторлар арасындағы ынтымақтастық, ортақ инвестиция және іс-әрекетпен қамтамасыз етіледі. Біздер қол қойған құжаттармен осы ортаны дайындаймыз. Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге осы жиынға қатысуымыздың өзі, сіздерді ашық түрде осы бағытта ынталандыру болып табылады. Сіздер бір-бірлеріңізбен үзбей байланыста боласыздар, біз қолдау көрсете береміз.

Құрметті Президент мырзаға Сіздердің алдарыңызда алғысымды білдіргім келеді. Шынымен осындағы таңдаулы, аса қадірлі іскер адамдарға ол әрдайым қолдау көрсетті. Тіпті ашық түрде айтатын болсам, түрік іскер адамдарымыз бізге қарағанда Жоғары мәртебелі Президент Н.Назарбаевты өте жақсы таниды, мүмкін оның қабылдауында көбірек болды. Осы орайда, түрік іскер адамдарына көрсеткен сенімі мен құрметі үшін арнайы алғыс айтамын. Қазіргі таңда әсіресе Қазақстанның құрылыс секторында екі мыңға тарта түрік фирмалары жұмыс істеп жатыр. Түркия энергия секторынан тыс салада Қазақстанға ең көп инвестиция салған ел деген мәртебеге ие болып отыр.

Алайда, осылардың барлығына қарамастан, менің алдымда Жоғары мәртебелі Н.Назарбаев атап өткендей, тек қана құрылыс немесе белгілі секторларда ғана емес, сонымен қатар, әсіресе энергиямен басқа да осымен байланысты секторларға да іскер топтарымыздың инвестиция салулары керек. Президент мырза осы мәселе туралы ашық үндеу тастады. Әрине, ауқымды инвестиция үшін қомақты капиталда керек. Сондықтан Түркиядағы үлкен фирмалардың, әсіресе консорциумдар құра отырып аталған салаға енулері үшін өздеріңіз көріп отырғандай, кең ынталандыру жұмыстары жүріп жатыр. Ең маңыздысы, іскер топтардың қызығушылығы бар.

Осыған орай мен де мынандай үндеу тастағым келеді. Түркияның, текқана Түркияда емес, әлемнің барлық қиысында өзін көрсеткен үлкен фирмалардың Еуразия мен Азияның шоқтығы биік жұлдызы Қазақстанға инвестиция салуы, шынымен үлкен мүмкіндікті пайдалану деген сөз. Мұның жүзеге асатынына сенімім мол.

Түрік іскер адамдары тарапынан Қазақстанға салынған инвестициялардың көлемі бір миллиард доллардан асып түсті. Бірақ әлеуетке назар аударсақ, мұның әлі де жеткіліксіз екені аян. Сонымен бірге түрік құрылыс компанияларының Қазақстанның қайтадан абаттандырылуы үрдісінде орындаған жобаларының жалпы құны жеті миллиард долларға жетті.

Іскер адамдарымыз тағам өнімдерінен құрылыс заттары өнімдеріне, фармацевтика, химия өндірісі мен телекоммуникация саласына, банк ісінен қонақүй құрылысына дейін көптеген салада абыройлы қызмет атқаруда. Осы орайда, Қазақстанға инвестиция салуды одан әрі кеңейту үшін ынталандырылып отырған іскер топтарымыздың бөгет және станция құрылысы сияқты ауқымды инфрақұрылыс жобаларына қатысуларын қалаймыз.

Құрметті Президент!

Құрметті министр мырзалар!

Қадірменді қазақ және түрік іскер адамдары!

orta ve uzun vadeli ikili işbirliğinin geliştirilmesini, ulaştırma altyapısının etkin kullanılmasını, tarım ve turizm sektörlerinde birlikte faaliyet gösterilmesini, çalışma ve sosyal güvenlik konularındaki ilişkilerin kuvvetlendirilmesini öngörmektedir.

Değerli kardeşim Sayın Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev ile bu hedeflere ulaşılması için siz değerli işadamlarımıza her türlü desteği vermeğe hazırız.

Değerli Konuklar; hükümetlerin ve ülkeyi yöneten liderlerin görevi karşılıklı ticaret ve yatırım ortamını hazırlamaktır. Bizler bu ortamı hazırlayıp üstünde yürünecek rayları döşedikten sonra burada yürümek ve işbirliği yapmak sizlere aittir. Bugünkü dünyada özel sektör esas faaliyetlerin ana odağı olmuştur. Kazakistan'da da özel sektör giderek güçlenmiş ve esas ekonomik faaliyetleri özel sektör yapmaya başlamıştır. Türkiye'de de aynı şekilde özel sektör artık büyümenin ve kalkınmanın lokomotifi olmuştur. Dolayısıyla iki ülke arasındaki ticarî, ekonomik işbirliğinin artması da özel sektörlerimiz arasındaki işbirliği, ortak yatırım ve ortak çalışmayla olacaktır.

Bizler, işte imzaladığımız belgelerle, bu ortamı hazırlıyoruz. Burada Sayın Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev ile benim bulunmam sizi açıkça bu yönde teşviktir. Sizler uğraşacaksınız, bir araya geleceksiniz, bizler sizlere zaten desteği veriyoruz.

Sayın Cumhurbaşkanı'na burada teşekkür etmek istiyorum. Gerçekten aranızda bulunan seçkin, değerli işadamlarımıza daima öncelik vermiştir, daima destek vermiştir, hatta burada açıkça itiraf da etmek isterim, bizden çok onları kendisi tanımaktadır. Belki bizim ofislerimizden daha çok Sayın Cumhurbaşkanı'nın ofisinde bulundu buradaki değerli işadamlarının birçoğu. Bu bakımdan kendisine Türk işadamlarına gösterdiği güven ve itimat için ayrıca bir kez daha teşekkür ediyorum.

Bugün Kazakistan'da çoğunluğu inşaat sektörü olmak üzere iki bine yakın Türk şirketi bulunmaktadır. Türkiye enerji sektörü dışında Kazakistan'a en çok yatırım yapan ülke konumundadır.

Ama bütün bunlara rağmen, biraz önce Sayın Cumhurbaşkanı söyledi, sadece inşaat ve belli sektörler değil, özellikle enerji başta olmak üzere üretimle ilgili, sanayi ile ilgili diğer sektörlere de işadamlarımızın yatırımlar yapması için çok açık davette bulundu. Tabii ki bu büyük yatırımlar için büyük sermayeler de gerekmektedir. Bunun için Türkiye'deki büyük şirketlerin hatta konsorsiyum oluşturarak bu sahalara girmeleri için gördüğünüz gibi büyük bir teşvik var, teşvikin de ötesinde arzu var.

Onun için ben de burada bu çağrıyı yapıyorum: Türkiye'nin büyük, kendisini sadece Türkiye'de değil, dünyanın her tarafında ispatlamış şirketlerinin Avrasya'nın, Asya'nın yükselen yıldızı hâline gelmiş olan Kazakistan'a yatırım yapmaları gerçekten büyük bir fırsatın değerlendirilmesidir; inanıyorum ki bunlar gerçekleşecektir.

Türk işadamları tarafından Kazakistan'da gerçekleştirilen yatırımlar bir milyar doları aşmıştır. Ama potansiyeli düşündüğümüzde bunun büyük olmadığı da açıkça ortadadır. Ayrıca Türk müteahhitlerince Kazakistan'ın yeniden imarı sürecinde üstlenilen projelerin toplam değeri yedi milyar dolara ulaşmıştır.

İşadamlarımız gıda ürünlerinden inşaat malzemeleri ürünlerine, ilâç, kimya sanayinden telekomünikasyon alanına, bankacılıktan otel yapımına kadar birçok sektörde başarıyla faaliyet göstermektedirler. Bu çerçevede Kazakistan'a daha fazla yatırım yapmaya teşvik ettiğimiz işadamlarımızın baraj ve santral yapımı gibi büyük altyapı projelerinde yer almalarını arzu ediyoruz.

Sayın Cumhurbaşkanı!

Sayın Bakanlar!

Değerli Kazak ve Türk işadamları!

Sayın konuklar!

Kazakistan'ın ekonomideki hızlı ve istikrarlı kalkınması iki ülke arasındaki işbirliği imkânlarını arttırmaktadır. Bu çerçevede Kazakistan sermayesinin Türk ekonomisine olan ilgisinin son yıllarda giderek arttığına memnuniyetle şahit olmaktayız. Türkiye'de yatırım yapmış olan Kazakistan firmalarının sayısı 181'e ulaşmış bulunmaktadır. Kazak kardeşlerimizi Türkiye'de rafineri yapımı, madencilik, finans ve turizm gibi pek çok alandaki projelerde görmek istiyoruz. Bu bağlamda başarılı örnekler başlamıştır, özellikle bankacılık sektöründe, turizm sektöründe. İnanıyorum ki bunu rafineri ve petrokimya tesislerindeki yatırımlar takip edecektir. Bu konuda nasıl Kazakistan Türk işadamlarına burada ev sahipliği yapmışsa, onlara yakın ilgi göstermişse,

Қадірлі қонақтар!

Қазақстан экономикасының қарқынды және тұрақты дамуы екі ел арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін молайтуда. Осы орайда, Қазақстан капиталының түрік экономикасына деген қызығушылығының соңғы жылдары артып келе жатқанына ризашылықпен куә болып отырмыз. Түркияға инвестиция салып отырған Қазақстан капиталының саны 181-ге жетті. Қазақ бауырларымызды Түркияда мұнай өңдеу, металлургия, қаржы және туризм сияқты көптеген салалардағы жобаларға атсалысуларын тілейміз. Осы ретте, көрнекті үлгі боларлық мысалдарды көрсетуге де болады. Қазақстандық фирмалар әсіресе банк, туризм саласында абыройлы істер атқаруда. Өңдеу және мұнай-химия өндіріс орындарындағы жобаларды да қадағалайтын болады. Осы мәселеде Қазақстан мемлекеті түрік іскер топтарына қандай қолдау жасаған болса, ілтипат көрсеткен болса, мұнда біз де қазақ іскер адамдарына дәл сондай ілтипат көрсететінімізге сіздерді сендіргім келеді.

21 қараша күні Тбилисиде негізін біз қалаған Баку-Тбилиси-Карс темір жолы жобасына Қазақстанның қатысуы екі ел арасындағы көлік байланысында өте үлкен маңызға ие. Ынтымақтастығымызды дамыту үшін осы жобада бірге жұмыс атқаратын боламыз. Өйткені, көліктегі қарым-қатынасымыздың әр тараптандырылуы және ұлғаюы өсіп келе жатқан екі жақты сауда-экономикалық байланыстарымыздың талабын қанағаттандыруы керек, сондықтанда біз бұған өте үлкен көңіл бөлеміз. Көліктің экономикалық қарым-қатынас инфрақұрылымдарының бірі екені сөзсіз. Сондықтан біз үшін бұл мәселе маңызды. Президент Н.Назарбаевтың көлік мәселесіне үлкен қызығушылық танытып, орасан зор көңіл бөліп отырғанын жақсы білемін. Көлік, теміржол, теңіз және әуежолы байланыстарының орны ерекше. Баку-Тбилиси-Карс теміржолы мәселесімен Президент мырзаның ерекше ден қойып айналысып отырғанын білемін. Қытай осы жол арқылы Қазақстан-Әзербайжан-Түркия және Еуропаның барлық бөлігімен қатынаса алатын болады.

Бұл бір тарапты емес, екіжақты қатынас болып табылады. Бір жағынан алғанда, Қазақстанның металдары мен энергия сияқты басқа да бағалы ресурстарын Батыс әлеміне тасымалдайтын жол. Ал, екінші жағынан алғанда қарқынды даму үстіндегі экономикасы жыл сайын шамамен 10% өсіп жатқан Қазақстанның мұқтаждықтары да Батыстан, Түркиядан және тағы басқа елдерден Қазақстанға бұрынғыдан арзан бағасына тасымалданады.

Мұнымен бірге, кедендердің стандарттандырылуы, жеңілдетілуі; қысқаша осының барлығы тасымалдауды жеңілдететін факторлар болып табылады. Осы мәселелерді кеше өткізілген делегациялар аралық кездесулерде кең түрде талқыладық. Сонымен қатар, құрметті Министрлеріміз де тиісті органдармен бірлесе отырып бұл мәселелерді зерделеді деген ойдамын.

Құрметті қауым, Құрметті қонақтар!

Осы форумның түрік-қазақ экономикалық және сауда қарым-қатынастарына үлес қосатынына сенетінімді қайталай отырып, Түркия Палаталар және Биржалар Қоғамы мен форумға үлес қосқан барлық жауапты адамдарға және қазақ іскер адамдарына ризашылығымды білдіремін. Құрметті Президент, Қадірлі бауырым Н.Назарбаевқа осы форумға қатысқаны және қолдау көрсеткені үшін арнайы алғыс айтқым келеді. Баршаңызға сәттілік тілеймін!

Türkiye de aynı şekilde Kazak yatırımcılara Türkiye de aynı ilgiyi gösterecektir.

21 Kasım tarihinde Tiflis'te temelini attığımız Bakü-Tiflis-Kars Demiryolu Projesi'ne Kazakistan'ın katılımı, iki ülke arasındaki ulaştırma ilişkileri açısından büyük önem taşımaktadır. Bu konudaki işbirliğimizi geliştirmek için birlikte çalışacağız. Zira ulaştırma ilişkilerimizin çeşitlendirilmesi ve geliştirilmesi artmakta olan ikili ekonomik ve ticarî ilişkimize cevap verebilmesi açısından önem taşımaktadır. Ulaştırma şüphesiz ki ekonomik ilişkilerin altyapılarından birisidir. Buna özellikle önem veriyoruz. Ben bizzat biliyorum ki Sayın Cumhurbaşkanı Nazarbayev ulaştırma konularıyla yakından ilgilenmektedir. Kara ulaşımı, demiryolu ulaşımı, deniz ve hava ulaşımı her şeyin önünde gelmektedir. Bakü-Tiflis-Kars Demiryolu ile de Sayın Cumhurbaşkanı'nın yakından ilgilendiğini biliyorum. Bu vasıtayla da Çin; Kazakistan, Azerbaycan, Türkiye üzerinden Avrupa'nın ta öte ucuna bağlanabilecektir.

Bu sadece tek taraflı bir ulaşım da değildir, çift taraflı bir ulaşımdır. Bir taraftan Kazakistan'ın madenleri ve diğer, enerji ile ilgili önemli, değerli, kıymetli varlıkları batı âlemine taşınırken kalkınmakta olan, hızlı kalkınma içerisinde olan, senede yüzde 10 civarında kalkınma gerçekleştiren Kazakistan'ın ihtiyaçları da batı, Türkiye ve diğer ülkelerden Kazakistan'a çok daha ucuz gelebilecektir.

Ayrıca gümrüklerin standartlaştırılması, kolaylaştırılması, bütün bunlar ulaşımı kolaylaştıran etkenlerdir. Bu konuları dün yaptığımız heyetler arası konuşmalarda geniş bir şekilde ele aldığımız gibi, değerli bakanlar da muhataplarıyla bu konuları geniş bir şekilde incelemişlerdir.

Değerli katılımcılar, Sayın işadamları;

Bu forumun Türk-Kazak ekonomik ve ticarî ilişkilerine katkıda bulunacağından emin olduğumu tekrarlayarak Türkiye Odalar ve Borsalar Birliği ile forumun hazırlanmasında emeği geçen tüm yetkililere ve Kazak işadamlarına buradan tekrar teşekkür ediyorum. Bu foruma katıldıkları için ve katılarak desteklerini gösterdikleri için Sayın Cumhurbaşkanı'na, değerli kardeşim Nazarbayev'e bir kez daha ayrıca çok çok teşekkür ediyorum, herkese başarılar diliyorum.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Астананың 10 жылдығына арналған мерейтойда сөйлеген сөзі

2008 жылғы 5 шілде, Астана

Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаев!
Қадірлі бауырым, Жоғары мәртебелі!
Құрметті Президент мырзалар!
Қадірменді қонақтар!

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бас қаласының Астанаға көшірілуінің 10 жылдық мерейтойына қадірлі досым, Жоғары мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметті қонағы ретінде қатысқаным және Сіздерге арнап сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болғаным үшін қуаныштымын.

Алдымен Қазақстан халқын өз бауырым деп танитын түрік халқының Президенті ретінде халықтарымыздың ортақ тарихындағы елеулі оқиғаға куә болу үшін осында келгенімді білдіргім келеді.

Құрметті Н.Назарбаевтың достары ретінде осы шарада бас қосып отыруымыз, Жоғары мәртебелінің көшбасшылығымен Қазақстанның өңірдегі бейбітшілік пен тату көршілік қарым-қатынастарына қосқан үлесінің шынайы көрінісі. Астана қаласында Қазақстанның өңір және әлем игілігі үшін сөз болып отырған бейбітшілік, төзімділік, диалог, үйлесімділікпен тұрақтылық жағдайындағы ұстанымын тамаша түрде дәлелдеп отыр. Астана, талас жоқ, Құрметті Н.Назарбаевтың көрегендік шығармасы болып табылады.

Қазақстанды танудың ең дұрыс жолы - оның бас қаласы Астанаға келу, елдің және Еуразияның жүрегінің дүрсілін осында сезіну. Шынымен де Астана архитектурасы қарқынды даму үстіндегі Қазақстанның серпінділігін ең тамаша түрде дәлелдейтін қала. Сондықтан мен өзім Астанаға келген сайын қайран қалып тамашалаймын.

Еуразияның ең маңызды орталығына айналған Астананың құрылысында Қазақстан халқының шығармашылық еңбегіне түрік фирмаларымен жұмыс күшінің үлес қосуы, бізді асқан қуанышқа бөлейді. Астананың бейнесін құрайтын көптеген ғимарат түрік-қазақ достығы мен ынтымақтастығының нышаны ретінде бой түзей отырып бізді қарсы алуда. Осы тамаша мүмкіндікті пайдалана отырып, Түркия елшілігінің 23 маусымнан бастап Алматыдан Астанаға көшкені туралы қуанышты жаңалықты сіздермен бөліскім келеді.

Сонымен қатар, Астананың ең көркем жеріне Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткішін орнату туралы шешімнің қабылдануына және осы мақсатта бірнеше күн бұрын ескерткішке байланысты дайындық жұмыстарының біткеніне байланысты ризашылығымды Сіздердің алдарыңызда тілге тиек еткім келеді.

Бүгін Астананың бас қала болуының 10 жылдық мерейтойымен қатар қымбатты досым Н.Назарбаевтың туған күнінің бірге құттықталуы да мағыналы бір оқиға.

Қайтадан жаңаруға көшбасшылық еткен және жаңа кезеңде жаңа астана идеясын өмірге енгізген лидерлер есімдерінің тарихтың алтын беттерінде орын алатындары сөзсіз. Сіз халқыңыздың ежелден

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Astana'nın 10'uncu yıldönümüne ithaf edilen itibarlı kutlamada yaptığı konuşma

5 Temmuz 2008, Astana

Sayın Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev!
Değerli Dostum Majesteleri!
Sayın Devlet Başkanları!
Değerli konuklar!

Bağımsız Kazakistan Cumhuriyeti'nin Başkentinin Astana'ya taşınmasının 10'uncu yıl dönümü kutlamalarına değerli dostum Sayın Nazarbayev'in onur konuğu olarak katılıyor olmaktan ve sizlere hitap etme fırsatını bulmaktan büyük kıvanç duyuyorum.

Öncelikle Kazakistan halkını kendine kardeş bilen Türk halkının Cumhurbaşkanı olarak, halklarımızın ortak tarihine şahitlik etmek üzere de burada bulunduğumu belirtmek isterim.

Sayın Nazarbayev'in dostları olarak burada bir araya gelmiş olmamız, onun liderliğinde Kazakistan'ın bölgesel barış ve iyi komşuluk ilişkilerine yaptığı katkının güzel bir örneğidir. Astana şehri de Kazakistan'ın bölgesi ve dünya için üstlenmiş olduğu barış, hoşgörü, diyalog, uyum ve istikrar içinde kalkınma anlayışını en güzel şekilde ortaya koymaktadır. Astana, şüphesiz Sayın Nazarbayev'in vizyonunun eseridir.

Kazakistan'ı anlamanın en iyi yolu, Başkent Astana'da bulunmak, ülkenin ve Avrasya'nın kalp atışlarını burada hissetmektir. Gerçekten de Astana şehri her gelişimde hayranlıkla izlediğim, şehircilik ve mimari başyapıtlarıyla hızla büyüyen Kazakistan'ın dinamizmini en iyi yansıtan bir yerdir. Üniversiteleri ve sanat kurumlarıyla aynı zamanda Kazakistan'ın kültür başkenti olmaya namzettir.

Avrasya'nın önemli bir çekim merkezi haline gelen Astana'nın inşasında Kazakistan halkının yaratıcı gücüne Türk firmalarının ve işgücünün de katkıda bulunuyor olması, bizi ziyadesiyle sevindirmektedir.

Başkentin siluetini oluşturan pek çok bina, Türk Kazak kardeşliği ve işbirliğinin nişanesi olarak yükselmekte ve bizleri selamlamaktadır.

Bu güzel vesileyle Türk Büyükelçiliği'nin 23 Haziran itibarıyla Almatı'dan Astana'ya taşınmış bulunduğu haberini sizinle paylaşmaktan da memnuniyet duymaktayım.

Ayrıca, Türkiye Cumhuriyeti'nin kurucusu Mustafa Kemal Atatürk adına Astana'nın müstesna bir köşesinde bir anıt yapılmasının kararlaştırmasını ve bu amaçla birkaç gün önce anıtın seçme işlemlerinin tamamlanmış olmasını büyük bir memnuniyetle karşıladığımı huzurlarınızda belirtmek isterim.

Bugün Astana'nın Başkent oluşunun 10'uncu yıldönümüyle, değerli dostum Nazarbayev'in doğum gününü birlikte kutluyor olmamız çok anlamlıdır.

Yeniden dirilişe öncülük eden ve yeni dönemde yeni bir başkent vizyonunu hayata geçiren liderler hiç şüphesiz tarihin altın sayfalarında yerini alacaktır. Siz halkınızın ezelden beri bağrında taşıdığı özgürlük ruhunu ve yaratıcılığını sadece Kazakistan'ın bağımsızlığı, istiklal ve refahı için değil, aynı zamanda bölge ve dünya barışına uyum için seferber etmeyi başardınız.

Zat-ı Âlilerinin 1992 yılındaki önerisiyle hayata geçirilen Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlem-

бері көксеген бостандық рухы мен жасампаздығын тек қана Қазақстанның тәуелсіздігі, егемендігі және игілігі үшін ғана емес, сонымен қатар өңірдегі және әлемдегі бейбітшілікте үйлесім табуы жолында жұмылдыра білдіңіз.

Жоғары мәртебелінің 1992 жылы көтерген бастамасымен «Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес» осы бағыттағы ұмтылыстарыңыздың ең көрнекті үлгісі болып табылады. Түркия АӨСШК-ні Азия кеңістігінде қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі тұғырларының бірі ретінде қабылдайды және осы үрдіске ұдайы қолдау көрсетуде.

Жоғары мәртебелі! Сіздің көреген және байсалды көшбасшылығыздың арқасында мыңдаған жылдар бойы осынау кең аймақты мекендеген Қазақстан халқының армандарының аясын жер мен көктің ортасында шектей алатын ешқандай кедергі қалмады.

Жоғары мәртебелі! Сізге денсаулық, амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Барша қазақ бауырларымызға түрік халқының сәлемін жолдаймын.

ler Konferansı, bu yöndeki çabalarınızın başarılı bir örneğidir.

Türkiye CICA'yı Asya coğrafyasında güvenlik ve istikrarın temel yapı taşlarından biri olarak telakki etmekte ve başından beri bu süreci güçlü biçimde desteklemektedir. Vizyoner ve akıl önderliğiniz sayesinde binlerce yıldır bu geniş coğrafyayı yurt edinmiş Kazakistan halkının hayallerini yer ve gök arasında sınırlayabilecek bir engel kalmamıştır.

Zat-ı Âlilerine sağlık, afiyet ve uzun ömürler diliyorum ve bütün Kazak kardeşlerimize Türk halkının selamlarını tekrar sunuyorum.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі

2009 жылғы 3 қазан, Нахчыван

Құрметті Президент мырза!
Құрметті әріптестер!
Қадірлі форумға қатысушылар мен қонақтар!

Ең әуелі, Түркітілдес мемлекеттер басшылары саммитіне қатысушыларға өзімнің жылы лебізді құттықтауымды және осы басқосуды жоғары деңгейде ұйымдастырып, ыстық ықыласпен қабылдаған қонақжайлығы үшін Әзербайжан Президенті Илхам Әлиевке өз алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Тоғызыншы саммитіміз бауырлас Әзербайжанның және Түркі әлемінің біртуар мемлекеттік қайраткері Гейдар Әли-Ырзаұлы Әлиевтің туған жері – Нахчыванда өтуімен ерекшеленіп отыр.

Осы біртуар дана тұлға, ұлы Ататүрік сияқты бауырлас елдеріміздің бірлігін армандап өткен болатын.

Қазақстан осы асқақ арманды жүзеге асыру үшін дәйекті ұстанымды бағдар еткен жөн деп есептейді. Осы орайда, оның басты бағыттарын атап өткім келеді.

Бірінші, саяси деңгейдегі ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру, уақыттың талабына сай жаңа белеске шығару қажеттігі көрініп тұр.

Өздеріңізге мәлім, 2006 жылы Анталияда өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының 8-інші саммитінде біз Түркітілдес мемлекеттердің бірқатар жалпытүркі құрылымдарын құру жөнінде бастамалар көтерген едік.

Бұл бастамалардың бірі – Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы – 2008 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия парламент басшыларының тиісті келісімге қол қоюлары нәтижесінде жүзеге асты.

Түркітілдес халықтардың бірлігін күшейтуге жетелейтін Ақсақалдар алқасын құру бастамасы да жүзеге асуға жақын.

Жоғары дәрежелі қарқынды саяси-экономикалық ынтымақтастықтың, түрлі салалардағы ортақ жобалардың баршылығына қарамастан, осы қатынастарды үйлестіретін және қадағалайтын ортақ орган жетіспей отыр.

Осы мақсатта Қазақстан тарапы осындай саяси өңірлік бірлестіктің барлық керекті нышандарына ие, құқықтық мәртебесі және ұйымдық құрылымы айқындалған «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» (Түркі кеңесі) атты өңірлік бірлестік құру жөнінде бастама көтеріп, бүгінгі саммитіміздің қарауына ұсынды.

Екінші, экономика саласындағы әріптестік – қысқа мерзімде дағдарысқа қарсы тұрудың ең тиімді жолы, ал ұзақ мерзімде бауырлас халықтарымыздың достығының белді негізі болып табылады.

Әрине, бұл дағдарыстан сауықтырудың бірнеше жолы бар. Бірақ, менің ойымша, дағдарысты еңсерудегі ең тиімді жол – жаңа санаттағы ұлтаралық (немесе ұлт үстілік) валюта әзірлеу және айналымға енгізу. Ал бұл мақсатқа, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, жақын ниеттес елдердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана жетуге болады.

Экономикалық тұрақтылықты сақтап қалу мақсатында Қазақстан Республикасы дағдарысқа қарсы белсенді шаралар қолдануда.

Ел үкіметі Ұлттық Қордың тұрақтандыру қызметін іске қоса білді. Жалпы алғанда, экономиканы тұрақтандыруға шамамен 15 миллиард АҚШ доллары, яғни жалпы ішкі өнімнің шамамен 20 пайызы жұмылдырылмақ. Бұл 16 миллион халқы бар Қазақстан

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesinde yaptığı konuşma

3 Ekim 2009, Nahçıvan

Saygıdeğer Cumhurbaşkanı Beyefendi!
Saygıdeğer Meslektaşlar!
Değerli forum katılımcıları ile konuklar!

En evvela, Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katılanları samimi duygularla kutlamama ve bu buluşmayı üst düzeyde tertipleyip, sıcak karşılamasıyla gösterdiği konukseverliği için Azerbaycan Devlet Başkanı İlham Aliyev'e teşekkürlerimi bildirmeme izin veriniz.

Dokuzuncu Zirvemiz kardeş Azerbaycan'ın ve Türk dünyasının eşsiz devlet adamı Haydar Alirıza-oğlu Aliyev'in doğum yeri Nahçıvan'da yapılmasıyla özelliklenmektedir.

Bu eşsiz dahi şahsiyet, ulu Atatürk gibi kardeş ülkelerimizin birliğini hayal etmişti.

Kazakistan, bu yüce hayali gerçekleştirmek için akla yatkın tutum takınmak doğru olur diye hesaplamaktadır. Bu bağlamda, bunun öncelikli yönlerini belirtmek istiyorum.

Birincisi, siyasi düzeydeki işbirliğini daha da geliştirmek, zamanın ihtiyaçlarına uygun yeni aşamaya yükseltmek ihtiyacı görünmektedir.

Sizler biliyorsunuz, 2006 yılında, Antalya'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları 8'inci Zirvesinde, biz, Türk dili konuşan ülkelerin bir dizi genel-Türklük teşkilatlarını kurmak yönünde girişimler ortaya koymuştuk.

Bu girişimlerden biri, Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi, 2008 yılında Azerbaycan, Kazakistan, Kırgızistan ve Türkiye Parlamento Başkanlarının gerekli anlaşmayı imzalaması neticesinde gerçekleşti.

Türk dilli halkların birliğini güçlendirmeye öncülük edecek Aksakallar Kurulu'nu kurma girişimi de gerçekleşmeye yakın.

Üst düzey tempolu siyasi-ekonomik işbirliği ve çeşitli alanlardaki ortak projelerin varlığı bir tarafa, bu ilişkileri uyumlulaştıracak ve takip edecek ortak organ eksiktir.

Bu amaçla, Kazakistan tarafı böyle siyasi bölgesel birliğin bütün gerekli özelliklerine sahip, hukuki statüsü ve kurumsal yapısı açıklanmış "Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi" (Türk Konseyi) adlı bölgesel birlik kurulması yönündeki girişimi ortaya koyup, bugünkü Zirvemizin değerlendirmesine sundu.

İkincisi, ekonomi alanındaki ortaklık, kısa dönemde krize karşı durmanın en elverişli yolu, ancak uzun dönemde kardeş halklarımızın dostluğunun güçlü temeli olacaktır.

Elbette, bu krizi atlatmanın birkaç yolu var. Fakat benim düşünceme göre, krizi aşmadaki en verimli yol, yeni hesapta uluslar arası (veya uluslar üstü) döviz hazırlamak ve tedavüle sokmak. Ama bu amaca, "yumulup kaldırılan yük hafif olur" sözündeki gibi, sadece yakın niyet sahibi ülkelerin ortak güç ve iradesi sayesinde ulaşılabilir.

Ekonomik istikrarı korumak amacıyla Kazakistan Cumhuriyeti krize karşı etkin yöntemler kullanmaktadır.

үшін аз қаржы емес. Нәтижесінде, биылғы жылдың екінші тоқсанында алғашқы оң үрдістер байқала бастады. Үстіміздегі жылы Қазақстан экономикасы өткен жыл ауқымынан төмен болмас дейміз.

Десек те, Қазақстан мен тәуелсіз түркі елдері арасындағы сауда айналымының көлемі 2009 жылдың бірінші жартысында 1,539 миллиард АҚШ долларын ғана құрап, 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда (3,036 миллиард АҚШ доллары) 49,2 пайызға төмендеген.

Егер бұл көрсеткішті жекелеген мемлекеттердің үлесіне бөлетін болсақ, онда екіжақты негіздегі сауда айналымы өзінің ішкі әлеуетін толық пайдаланбай отырғанын айқын көрсетеді.

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық әлеуетті арттырудың бірден бір жолы - көлікпен жүк тасымалдау мәселесі. 2006 жылы Солтүстік - Оңтүстік және Батыс - Шығыс бағыттарына трансқұрлықтық транзитті іске асыру мақсатында Қазақстан ұзақ мерзімді Көлік стратегиясын қабылдаған болатын.

Стратегияны іске асыру аясында осы уақытқа дейін көлік саласында 56 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асса, жалпы 80 ірі жобаға 30 миллиард АҚШ долларын бөлу жоспарланып отыр.

Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту бүкіл Еуразия өңірінің гүлденуі мен көркеюіне оң ықпал етпек. Осы қағиданы басшылыққа алған Қазақстан 2007 жылдан бастап «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» трансқұрлықтық көлік-жол дәлізінің құрылысына кірісті.

Аталған жобалар елдеріміз арасындағы байланыстарды жеңілдетудің және қосымша халықаралық транзиттік жүк тасымалының артуының кепілі болмақ.

Үшінші, қоршаған ортаны сақтау – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Жаһандық жылу үрдісі нәтижесінде, сондай-ақ осы уақытқа дейін әлемдік экономика қысқа мерзімде таусылатын қазба ресурстарына негізделіп келгендіктен, жаңартылатын ресурстар мен балама энергия көздерін дамыту бүгінгі халықаралық қауымдастықтың күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе болып тұр.

Бәсекеге қабілетті және дамыған мемлекеттердің өздері ұзақ мерзімді экономикалық саясатын «табиғи энергияға» көшу тұрғысынан қайта қарастыруда.

Бұл мәселе түркітілдес мемлекеттердің де көкейкесті, тіпті тұрақты даму саласындағы мемлекеттік саясатының бір элементі болғандықтан, жаңартылатын ресурстар мен балама энергия көздерін дамытуда күш-жігер жұмылдырған жөн.

Төртінші, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық.

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық екіжақты және көпжақты негізде, әсіресе бәрімізге ортақ халықаралық ұйым - ТҮРКСОЙ арқылы дамып келеді.

Ортақ тарихымыздың, өнеріміздің, рухани байлығымыздың жауһарларын ең алдымен өз арамызда танытып, үйретуге міндеттіміз.

Көне түрік мемлекеттігінің негізін қалыптастырған ұлы бабаларымыз Бумын қаған мен Елтеріші, Күлтегін мен Білге Қағанды бүгінгі ұрпағымызға ұғындыра білуіміз керек. Даңқты тарихымыздағы Әл-Фараби, Қорқыт баба, Манас, Ясауи, Мәулана мен Низами, Науаи мен Махтұмқұлы сынды ойшылдарымызды дәріптеу – парызымыз.

Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асуда. Бұл бағдарламаның аясында халқымыздың бай тарихы, ауыз әдебиеті, оның ұлттық құндылықтары, қолөнері мен тұрмыс-салтындағы салт-дәстүрлері насихатталып, халықтың назарына ұсынылып жатыр. Мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлінуде.

Бір қуантарлығы, бұл бағытта біз ТҮРКСОЙ-мен ынтымақтаса отырып, Қазақстан аумағында бірқатар маңызды іс-шаралар атқардық.

Атап айтқанда, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұрасына енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, сондай-ақ Айша-Бибі, Қарахан, Ысмайыл Ата, Қарашаш-Ана мазарларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Түркі әлемі әлі толық зерттелмеген терең тұңғиық. Сондықтан, түркітілдес халықтардың тарихын, мәдениетін зерттейтін, оқу-ағарту жүйесін үйлестіретін арнайы орталық құру керек деген ойдамын. Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі ұлы далада өз билігін жүргізді. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды.

Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Осындай батырлық эпосты дүниеге танытудың кезі келді деп ойлаймын. Ол үшін жалпыға ортақ Түркі академиясын құру қажет. Оның құрамында:

1. Түркі тарихы және мәдениет орталығын.
2. Түркі тілін зерттеу орталығын.
3. Түркі кітапханасын.
4. Жалпы түркі тарихының музейін құру қажет.

Бұл шаруа баршамызға ортақ міндет. Сондықтан әр түркі тілдес мемлекеттер қолдап, ат салысса, көмегін

Ülke Hükümeti, Ulusal Fon'un istikrarlandırma görevini işe sokabildi. Genel olarak, ekonomiyi istikrara kavuşturmak için yaklaşık 15 milyar Amerikan doları, yani genel iç üretimin yaklaşık yüzde 20'si kullanılacak. Bu 16 milyon halkı olan Kazakistan için az para değil. Neticesinde, bu yılın ikinci çeyreğinde ilk olumlu veriler görülmeye başlandı. Bu yıl Kazakistan ekonomisi geçen yılki büyüklüğünden aşağı olmaz diyoruz.

Demekle birlikte, Kazakistan ile bağımsız Türk ülkeleri arasındaki ticaret hacmi, 2009 yılının birinci yarısında sadece 1,539 milyar Amerikan doları olmuş, 2008 yılı göstergeleriyle karşılaştırıldığında (3,036 milyar Amerikan doları) yüzde 49,2 oranında azalmıştır.

Eğer bu göstergeyi ayrı devletler arasında pay ederek hesaplayacak olursak, ikili ticaret hacimlerinin iç potansiyelinden tam kapasite yararlanılmadığı açıkça görülür.

Türk dili konuşan ülkeler arasındaki ticari ve ekonomik potansiyeli arttırmanın ilk yolu, araçla yük taşımacılığı konusudur. 2006 yılında Güney-Kuzey ve Batı-Doğu yönlerinde kıtalararası taşımacılığı gerçekleştirmek amacıyla Kazakistan uzun vadeli Ulaşım Stratejisini kabul etmiştir.

Stratejiyi gerçekleştirme kapsamında, bu vakte değin ulaşım sektöründe 56 altyapı projesi tamamlanmış olup, genel olarak 80 büyük projeye 30 milyar Amerikan doları ayrılması planlanmaktadır.

Büyük İpek Yolunu tekrar kalkındırmak, bütün Avrasya bölgesinin gelişmesi ile güçlenmesine olumlu etki yapacaktır. Bu ilkeyi yönetimde kabul eden Kazakistan 2007 yılından başlayarak "Batı Avrupa-Batı Çin" kıtalararası ulaşım-yol koridorunun inşaatına girişti.

Belirtilen projeler, ülkelerimiz arasındaki ilişkileri kolaylaştırmanın ve ek olarak uluslar arası transit yük taşımacılığının arttırılmasının garantisi olacak.

Üçüncüsü, çevrenin korunması, ekolojik güvenliğin sağlanması.

Küresel ısınma hızı neticesinde, onunla birlikte, bu vakte değin küresel ekonominin kısa dönemde tükenecek yer altı kaynaklarına dayanarak gelmiş olmasından dolayı, yenilenebilir kaynaklar ile alternatif enerji kaynaklarının geliştirilmesi, bugünkü uluslar arası toplumun gündemindeki en temel konu olmaktadır.

Rekabet yeteneği olan ve gelişen devletler, kendileri, uzun vadeli ekonomi politikasını "tabii enerjiye" geçme açısından yeniden değerlendirmekte.

Bu konu Türk dili konuşan ülkelerin de güncel, hatta istikrarlı gelişme alanındaki devlet politikasının bir unsuru olduğundan, yenilenebilir kaynaklar ile alternatif enerji kaynaklarının geliştirilmesi için ortak güç ve irade gösterilmesi doğru olur.

Dördüncüsü, kültürel ve beşeri işbirliği.

Türk dili konuşan ülkeler arasındaki kültürel-beşeri işbirliği iki taraflı ve çok taraflı temelde, özellikle hepimize ortak uluslar arası kurum-TÜRKSOY üzerinden geliştirilmektedir.

Ortak tarihimizin, sanatımızın, manevi zenginliğimizin cevherlerini en önce kendi aramızda tanıtıp, öğretmekle yükümlüyüz.

Kadim Türk devletinin temelini atan ulu atalarımız Bumin Kağan ile İlteriş'i, Kültigin ile Bilge Kağan'ı bugünkü neslimize kavratabilmeliyiz. Şanlı tarihimizdeki El Farabî, Korkut Ata, Manas, Yesevi, Mevlana ile Nizamî, Nevaî ile Mahtumkulu gibi düşünürlerimizi methetmek, en ulvi görevimiz.

Kazakistan'da Kültür Mirası programı başarıyla gerçekleştirilmektedir. Söz konusu program çerçevesinde halkımızın zengin tarihi, sözlü edebiyatı, milli değerleri, el sanatları ve örf-adetleri gelenek-görenekleri nasihat edilmekte, halkın dikkatine sunulmaktadır. Devlet tarafından büyük ödenek ayrılmaktadır.

Bir sevindiriciliği, bu yönde biz TÜRKSOY ile işbirliği halinde, Kazakistan'da bir dizi önemli faaliyet yaptık.

Belirtmek gerekirse, UNESCO tarafından Dünya Miraslarına dâhil edilen Hoca Ahmet Yesevi Türbesinin, ayrıca Ayşa Bibi, Karahan, İsmail Ata, Karaşaş–Ana türbelerinin bakım-onarım çalışmaları yürütüldü.

Türk dünyası hala tam olarak araştırılmamış derinlik, dibi yok. Dolayısıyla, Türk dili konuşan halkların tarihini, kültürünü araştıracak, halk eğitimi sistemini uyumlulaştıracak, özel merkez kurmak gerek diye düşünüyorum. Bizim ulu ecdadımız Altay'dan Akdeniz'e kadarki büyük alanlarda hükümranlık yürüttü. Bize sönmez kahramanlık destanları ve bol manevi hazine bıraktı.

İlk defa dünyaya örnek olan ortak evi-keçe evi, demiri, pantolonu, oku, ayakkabıyı ve ökçeyi, üzengiyi düşünüp buldu. Böyle kahramanlık destanını dünya-

берсе, бұл академияны Астанада орналастыруға болар еді.

Қазақстан өз тарапынан бұл бастамаларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуға дайын.

Бесінші, түркітілдес мемлекеттер Еуропа мен Азия арасында көпір болуға тиіс.

Түркітілдес мемлекеттердің барлығы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ислам конференциясы ұйымы сияқты ірі халықаралық және өңірлік құрылымдарға мүше, сондай-ақ Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (Азия кеңесі) құрылтайшы елдер санатына жатады.

Келесі жылдың екінші жартысынан бастап Түркия Республикасы Азия кеңесінің төрағасы тізгінін қолына алады. Осы орайда, біз бауырлас Түркияның Азия кеңесінде төрағалықты табысты атқаратынына кәміл сенеміз және мүмкіндіктеріміз шеңберінде толық қолдау көрсетуге әзірміз.

Жалпы алғанда, Қазақстан «азиялық және еуропалық құрылымдар шеңберіндегі түрлі әріптестік қарым-қатынастарды одан әрі жалғастырған жөн» деген пікірде.

Біз үшін бұл мәселе Қазақстанның 2010 жылы – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы, 2011 жылы – Ислам конференциясы ұйымындағы төрағалығы шеңберінде және «Еуропаға жол» бағдарламасы мен «Мұсылман әлемі және Батыс» арасындағы үнқатысуды ілгерілетуде ерекше өзекті болып тұр.

Түркітілдес мемлекеттер – саяси тұрақтылығы мығым, жаңаруға бейім және қалған әлемге ашық бірлестік. Осы орайда, түркі әлемі шеңберіндегі серіктестік ешбір басқа мемлекеттерге қарсы бағыт ұстамағаны және болашақта да ұстамайтыны ақиқат.

Алтыншы, Түркітілдес мемлекеттер қауіп-қатерге қарсы ортақтаса күресуге тиіс.

Өңірлік және жаһандық тұрақтылық үшін бүгінгі таңда тегеуірінді қатерлердің орын алып отырғаны баршамызға белгілі.

Жаһандық қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау үрдісіндегі дағдарысқа байланысты халықаралық ахуал ушыға түскен болатын. Әлемдегі 4-ші ядролық әлеуетінен өз еркімен бас тартқан Қазақстан бұл мәселеге байланысты халықаралық қауымдастықтың батыл күш-жігерін талап етуге хақы бар.

Кеңес Одағы ыдырағаннан бері Кавказдағы ахуал тыныштalмай отыр. Оның бір аса ауыр көрінісі, бауырлас Әзербайжан халқының өшпес қасіреті. Біз қашан да, Әзербайжан мен Армения арасындағы келіспеушіліктің тез арада бейбіт жолмен ғана шешілуі қажеттігін қолдаймыз және осы үрдіске өзіміздің сүбелі үлесімізді қосуға әзірміз, басқа да мүдделі тараптарды осыған шақырамыз.

Бізді іргелес жатқан Ауғанстандағы толастамай отырған террористік әрекеттер алаңдатуда. Қазақстан бұл елдегі қауіпсіздік ахуалының тұрақталып, халықаралық қоғамдастыққа қайта оралуына барынша мүдделі.

Осы орайда, бауырлас, тағдырлас түркітілдес мемлекеттер ретінде біз барлығымыз Еуразия және дүниежүзілік қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелері төңірегінде бүкіл адамзатты толғандырып отырған жаһандық проблемаларды шешуде БҰҰ, келер жылы біз төрағалық ететін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен өзге де халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс жасайтынымызға нық сенімдімін.

Қадірлі әріптестер!

Ханымдар мен мырзалар!

Бүгінгі саммитте қол жеткізген маңызды уағдаластықтарымыз елдеріміздің арасындағы және жалпы түркі әлеміндегі тарихи оқиға болатыны сөзсіз. Бұл қадам бүгінгі күні жан-жақты және түрлі салаларда тұрақты ынтымақтастығы бар түркі интеграциясындағы маңызды сәт екендігін білдіреді.

«Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», деп ата-бабаларымыз айтқандай, ортақ игілігіміз үшін өзара ауызбіршілік таныта білсек, табысқа жете алатынымызға кәміл сенемін.

Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кезекті саммитін, егер Сіздер, құрметті әріптестер, қарсы болмасаңыздар, Қазақстан жерінде өткізу жөнінде ұсыныс енгіземін. Оның нақты өткізу мекені мен мерзімін дипломатиялық арналар арқылы пысықтаймыз. Қазақстан тарапы болашақ басқосуды жоғары дәрежеде ұйымдастыруға бар күш-жігерін салады.

Ықыластарыңыз үшін рахмет!

ya anlatma zamanının artık geldiğini düşünüyorum. Bunun için herkesin ortak olacağı Türk Akademisini kurmak gerekiyor. Onun bünyesinde;

1. Türk Tarihi ve Kültür Merkezi'nin
2. Türk Dili Araştırma Merkezi'nin
3. Türk Kütüphanesi'nin
4. Genel Türk Tarihi Müzesi'nin kurulması gerek.

Bu iş hepimizin ortak yükümlülüğümüz. Dolayısıyla, Türk dili konuşan her ülke destek olup, uğraşırsa, yardım ederse, bu akademi Astana'da açılabilir.

Kazakistan, kendisi tarafından bu girişimin gerçekleştirilmesine etkin olarak katılmaya hazır.

Beşincisi, Türk dili konuşan ülkeler Avrupa ile Asya arasında köprü olmalıdır.

Türkçe konuşan devletlerin hepsi Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı, Ekonomik İşbirliği Teşkilatı, İslam İşbirliği Teşkilatı gibi büyük uluslar arası ve bölgesel kuruluşlara üye, aynı şekilde Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı (Asya Konseyi) kurucu ülkeleridir.

Gelecek yılın ikinci yarısından başlayarak Türkiye Cumhuriyeti Asya Konseyi'nin Başkanlığı'nı devralacaktır. Bu bağlamda, bizim kardeş Türkiye'nin Asya Konseyi'nde başkanlığı başarıyla yürüteceğine inancımız tam ve imkânlarımız dâhilinde bütünüyle destek olmaya hazırız.

Genel olarak değerlendirildiğinde, Kazakistan "Asya ve Avrupa teşkilatları dairesindeki çeşitli ortaklık ilişkilerinin daha da devam ettirilmesi doğru olur" düşüncesindedir.

Bizim için bu mesele, Kazakistan'ın 2010 yılında Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı, 2011 yılında İslam İşbirliği Teşkilatı Başkanlığı dairesinde ve "Avrupa'ya Yol" programı ile "İslam Dünyası ve Batı" arasındaki diyalogu ilerletmenin ayrıcalıklı esası olmaktadır.

Türk dili konuşan devletler; siyasi istikrarı sağlam, yenilikçi ve dış dünyaya açık bir birliktir. Bu bağlamda, Türk dünyası dairesindeki ortaklığın başka hiçbir devleti hedef almadığı ve gelecekte de almayacağı bir hakikattir.

Altıncısı, Türk dili konuşan devletler tehlikelere karşı ortak mücadele etmelidir.

Bölgesel ve küresel istikrar için günümüzde güçlü tehditler oluştuğunu hepimiz biliyoruz.

Küresel silahsızlanma ve kitle imha silahlarının yayılmasını önleme sürecindeki krizle ilgili olarak uluslar arası durum alevlenmektedir. Dünyada 4'üncü olan nükleer varlığından özgür iradesi ile vaz geçen Kazakistan'ın bu meseleyle ilgili uluslar arası toplumdan cesur güç ve irade göstermesini talep etme hakkı var.

Sovyetler Birliği dağıldığından beri Kafkasya'daki durum yatışmamaktadır. Onun çok büyük bir göstergesi, kardeş Azerbaycan halkının sönmeyen elemidir. Biz her zaman, Azerbaycan ile Ermenistan arasındaki anlaşmazlığın ivedi olarak barışçı yol ile çözülmesi ihtiyacını destekliyoruz ve bu sürece kendi seçkin katkımızı sağlamaya hazırız, diğer ilgili tarafları da buna davet ediyoruz.

Bizi komşu Afganistan'da son bulmayan terör olayları endişelendirmektedir. Kazakistan bu ülkedeki güvenlik durumunun istikrara kavuşmasını, uluslararası topluma geri dönmesini hedeflemektedir.

Bu bağlamda, kardeş, kaderdaş Türk dili konuşan ülkeler olarak biz hepimiz, Avrasya ve küresel güvenlik ile işbirliği konuları çerçevesinde bütün insanoğlunu derin düşüncelere sokan küresel problemleri çözmekte BMT, gelecek yıl bizim başkanlık edeceğimiz Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı ve diğer uluslar arası kurumlarla sıkı ilişki kuracağımız inancındayım.

Saygıdeğer Meslektaşlar!

Hanımefendiler ve beyefendiler!

Bugünkü Zirve'de ulaşılan önemli mutabakatın, ülkelerimiz arasında ve genel olarak Türk dünyasında tarihi olay olacağı muhakkak. Bu adım, bugünkü günün, çok yönlü ve çeşitli alanlarda istikrarlı işbirliği olan Türk bütünleşmesindeki önemli an olduğunu bildirmektedir.

"Altısı kavgalı olsa, ağzındaki gider, dördü birlik olsa, tepedeki gelir" diyen atalarımızın söylediği gibi, ortak iyiliğimiz için karşılıklı ağızbirliği edebilirsek, başarıya ulaşabileceğimize inancım tamdır.

Türk dili konuşan devletler yöneticilerinin sonraki Zirvesinin, eğer Sizler, Saygıdeğer Ortaklar, karşı olmazsanız, Kazakistan'da yapılması yönünde teklif getiriyorum. Onun tam yapılacağı yer ile dönemini diplomatik kanallar vasıtasıyla belirleriz. Kazakistan tarafı yapılacak toplantıyı üst seviyede tertiplemek için tüm güç ve iradesini gösterecektir.

İlginiz için teşekkür ederim!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінде сөйлеген сөзі

2009 жылғы 22 қазан, Анкара

Қадірменді Төраға!
Құрметті депутаттар!

Мен Сіздерге бүгін Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің мінберінен үн қатып тұрғанымды үлкен мәртебе санаймын.

Өйткені, Мұстафа Кемал Ататүрік өзі «менің ең үлкен туындым» деп атаған осы Ұлы Мәжілісті сонау өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жаңа Түркияның Ұлы Жиналысын егемендігі үшін шайқасып жатқан елдің жаңа башкенті - Анкарада құрған болатын.

Түркия Республикасының негізін қалаушы кемеңгер ұлы тұлға сол кезде-ақ өзге де түркітілдес мемлекеттердің күндердің күнінде тәуелсіздікке қол жеткізетінін қандай көрегендікпен айта білген! Тарихымыз бүгін соны дәлелдеп отырған жоқ па?

Біз тәуелсіздігімізді ең бірінші таныған сол кездегі түркі әлемінің жалғыз ғана азат елі -бауырлас Түркия екенін жақсы білеміз және оны жадымызда мәңгі-бақи сақтаймыз.

Біз - қазақ елі, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей патшалығының, одан кейін кеңестік биліктің боданында болдық. Қазақ деген халық, Қазақстан деген мемлекет дүние жүзінің картасында болмады. Кейінгі жүз елу жыл ішінде өз дінімізден, тіліміздің, мәдениетімізден түгел айырылып қалудан аз қалдық. Бірақ, біздер аталар мен аналарымыздың ұлы тарихын, батыр бабаларымызды еш ұмытқан жоқпыз.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында Кеңес Одағы ыдырады, біз өз тәуелсіздігімізді жария еттік. Жаңа мемлекет құру, оның экономикасын көтеру, халқымыздың психологиясын өзгерту оңайға түскен жоқ. Бірақ, біз сол кезеңдегі «тар жол, тайғақ кешуде» абыроймен жеңіске жеттік.

Бүгінгі қазақтар сіздердің бауырларыңыз, ұлы түркі бабаларымыздың тұңғыш қонысын мекендеп отырған ел. Бүгінгі Қазақстан іргесі берік, экономикасы дамыған, әлемде өз орны бар мемлекет болды. Қазақ жерін, ұлы даланы сақтап қалған бабаларымыздың арман-қиялы орындалды. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығында біздер де сіздер сияқты азат болдық. Түркия жұмхуриеті мемлекеті, бүкіл түрік халқы бізді қолдады. Біз осыған дән ризамыз.

Сол тарихи сабақтастықтың жарқын мысалы - біз де тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңге қарамастан, елордамызды Сарыарқаның төріне Астанаға көшірдік.

Түркияға осы сапарымның қарсаңында Астананың ең әсем жерлерінің бірінде, Есіл өзенінің жағасында Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған еңселі ескерткішті салтанатты түрде аштық.

Бұл ескерткіш қазақ елінің сіздердің еліңізге деген бауырластық сезімінің белгісі деп қабыл алыңыздар. Сондықтан мен бүгін баршаңызға, анкаралықтарға, бүкіл бауырлас түрік халқына Астанамыздың ыстық сәлемін, бүкіл қазақ елінің жылы лебізін алып келіп тұрмын!

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Büyük Millet Meclisi'nde yaptığı konuşma

22 Ekim 2009, Ankara

Değerli Başkan!
Saygıdeğer Milletvekilleri!

Ben Sizlere bugün Türkiye Büyük Millet Meclisi kürsüsünden sesleniyor olmamı büyük onur sayıyorum.

Çünkü Mustafa Kemal Atatürk kendisi "benim en büyük eserim" diye adlandırdığı Büyük Meclisi, yeni Türkiye'nin Büyük Meclisini, ta geçen asrın yirminci yıllarında, egemenliği için mücadele eden ülkenin yeni başkenti Ankara'da kurmuştu.

Türkiye Cumhuriyetinin temelini atan dahi yüce şahsiyet o dönemde, diğer Türk dili konuşan devletlerin günü geldiğinde bağımsızlığa ulaşacağını nasıl bir öngörülülükle söyleyebilmiş! Tarihimiz bugün onu ispatlamıyor mu?

Biz bağımsızlığımızı en önce tanıyanın, o dönemde Türk dünyasının tek bağımsız ülkesi, kardeş Türkiye olduğunu iyi biliyoruz ve onu hafızamızda sonsuza kadar koruyacağız.

Biz, Kazak ülkesi, on dokuzuncu asrın ikinci yarısından itibaren Rusya Çarlığının, ondan sonra Sovyet yönetiminin içinde olduk. Kazak denen halk, Kazakistan denilen devlet yeryüzü haritasında olmadı. Sonraki yüz elli yıl içinde öz dinimizden, dilimizden, kültürümüzden tamamen ayrılıp kalmak üzereydik. Fakat bizler atalarımızla analarımızın büyük tarihini, savaşçı ecdadımızı hiç unutmadık.

Geçen asrın doksanıncı yıllarının başında Sovyetler Birliği dağıldı, biz kendi bağımsızlığımızı ilan ettik. Yeni devlet kurmak, onun ekonomisini kalkındırmak, halkımızın psikolojisini değiştirmek kolay olmadı. Fakat biz o dönemdeki "dar yol, kaygan geçitte" itibarlı başarıya ulaştık.

Bugünkü Kazaklar Sizlerin kardeşleriniz, ulu Türk atalarımızın ilk yurtlarını mekân tutan halk. Bugünkü Kazakistan temeli sağlam, ekonomisi gelişmiş, dünyada saygın yeri olan devlet oldu. Kazak ülkesini, büyük bozkırı koruyan atalarımızın ülküsü-hayali gerçekleşti. Geçen asrın son on yılında bizler de Sizin gibi özgür olduk. Türkiye Cumhuriyeti devleti, bütün Türk halkı bizi destekledi. Biz buna esasen minnettarız.

Bu tarihi ilişkinin parlak örneği olarak, biz de bağımsızlığımızın ilk yıllarındaki zorlu döneme bakmaksızın, başkentimizi Sarıarka'nın merkezine, Astana'ya taşıdık.

Türkiye'ye bu ziyaretim öncesinde, Astana'nın en güzel yerlerinin birinde, Esil nehrinin yakasında Mustafa Kemal Atatürk'e ithaf edilen büyük anıtı törenle açtık.

Bu anıtı, Kazak yurdunun Sizin yurdunuza olan kardeşlik hislerinin işareti diye kabul ediniz. Dolayısıyla ben bugün hepinize, Ankaralılara, bütün kardeş Türk halkına Astana'mızın sıcak selamını, bütün Kazak yurdunun samimi sözlerini alıp getiriyorum.

İçinde bulunduğumuz yıl, bizim bağımsızlığımız on sekizinci yılını dolduruyor. Bu yılların yedi yılını, biz devlet kurmaya, durmuş olan ekonomiyi yüzde iki bin beş yüzlük enflasyondan esenlikle çıkarmaya, Sovyet sisteminden piyasa ekonomisine geçir-

Үстіміздегі жылы біздің тәуелсіздігімізге он сегіз жыл толады. Осы жылдардың жеті жылын біз мемлекет құруға, тоқтап қалған экономиканы екі мың бес жүз проценттік инфляциядан аман-есен шығаруға, кеңестік жүйеден нарық экономикасына көшуге, Азиядағы экономикалық дағдарыстың салдарын еңсеруге жұмсадық.

Саясаты мен экономикасы ашық ел қалыптастырдық. Тоқсан бес миллиард доллар сыртқы, жүз миллиард доллар ішкі ресурстарды тартып, игердік. Кейінгі тоғыз жыл ішінде адам басына шаққанда жалпы ішкі өнім жеті жүз доллардан сегіз жарым мың долларға өсті. Он жылдың ішінде жаңа елордамыз, ғажайып шаһар - Астананы салып бітірдік.

Алып көршілеріміз Ресей мен Қытай елдерімен Шанхай ынтымақтастығы ұйымы аясында достық қарым-қатынас орнаттық. Еуропа, АҚШ, Ислам дүниесі елдерімен де саяси-экономикалық әріптестік құра білдік. Мұсылман әлемі, түркі дүниесі ішінен Қазақстан тұңғыш болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы төрағалығына сайланды. Міне, табыстарымыз осы. Осы жылдар бойы біз бауырлас Түркияға арқа сүйедік,қолдауларыңызды көрдік.

Әлбетте, біз Түркияның табыстарына да қуанамыз. Кейінгі жылдары Түркия экономикасы әлемдегі он жетінші орынға, Еуропада алтыншы орынға көтерілген, индустриясы қарқынды дамыған ел болды.

Түркияның ғаламдық саясатта да жеке орны бар, мекендеген аймағында қабілеті зор күшке айналды. Таяу Шығыс мәселесі, Иран, Ирак, Ауғанстан, Кавказдағы түйткілдердің шешілуінде Түркия өз ықпалын әлі де көрсететіні сөзсіз. Түркияның Еуропа Одағына мүше болуын біз қолдаймыз.

Десек те, ағайын ретінде күншығысқа да назар аударғандарыңыз дұрыс болар еді деп түсінеміз. Ресеймен стратегиялық қарым-қатынас орнату, Қытай елімен салиқалы саясат жүргізу Түркия мемлекетінің мәртебесін көтермек. Осы орайда, Анкараның түркі тілдес ағайындармен тығыз қарым-қатынас саясатын жүргізіп отырғаны бізді әсіресе қуантады.

Бұл бағытта Қазақстанның да аянбай іс-қимыл жүргізіп келе жатқанын түрік ағайындарымыз жақсы біледі. Түркі дүниесінің ынтымақтастығының ешкімге қарсы бағытталмағаны айқын, бұл үрдісті арасы ажырап қалған бауырлас елдердің бір-біріне деген ыстық ықыласы деп білу қажет.

Менің ойымша, біз өзара күш жұмылдырып қана өзіміздің жалпы түркілік өркениетімізді әлемге паш ете аламыз, өзге жұрттармен тереземіз тең, мерейіміз үстем мемлекеттер ретінде дамып, өркендей аламыз.

Қазақстан бастамасымен өткен жылы жұмысын бастаған Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының және Ақсақалдар алқасының қисынды жалғасы ретінде біз жақында Нахчыванда өткен саммитімізде Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін - Түркі кеңесін құру жөнінде келісімге қол қойдық.

Сайып келгенде, ұлы Ататүріктің аңсаған асыл арманы, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай сынды түркілердің басын біріктіру жолында шейіт болған зиялыларымыздың көздеген мақсаты шындыққа айналуда.

Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі ұлы далада өз билігін жүргізді. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ - киіз үйді, сонымен қатар темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды. Осындай батырлық эпостарды дүниеге танытудың кезі келді деп ойлаймын.

Мен ортақ мәдениетімізді зерттеумен айналысатын Түркі Академиясын құру жөнінде бастама көтердім. Бұл Академия, менің ойымша, барлық түркілердің қарашаңырағы -қазақ жерінде, атап айтқанда, Астанада Достық және келісім сарайында орын тебуі керек.

Бұл бағытта ТҮРКСОЙ-дың атқарар рөлі зор. Менің ойымша, жалпы түркі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын тереңдету мақсатында бұл құрылымның өкілеттігі мен қызмет аясын күшейтіп, оны күллі түркі әлемінің шын мәніндегі ЮНЕСКО-сына айналдыру қажет.

Нахчыванда Әзербайжан және Түркия тарапының ТҮРКСОЙ қаржы Қорының құрылуы туралы ұсынысын біз өте дұрыс бастама ретінде бағалаймыз. Бұл жобаны тез іске асыру керек.

meye, Asya'daki ekonomik krizin etkilerini aşmaya harcadık.

Siyaseti ve ekonomisi açık ülke oluşturduk. Doksan beş milyar dolar dış yatırım çektik, yüz milyar dolar iç kaynak yatırımı gerçekleştirdik. Son dokuz yıl içinde kişi başına düşen milli gelir yedi yüz dolardan sekiz bin beş yüz dolara yükseldi. On yıl içinde yeni başkentimiz, harika şehir Astana'yı inşa edip bitirdik.

Büyük komşularımız Rusya ve Çin'le Şanghay İşbirliği Örgütü çerçevesinde dostluk ilişkileri kurduk. Avrupa, ABD ve İslam Dünyası ülkeleriyle de siyasi-ekonomik ortaklık kurmayı başardık. İslam Dünyası, Türk Dünyası arasından ilk olarak Kazakistan AGİT Dönem Başkanı seçildi. İşte bunlar bizim başarılarımızdır. Devamlı olarak kardeş Türkiye'ye güvendik ve desteklerinizi gördük.

Elbette ki biz Türkiye'nin başarılarına seviniyoruz. Sonraki yıllarda Türkiye ekonomisi dünyanın on yedinci, Avrupa'nın altıncı büyük ekonomisi oldu, sanayisi hızla kalkınan bir ülke haline geldi.

Türkiye'nin küresel siyasette özel bir konumu var, yerleştiği bölgede yeteneği büyük güce dönüştü. Ortadoğu meselesi; İran, Irak, Afganistan ve Kafkasya'daki endişelerin giderilmesinde, Türkiye'nin etkisini daha da göstereceği muhakkaktır. Türkiye'nin Avrupa Birliği'ne üye olmasını destekliyoruz.

Demekle birlikte akraba olarak yüzünüzü Doğu'ya da çevirmeniz yerinde olurdu diye düşünüyoruz. Rusya ile stratejik ortaklık kurulması, Çin ile uygun siyaset yürütülmesi Türkiye devletinin itibarını yükseltecektir. Bu çerçevede, Ankara'nın Türk dili konuşan akrabalarıyla sıkı ilişki siyasetini sürdürmesi bizi özellikle memnun etmektedir.

Bu yönde Kazakistan'ın da esirgemeden elinden geleni yaptığını Türk kardeşlerimiz iyi bilmektedir. Türk dünyasının işbirliğinin hiç kimseye karşı olmadığı açıktır; bu süreci aralarındaki ilişkiler kesintiye uğramış kardeş ülkelerin bir birine olan samimi ilgisi olarak değerlendirmek gerek.

Kanımca biz ancak kendi aramızda güç birliği sağladığımızda, Türk medeniyetini dünyaya tanıtabiliriz, diğer milletlerle eşit ve prestiji yüksek devletler olarak, kalkınıp gelişebiliriz.

Kazakistan'ın girişimi ile geçen yıl çalışmasına başlayan Türkçe Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi ve Aksakallar Kurulu'nun devamı olarak, bizler yakın zamanda Nahçıvan'da gerçekleşen Zirvede Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi'nin-Türk Konseyi'nin kurulmasıyla ilgili anlaşmayı imzaladık.

Sayarak gelirsek, yüce Atatürk'ün özlediği asil ülküsü, Turar Rıskulov ve Mustafa Çokay gibi Türk birliğini sağlama yolunda şehit olan aydınlarımızın idealleri gerçekleşme yolundadır.

Bizim ulu atalarımız Altay'dan Akdeniz'e değin geniş alanda kendi hükümranlığını yürüttü. İlk defa dünyaya örnek olan ortak evi-keçe evi, onunla birlikte demiri, pantolonu, oku, ayakkabıyı ve ökçeyi, üzengiyi düşünüp buldu. Bize sönmez kahramanlık destanları ve bol manevi hazineler bıraktı. Böyle kahramanlık destanlarını dünyaya anlatma zamanının artık geldiğini düşünüyorum.

Ben ortak kültürümüzü araştırmakla uğraşacak Türk Akademisi'nin kurulması yönünde teşebbüste bulundum. Bu Akademi, benim düşünceme göre, bütün Türklerin ata yurdu, Kazak ülkesinde, belirtmek gerekirse, Astana'da Barış ve Anlaşma Sarayında yerleşmelidir.

Bu yolda TÜRKSOY'un yerine getireceği rol büyük. Benim düşünceme göre, genel Türklük kültürel-beşeri işbirliğinin derinleştirilmesi amacıyla bu kuruluşun yetki ve görev kapsamını güçlendirip, onu bütün Türk dünyasının gerçek anlamdaki UNESCO'suna dönüştürmek gerek.

Nahçıvan'da Azerbaycan ve Türkiye tarafından TÜRKSOY Mali Fonu kurulması hakkındaki teklifi biz çok doğru girişim olarak değerlendiriyoruz. Bu projeyi çabuk gerçekleştirmek gerek.

Değerli Başkan!

Saygıdeğer Milletvekilleri!

Genel olarak değerlendirildiğinde, kültür, iman, hayırseverlik gibi kavramların işbirliği için, karşılıklı yakınlaşma için her zaman önemli tutamak olduğu belli. Şanlı atalarımızın, Farabi'nin, Yesevi'nin, Mevlana'nın halklarımızı, bütün insanlığı karşılıklı hoşgörüye çağırması, barışa davet etmesi boşuna değil.

Bu bağlamda, ülkelerimizin bu yoldaki tutumlarının aynı olması bizi memnun etmektedir. Belirtmek gerekirse, Kazakistan Semavi ve Geleneksel Dinler

Қадірменді Төраға!

Құрметті депутаттар!

Жалпы алғанда, мәдениет, имандылық, ізгілік сияқты ұғымдар ынтымақ үшін, өзара ықпалдасуүшін қай заманда да маңызды тұтқа болғаны белгілі. Даңқты ата-бабаларымыздың, Фарабидің, Ясауидің, Мәулананың халықтарымызды, жалпы адамзатты өзара төзімділікке шақыруы, бейбітшілікке үндеуі тегін емес.

Осы орайда, елдеріміздің бұл бағыттағы ұстанымдарының үндес болуы бізді қуантады. Атап айтқанда, Қазақстан - Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерін өткізудің тұрақты мекеніне айналса, Түркия Өркениеттер Альянсының тең төрағасы.

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Түркия Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске төрағалық тізгінін алғалы отыр. Бұл бұрынсоңды болмаған тарихи жағдайды пайдаланып, Еуразия қауіпсіздігін нығайтуға, өркениеттер арасындағы түсіністікті нығайтуға арналған тың бастаманы бірігіп көтеруге мүмкіндік береді.

Сайып келгенде, елдеріміздің сыртқы саясаттағы ұстанымдары, халықаралық істердегі көзқарастары үндес болуы - заңды құбылыс. Басқаша айтқанда, «Жұртта - бейбітшілік, жаһанда - бейбітшілік» қағидаты қазіргі заманда да өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Ядролық қару-жарақты иеленуден өз еркімен бас тартқан ел ретінде бізді әлемде бұл бағытта орын алып отырған проблемалар алаңдатады. Қырық жыл бойы өз аумағында кеңестік ядролық қаруды сынаудың салдарынан зардап шеккен халық ретінде біздің бұл қадамымыз басқаларға үлгі болады деп батыл түрде айта аламыз.

Біз өз тарапымыздан, Анкарамен бірлесе отырып, құрлық аумағында орын алған күрделі түйткілдерді, атап айтқанда, Ауғанстандағы, Ирактағы, Таяу Шығыстағы, Кавказдағы қақтығыстар мен жанжалдарды реттеуге белсене атсалысатынымызға сендіргім келеді.

Қадірменді Төраға!

Құрметті депутаттар!

Қазақстан 1993 жылдан бері «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде әлемдегі ең өзық университеттерде үш мың жас қазақстандықтарды жыл сайын оқытып келеді. Алғашқы түлектері елге қайтып, дәрежелі қызмет атқаруда.

Сонымен қатар, біз тәуелсіздікке тәй-тәй қадам басқан алғашқы жылдары Тұрғыт Өзал мен Сүлейман Демирелдің кезінде мыңдаған жастарымызды ақысыз түрде білім алуға бауырлас Түркияның ең алдыңғы қатарлы университеттеріне жолдағанбыз. Бұл үрдіс әлі де жалғасып жатыр. Өз кезегінде түрік жастары да біздің жоғары оқу орындарымызда, әсіресе Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық университетте білім алуда.

Жалпы алғанда, түркі дүниесінің екі ірі мемлекеті ретінде Қазақстан мен Түркияның бірлесіп атқарар істері мол. Біз екіжақты болсын, көпжақты негізде болсын, өз мүмкіндігімізді толық қолданбай келеміз. Біздің сауда, экономика, инвестиция, көлік, туризм және көптеген басқа салаларда ортақ қомақты жобаларды атқаруға әлеуетіміз жетерлік.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында біз жантайып жатқан экономикамызды аяғынан тік тұрғызу үшін шетелдік инвестицияларға зәру едік. Сол кезде бауырлас Түркиядан келген несиелік қаржылар мен инвестициялардың көп көмегі тиді. Осының арқасында біз нығайып, енді өзіміз де сыртқа инвестиция шығарушы мемлекетке айналдық.

Мысалы, соңғы деректерге қарағанда, Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымының көлемі үш миллиард долларға жетті. Әрине, бұл көрсеткіштермен мақтануға болады. Алайда, бауырлас жақын елдер арасындағы қарым-қатынастар дәрежесіне әлі де лайық емес.

Бұл орайда, Түркияның геостратегиялық, геоэкономикалық салмағын көтеретін, экономикасына қомақты үлес қосатын мұнай-газ құбырлары жобалары бар екенін атауға болады. Түркия әлемдік отын-энергиялық транзитінің коридоры болуға толық мүмкіншілігі бар болса, Қазақстанның да бұл жобаларға көмегі үлкен бола алады.

Сондықтан біз кезінде «Баку-Жейһан» мұнай құбырын қалай қолдасақ, бүгінгі таңда да «Самсун-Жейхан» мұнай құбыры жобасына Ресей тарапымен бірге қатысуға дайынбыз.

Liderleri Kongresi'ni gerçekleştiren yerleşik mekâna dönüştü, Türkiye Medeniyetler İttifakı Eş-Başkanı.

2010 yılında Kazakistan Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı'na, Türkiye Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı'na Başkanlık edecektir. Bu günden bugüne görülmeyen tarihi durumdan faydalanıp, Avrasya güvenliğini geliştirmeye, uygarlıklar arasındaki hoşgörüyü geliştirmeye yönelik güçlü girişimleri birlikte yürütmeye imkân verecektir.

Sayarsak, ülkelerimizin dış siyasetteki tutumlarının, uluslar arası işlerdeki bakışlarının aynı olması, doğal bir olay. Başka şekilde söylersek, "yurtta barış, cihanda barış" ilkesi, günümüzde de önemini yitirmiş değil.

Nükleer silah sahipliğinden özgür iradesiyle vazgeçen ülke olarak, bizi, dünyada bu yönde ortaya çıkan problemler endişelendirmektedir. Kırk yıl boyu, kendi bölgesinde Sovyet nükleer silah denemelerinin etkilerinden sıkıntı çeken halk olarak bizim bu adımımız başkalarına örnek olacaktır diye cesaretle söyleyebiliriz.

Biz kendi tarafımızdan, Ankara ile birlikte, kıtada cereyan eden karmaşık sorunları, belirtmek gerekirse; Afganistan'daki, Irak'taki, Orta Doğudaki, Kafkasya'daki çekişme ve kavgaları gidermek için etkinlikle uğraşacağımıza inandırmak istiyorum.

Değerli Başkan!

Saygıdeğer Milletvekilleri!

Kazakistan 1993 yılından beri her yıl, "Bolaşak (Gelecek)" devlet programı çerçevesinde üç bin genç Kazakistanlıyı dünyanın en iyi üniversitelerine eğitim almaya göndermektedir. İlk mezunlar ülkelerine dönmüş olup, seviyeli görevler yürütmektedir.

Bununla birlikte, biz bağımsızlığa tay-tay adım attığımız ilk yıllarda, Turgut Özal ile Süleyman Demirel'in döneminde binlerce gencimizi ücretsiz eğitim almaları için kardeş Türkiye'nin en ön sıradaki üniversitelerine yollamıştık. Bu süreç hala da sürdürülüyor. Aynı şekilde, Türk gençleri de bizim yüksek eğitim kurumlarımızda, özellikle Türkistan'daki Yesevi Uluslararası Üniversitesinde eğitim almakta.

Genel olarak değerlendirildiğinde, Türk dünyasının iki büyük devleti olarak Kazakistan ile Türkiye'nin birlikte yürüteceği işleri bol. Biz iki taraflı olsun, çok taraflı temelde olsun, kendi imkânlarımızı tamamıyla kullanmıyoruz. Bizim ticaret, ekonomi, yatırım, ulaştırma, turizm ve pek çok başka da alanlarda ortak kapsamlı projeleri yürütmeye gücümüz yeterli.

Bağımsızlığımızın ilk yıllarında, biz, yan yatan ekonomimizi ayağa kaldırmak için dış yatırıma muhtaç idik. O dönemde kardeş Türkiye'den gelen kredi kaynakları ile yatırımların çok yardımı oldu. Bunun sayesinde biz geliştik, şimdi biz de dışarıya yatırım yapan devlete dönüştük.

Mesela, son verilere bakıldığında, Türkiye ile Kazakistan arasındaki ticaret hacmi üç milyar dolara ulaştı. Elbette, bu göstergelerle övünülebilir. Ancak kardeş yakın ülkeler arasındaki ilişki seviyesine hala da layık değil.

Bu bağlamda, Türkiye'nin jeostratejik, jeoekonomik ağırlığını arttıracak, ekonomisine kapsamlı katkı sağlayacak petrol-gaz boruları projeleri olduğunu belirtebiliriz. Türkiye'nin küresel yakıt-enerji geçiş koridoru olmaya imkânı var ise, Kazakistan'ın da bu projelere katkısı büyük olabilir.

Dolayısıyla biz zamanında "Bakü-Ceyhan" petrol boru hattına nasıl destek olduysak, günümüzde de "Samsun-Ceyhan" petrol boru hattına Rusya tarafıyla birlikte katılmaya hazırız.

Günümüzde Kazakistan yıllık 70 milyon ton petrol üretmekte olup, 2013 yılından itibaren buna dünyanın yakından tanıdığı Kaşagan maden yatağından yıllık 50 milyon ton petrol üretimi eklenecektir. Bu kapasitedeki petrolü dikkate aldığımızda sözü edilen iki petrol boru hattı projesinin hayati önem arz ettiği ortaya çıkacaktır.

Yaşanmakta olan küresel finansal-ekonomik krizi bizim ülkelerimiz büyük sıkıntı çekmeden aşmaktadır. Kazakistan ekonomisi geçen yıl yüzde 3,4 büyümüş olup, bu yıl da hızımız azalmaz.

Bu geçiş döneminde biz altyapı sorunlarımızı çözmeyi, sanayi modernizasyonu (inovasyon) gibi çalışmaları yola koymayı hedefliyoruz. Kazakistan, krizi sadece kendi kaynaklarıyla atlatmakla kalmayıp, on yıllık sanayileşme-inovasyon planını da hazırladı.

İyi dönemlerde hammadde ihracatından kazanılan hacimli Ulusal Fonumuz (47 milyar dolar) bu planlarımız için iyi bir kaynak olacaktır. Potansiyeli yüksek bu programı hayata geçirmek için Türkiye'nin değerli iş adamlarını da destek olmaya çağırıyoruz. Bu

Қазіргі уақытта Қазақстан жыл сайын 70 миллион тонна мұнай өндірсе, 2013 жылдан бастап дүниеге мәшһүр Қашаған кен орнынан қосымша елу миллион тонна мұнай қосылмақ. Мұнайдың бұл көлемін назарға алсақ, аталған екі мұнай құбыры жобасының өміршеңдігі бар екені көрініп тұр.

Болып жатқан дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарысты біздің елдеріміз аса қиыншылық шекпей, еңсеріп келеді. Қазақстанның экономикасы өткен жылы үш бүтін оннан төрт процент өссе, биыл да қарқынымыз азаймас.

Бұл өтпелі кезеңді біз инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге, өндірісті инновациялық жолға түсіру үшін пайдалануды көздейміз. Қазақстан дағдарысты өз қаражатымен еңсеріп қана қоймай, онжылдық индустриялдық-инновациялық бағдарламасын дайындады.

Жақсы кезеңдерде шикізат экспортынан түскен қомақты Ұлттық қорымыз (47 миллиард доллар) бұл жоспарларымызға жақсы негіз болады. Әлеуеті зор бұл бағдарламаны іске асыруда біз Түркияның беделді бизнес өкілдерін де атсалысуға шақырамыз. Осы сапарым барысында қол қойылған Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік келісімі жоғарыда айтылған елеулі жобаларға бағытталып отыр.

Қадірменді Төраға!

Құрметті депутаттар!

Екіжақты байланыстарымызды одан әрі жандандыру жолында біздің алдымызда атқарар істер көп. Біздің үкіметтік құрылымдарымыз ғана емес, жеке сектор өкілдері, бизнес топтары, қоғамдық ұйымдар білек сыбанып кірісулері керек.

Екіжақты қатынастарға серпін беру ісінде халық қалаулылары - депутаттарымыздың қосар үлесі қомақты деп санаймын.

Сөз соңында, құрметті депутаттар, баршаңызды, бүкіл бауырлас, туысқан түрік халқын келе жатқан ұлттық мейрам - Түркия Республикасының құрылу күнімен шын жүректен құттықтаймын! Береке-бірлік пен гүлдену тілеймін!

Қазақтың данышпан ақыны Абай өзінің бір өлеңінде «Артық жолдас таппадым татулықтан» деп жазады. Ендеше, біздің халықтарымыздың арасындағы достық мәңгі болсын!

Жасасын Қазақстан! Жасасын Түркия!

Ықыластарыңызға үлкен рахмет!

ziyaretim kapsamında imzalanan Kazakistan ve Türkiye arasındaki Stratejik Ortaklık Anlaşması yukarıda söylenen kapsamlı projelere yöneliktir.

Değerli Başkan!

Saygıdeğer Milletvekilleri!

İki taraflı ilişkilerimizi daha da canlandırma yolunda bizim önümüzde yapılacak işler çok. Bizim sadece devlet kurumlarımızın değil, özel sektör temsilcileri, ticaret grupları ve sosyal kuruluşların da bileklerini sıvayıp işe girişmeleri gerek.

İki taraflı ilişkilere ivme verme işinde halkın desteklediği milletvekillerimizin katkısı kapsamlı olur sanıyorum.

Sözün sonunda, Saygıdeğer Milletvekilleri, hepinizi, bütün kardeş, akraba Türk halkını gelmekte olan ulusal bayram, Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluş günü dolayısıyla içtenlikle kutluyorum! Bereket, birlik ve gelişme diliyorum!

Kazakların bilge şairi Abay, bir şiirinde "Üstün arkadaş bulamadım, uyumluluktan" diye yazdı. Öyleyse bizim halklarımız arasındaki dostluk ebedi olsun!

Yaşasın Kazakistan! Yaşasın Türkiye!

İlginize çok teşekkür ederim!

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан-Түркия бизнес форумында сөйлеген сөзі

2009 жылғы 23 қазан, Ыстамбұл

Қымбатты бауырым Президент Нұрсұлтан Назарбаев!

Құрметті министрлер мен қонақтар!

Екі мемлекеттің құрметті іскер адамдары!

Алдымен Қазақстан Президенті, құрметті бауырым Нұрсұлтан Назарбаев мырзаға, оның қасында бірге келген министрлер мен іскер адамдарға Түркияға қош келдіңіздер және де сіздерді Түркияның қонағы ретінде қарсы алудан үлкен қуаныш сезініп отырмыз дегім келеді.

Өздеріңіз білесіздер, кеше Анкарада тарихи бір оқиғаға қол жеткіздік, яғни Түркия мен Қазақстан арасында стратегиялық келісімге қол қойылды. Құрметті Н.Назарбаевтың айтқанындай, бұл келісімге дейін де біз стратегиялық бірлестік күйінде бірге жұмыс істеп келдік, себебі бауырлас мемлекетпіз, бір халықтың екі бөлігіміз. Біздің атажұртымыз Қазақстан. Ол жерден көшіп келсек те, ішкі дүниемізде орын алған атажұртымызды ұмытқанымыз жоқ. Қашан да Қазақстанға барсам әрқашанда осы байланысты сезінемін.

Соңғы уақыттағы өткізген екі сапарым барысында маған және делегация мүшелеріне көрсетілген сый-құрметке алғысымды айтқым келеді.

Айрықша, құрметті Н.Назарбаев түркі дүниесіне көңіл аударып отырған беделді тұлғалардың бірі болып табылады. Осыдан екі апта бұрын Нахчыванда көріскенімізде құрметті Н.Назарбаев, құрметті И.Әлиев, құрметті Қ.Бәкиев, мен және де Түрікменстан президенті көмекшісі арасында тарихи бір шешім қабылдап, құжатқа қол қойдық. 17 жыл бойы армандап келген түркі қоғамының ортақ Кеңесі құрылды. Бұл үдеріске ең маңызды қолдау көрсеткен, орасан зор үлес қосқан құрметті Президент Н.Назарбаев болды. Осыған орай, осы тұлғаға сый-құрметімізді білдіргіміз келеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бүгінге дейін ерекше үлкен қадамдар жасады. Қазір бұл мемлекет Азияның жұлдызы ретінде саналады. Қазақстан ұлттық бірлікті қамтамасыз етіп отыр, мемлекетті өркендетуге, оның байлықтарын игеріп, тиімді қолдануға күш жұмсауда және бізді жұмыс жасауға шақыруда. Осы орайда аймақтық халықаралық қатынастарға көңіл бөліп, ортақ мәселелерді шешуде Қазақстанның рөлі артып келеді. Осының барлығы, шыныменен де, көшбасшы Н.Назарбаевтың арқасында іске асырылып отыр. Дүниенің ең ірі мемлекеттері Ресей мен Қытай арасында орналасқан, Ресеймен 8000 және Қытаймен 2500 шақырым шекарасы бар Қазақстанға бүгінде ешбір шекара мәселелерін қалдырмай, мемлекеттің қалыптасуы мен оның болашақ өркендеуіне негізін салған көшбасшы Н.Назарбаев болып отыр.

Құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаев!

Бүгінгі жиналған қауымға қарасам, Түркияның құрметті іскер адамдарының отырғанын көріп тұрмын. Олар Түркияда ғана емес, шет елдерде үлкен жетістіктерге ие үлкен фирмалар болып табылады. Қатысушылардың көбісі қазақ бауырларымызбен бірге өзара ықпалдастықты ұлғайтуға,

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Türkiye-Kazakistan İş Forumu'nda yaptığı konuşma

23 Ekim 2009, İstanbul

Kıymetli Dostum Cumhurbaşkanı Nazarbayev!
Saygıdeğer Bakanlar ve konuklar!
İki ülkenin değerli işadamları!

Öncelikle Kazakistan Cumhurbaşkanı, değerli dostum Sayın Nursultan Nazarbayev'e ve kendilerine refakat eden değerli bakanlara, heyetindeki değerli iş adamlarına, herkese bir kez daha Türkiye'ye hoş geldiniz diyorum ve Sizleri Türkiye'de misafir etmekten duyduğumuz büyük memnuniyeti ifade etmek istiyorum.

Bildiğiniz gibi, dün Ankara'da tarihi bir olay gerçekleşti ve beraberce Türkiye ile Kazakistan arasında Stratejik İşbirliği Anlaşması'nı imzaladık. Bu anlaşma imzalanmadan önce de Sayın Nazarbayev'in dediği gibi aslında biz stratejik ortak gibi hareket ediyor idik. Çünkü iki kardeş ülkeyiz. Bir milletin iki ayrı parçasıyız. Bizlerin ata yurdu Kazakistan'dır. Oradan ayrılıp buraya geldiysek, hiçbir zaman ata yurdumuzu unutmadık. Ne zaman Kazakistan'a gitsem, daima bu duyguları yaşadım. Ve özellikle son zamanlarda iki ziyaret yaptım ve bu iki ziyarette de çok büyük bir misafirperverlik gördüm. Bundan dolayı Zat-ı Âlinize bir kez daha teşekkür etmek istiyorum.

Ayrıca, Sayın Nazarbayev'in Türk dünyasına verdiği önemi en yakın bilen kişilerden birisiyim. Bundan iki hafta önce Nahçıvan'da bir araya geldiğimizde; Sayın Nazarbayev, Sayın Aliyev, Sayın Bakiyev, ben, Türkmenistan Devlet Başkanı Yardımcısıyla beraber tarihi belgeye, çok tarihi bir imza attık. Bu da 17 yıldır görülen rüyanın gerçekleşmesiydi. 17 yıldır, bir Türk Şurasının, Türk Konseyinin kurulması, hepimizin büyük arzusuydu. Bunu gerçekleştirdik. Bununla ilgili resmi belgeleri imzaladık. Bunlar gerçekleştiyse, burada en büyük destekleyici ve bu konularda en büyük katkıyı sağlayan kişi, Sayın Cumhurbaşkanı Nazarbayev olmuştur. Bunu bir kez daha burada herkesin huzurunda paylaşmak istiyorum.

Kazakistan, bağımsızlığını kazandığından bugüne kadar büyük, inanılmaz mesafeler kat etmiştir. Şu bir gerçektir: Asya'nın gerçekten parlayan yıldızı olmuştur. Kazakistan önce ulusal bütünlüğünü sağlamıştır ve bunu pekiştirmiştir. Kaynaklarını en iyi şekilde kalkınmaya harcamıştır ve harcamaya devam etmektedir. Ve bunların üstünde de bölgede ve uluslararası politikada da dikkati çeken roller oynamaya başlamıştır. Bütün bunlar, Sayın Nazarbayev'in gerçekten önderliği sayesinde gerçekleşmektedir.

Rusya, Çin gibi dünyanın en önemli ülkeleriyle komşu olup, Çin ile 2 bin 500 kilometre, Rusya ile 8 bin kilometre sınırı olup, hiçbir sınır problemi bırakmayan bir lider, ülkesinin kuruluşunu çok sağlam temeller üzerinde sağlamıştır ve gelecek nesillere eminim ki çok güçlü bir yapı bırakmaktadır.

Sayın Cumhurbaşkanı Nazarbayev, şöyle bu topluluğa baktığımda, önümde Türkiye'nin çok değerli iş adamlarını görüyorum. Başarıları sadece Türkiye'de değil, Türkiye dışına taşmış, çok büyük firmaların sahiplerini görüyorum.

Bütün bunlar, Kazak kardeşleriyle daha çok iş yapmak, daha çok beraber olmak, sadece Türkiye'de veya

Түркияда немесе Қазақстанда ғана емес, үшінші елдерде де бірігіп жұмыс атқаруға пейіл білдіруде. Біз сіздердің ынталарыңызды арттыру үшін осындамыз. Қаншалықты экономикалық жобаларды бірлесіп іске асырсаңыз, соншалықты қуанышқа бөленеміз. Экономикалық байланыстың нығаюына көптеген негіз бар.

Көлік және тасымалдау саласында «Жібек жолы» бағытын қайта құру үстіндеміз. Солардың бірі Карс-Тбилиси-Баку темір жолының құрылысы аяқталуға таяп қалды. Қазақстан өз территориясында жаңа темір және көлік жолдарын, инфрақұрылымдарды салып жатыр. Бұл темір жолдың құрылысының басталуына ең бірінші болып тағы да құрметті Н.Назарбаев қолдау көрсетті. Сол жылдары, мен сыртқы істер министрі қызметін атқарғанымда Қазақстанға сапармен бардым. Қазақстан басшысымен кездесу барысында маған «сіздер темір жол құрылысын бастаңыздар, қазақстандық тараптан жылына 10 млн. жүк тасымалданатын болады» деп демеу берген болатын. Бұл стратегиялық маңызы зор бір қадам. Өздеріңіз білесіздер, екі жыл бұрын жобаны қолға алдық. Жақын арада іске асырамыз. Бұл темір жол Қытайды Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы өтіп Еуропа елдерімен байланыстыратын болады.

Сондай-ақ, мұнай және табиғи газ салаларында көзқарасымыз бір, яғни Баку-Тбилиси-Жейхан құбыры Каспий теңізі арқылы Орталық Азиядан қазақстандық мұнаймен толтырылып, Жерорта теңізі жағаларынан дүние жүзіне шығарылатын болады. 2008 жылғы қараша айындағы Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы келісімдер негіз болып отыр, бұл дүние экономикасындағы үлкен уақиғалардың бірі. Анкарада қол қойылған «Набукко» жобасына Қазақстан қызығушылық білдіріп отыр. Бұл жоба іске қосылғаннан кейін қазақстандық тараптан табиғи газ толтыру мүмкіндігі жоғары екендігіне және Еуропаға бірігіп газ тасымалдайтынымызға сенімдімін.

Кейінгі кезде құрметті Н.Назарбаев Самсун-Жейхан мұнай құбырының салынуына қолдау көрсетіп және де Жейхандағы мұнай өңдеу зауытына үлес қосатынын ашық түрде білдіріп отыр. Осы көзқарасты алғашқыда екі апта бұрын Нахчыванда өткен кездесулер барысында маған айтып, бүгінде Түркия парламентінде сөйлеген сөзінде тілге тиек етті. Айтылған талаптарымыз стратегиялық маңызы зор жоспарлар болып табылады.

Басқа жағынан алсақ, қаржы, туризм, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және өнер салаларында да өзара іс-әрекетіміз бар. Олар іске асырылып отырса, құрметті Н.Назарбаевтың және Түркия мемлекеті атынан біздің қолдауымыздың нәтижесі деп санаймыз. Қазақстанға әр сапарымда Алматы мен Астана қалаларының танымайтындай өзгеріп өркендеуіне көз жеткізіп келемін. Астана он жыл ішінде арман қалаға айналды. Қыр далада салынған бұл қала бүгінгі таңда заманауи, дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы үлгілі шахар болып есептеледі. Бұл мәселеде де бір стратегиялық көзқарастың және оның орындалу мүмкіндігі бойынша оңды шешім қабылданғанына куә болып отырмыз. Бізді қуанышқа бөлейтін жәй, біріншіден, бауырларымыздың осындай үлкен жетістіктерге жетуі. Екіншіден, қазақ қалаларының даму үдерісінде түрік іскер адамдарының және мамандарының үлес қосуы да көңіліміздің шығып отыр. Астананың 50-70 пайызға жуық құрылыс ғимараттарын түрік фирмалары, яғни сіздердің қатысуыңызбен іске асырып отыр. Сіздердің кейбіріңіз алғашқы күндерден бастап жұмыс істедіңіздер. Біреулеріңіз марқұм президент Т.Өзалмен Қазақстанға бірге барып жұмыстарыңызды бастадыңыздар. Егер де Қазақстан президенті мен уәкілетті қызметкерлері қолайлы жағдай жасамаса және мүмкіндік бермесе, түрік фирмалары осындай жетістікке жетпес еді. Бұл қолдаулардың куәгері өзім болдым. Сыртқы істер министрі және Президент ретінде Қазақстанға барған сапарларымда, іскер адамдармен және кәсіпкерлермен кездесу жиналысында түрік фирмаларының өкілдеріне көрсетілген сый-құрметті көрдім және қазақстандық тарапқа алғысымды айтамын.

Құрметті Президент!

Құрметті жиынға қатысушылар!

Түркия, жылдық 750 млрд. АҚШ доллары көлемінде ұлттық өнімі, 330 млрд. АҚШ доллары көлемінде сыртқы сауда айналымы бар мемлекет. Түркияның құрылыс саласы бойынша шет

Kazakistan'da değil, üçüncü ülkelerde de beraber iş yapmak arzusu içindedirler. Bizler, Sizleri teşvik etmek için buradayız, daha çok iş yapın diye. Ne kadar çok iş yaparsanız, o kadar çok mutlu oluruz. Biz alt yapıları gerçekleştiriyoruz.

Bakın ulaştırma konusunda, İpek Yolu'nu adeta tekrar hayata geçiriyoruz, demiryolu üzerinden. Kars-Tiflis-Bakü demiryolu bitmek üzere. Kazakistan içerisinde de çok önemli demiryolları ve karayolları yapılmakta. Bu demiryolu başlarken, bunun ilk desteğini yine Sayın Nazarbayev vermişti. Ben o zaman biliyorsunuz Dışişleri Bakanı olarak, Kazakistan'ı ziyaret ettiğimde, "Siz bu yola başlayın, biz senede 10 milyon ton yük vereceğiz." demiştir. Stratejik bir iş olduğu için, en başından beri bu işi desteklemiştir. Temellerini biliyorsunuz, iki sene önce attık ve yakında gerçekleşecek. Çin-Kazakistan üzerinden, Azerbaycan, Gürcistan ve Türkiye üzerinden ta Avrupa'nın ortasına bağlanacaktır.

Aynı şekilde petrol, doğalgaz boruları üzerinde de, stratejik konularda da çok geniş bir vizyonla yaklaşıp, bütün bunlar hep desteklenmiştir. Bakü-Tiflis-Ceyhan petrol boru hattına Orta Asya'nın, Kazakistan'ın petrolleri yüklenmektedir, Hazar üzerinden. Bunlar Akdeniz'den dünyaya pazarlanmaktadır. Kasım 2008'den bu yana Azerbaycan ve Kazakistan arasında yapılan bir anlaşmayla, bu sağlanmıştır. Bunlar çok büyük, dünyanın önemli, büyük ekonomik hadiseleridir.

NABUCCO Projesiyle ilgili, hükümetler arası mutabakat metni, Ankara'da imzalanırken, Kazakistan da buna ilgi duyduğunu göstermiştir ve bu projenin içerisinde olacağını da söylemiştir. Ümit ediyorum ki, bu da gerçekleştiğinde yine Kazak gazının da aynı petrol gibi Avrupa'ya nakli söz konusu olacaktır.

Son olarak, Sayın Nazarbayev petrol konusunda, Samsun-Ceyhan Petrol Boru Hattı'nı destekleyeceklerini ve Ceyhan'da rafineri yapılmasına ortak olmak istediklerini, açıkça deklare etmiştir. Bunu iki hafta önce Nahçıvan'da ilk defa bana söylemişti. Dün de TBMM'de yaptığı konuşmada, bütün Türkiye ve dünyaya deklare etmişti. Bütün bunlar büyük stratejik projelerdir.

Bunun ötesinde diğer alanlarda da finans, altyapı yatırımları, turizm ve sosyal eğitim amaçlı, eğitim, kültürel faaliyetlerde de her iki ülkenin çok büyük ortak çalışmaları vardır.

Bunlar gerçekleşiyorsa, bunlara Sayın Nazarbayev'in ve Türkiye olarak bizlerin tam desteğimizin olmasından dolayıdır. Tabii ki Kazakistan'a her gittiğimde Almatı, Astana, bütün buraların nasıl değiştiğine şahit olan bir kişiyim. Hele Astana, 10 sene içerisinde, gerçekten bir rüyanın gerçekleşmesi gibidir. Tamamen bir bozkır, bugün dünyanın en modern şehri haline gelmiştir. Burada da hem siyasi bir vizyon vardır hem de yakın bir takiple gerçekleşmiştir.

Bizi mutlu eden birinci sebep kardeşlerimizin bu başarılarıdır, bununla gurur duyuyoruz. Ama ikinci mutlu eden bir şey de, bütün bu kalkınma hamlelerinde, Türk müteahhitlerinin ve işadamlarının katkılarıdır. Astana'nın bugün yüzde 50 ile 70'ini, inşaatları, Türk firmaları, sizler yaptınız ki bunun çok değerli temsilcileri buradadır. Sizler, bazılarınız ilk günlerde rahmetli Cumhurbaşkanı Turgut Özal ile beraber gittiniz oraya, başladınız. Ama Sizlerin oradaki başarılarına eğer Kazak yetkililer, başta Sayın Cumhurbaşkanı destek vermeseydi, imkân vermeseydi, Sizlere de sahip çıkmasaydı bu da mümkün olmazdı tabii.

Yine bunun en büyük şahitlerinden birisi benim. Çünkü çeşitli vesilelerle Kazakistan'da yapılan toplantılara davet edildiğimde, gerek Dışişleri Bakanı, gerek Cumhurbaşkanı olarak gittiğimde, o toplantılarda sadece Türk iş adamları için ayrıcalık yapıldığını ve onlar için salonda ayrı masalar kurulduğunu gören kişiyim ben.

Başka ülkelerden hiç iş adamı yokken, başka ülkelerden hiç sanayici yokken, müteşebbis yokken, sadece resmi heyetlerin bulunduğu toplantılarda, bir de ayrı bir masa ve orada da aranızdaki çok seçkin işadamları, oralara kabul edilmiştir ki bu da büyük bir kadirşinaslıktır. Bundan dolayı da tabii kendilerine teşekkür ediyorum.

Değerli katılımcılar,

Sayın Cumhurbaşkanı,

Türkiye, 750 milyar dolara yakın gayri safi milli hasılası olan bir ülkedir. 330 milyar dolarlık dış ticaret hacmimiz vardır. Türkiye'nin yıllık ülke dışında yaptığı inşaat işlerinin toplamı, 20 milyar dolar civarındadır. Türkiye'ye geçen sene 32 milyon turist gelmiştir. Türkiye'nin turizm gelirleri de 25 milyar dolara

елдерде атқарған жұмысының көлемі жылына 20 млрд. АҚШ доллары шамасында. Өткен жылы Түркияға 32 млн. турист келді. Туризм саласынан түскен табыс 25 млрд. АҚШ долларына жетіп отыр. Түркия экспортының 90 пайызын өндіріс тауарлары құрайды. Еуропаға ең көп сатылған тауар автоматика өнімдері болып табылады. Жақын арада Францияда Түркия күндері өтті. Бір түрік көлік фирмасы басшысының сұхбатын көрдім. Ол Эйфел мұнарасына шығып «Түркияда шығарылған автобус көрмедім деген кісі болса, ол қателесті» деп айтқан болатын.

Түркия 10 жылдай Еуропадағы ортақ кеден кеңістігінде орын алып отыр. Германия, Франция, Англия сияқты дамыған елдердің өндірістері және өнімдерімен бәсекелестік үстіндеміз. Олардың барлығы бәсекелестікте жеңіске жете алған жағдайда Түркияға кедендік салықсыз келуіне мүмкіндігі бар. Біздің фирмалар да Еуропаға кедендік бөгеттерден еркін өте алады. Осы орайда, түрік кәсіпкерлері мен өндіріс өнімдері де өзіне сенімді және дүние жүзіндегі бәсекелестікке түсе алады деп үміттенеміз. Жоғарғы деңгейдегі орта және жоғарғы оқу орындарымыз, жас халқымыз және де жас талапты іскер адамдарымыз бар. Біздің ең үлкен байлығымыз және басымдылығымыз алғыр да ынталы іскер адамдарымыз екендігін әрқашанда айрықша атап өтемін.

Біздің достарымызбен, бауырларымызбен әлем нарығында бірігіп атсалысу ниетіміз мол. Осы орайда Қазақстанның мүмкіндігі мен әлеуетінің жоғары қарқынды дамып келе жатқан фирмалары өздерін көрсетуде. Дүние жүзінің ең үлкен, қуатты бірлестіктерінің тізімін байқап қарасақ, олардың арасында біз естіген, біз білетін, бізге таныс бауырлас қазақ елінің фирмалары жоғары сатыда тұрғанын көреміз.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, екі тараптың арасында бастамалы және қолға алынатын ортақ істер көп. Біз екі ел іскер адамдарының белсенділігінің өсуін тілейміз, оған қолдау көрсетеміз. Түркияда да, Қазақстанда да жаңа саларды игеру, жаңа іс орындарын ашу мүмкіншілігі мол.

Қазақстанның Елбасы Түркияға ресми сапармен келіп отыр. Бүгінге дейін Қазақстанның Президенті қанша сапармен Түркияға келсе, біз де соншалықты сапар өткізумен шектеліп келдік. 2-3 жылда бір рет кездесулер өткізіп, протоколдан тыс қадамдар жасамайтын едік. Қазір және болашақта, қажеттілік болса жылына мен Қазақстанға 3-4 рет сапармен барамын және Президент Н.Назарбаев 3-4 рет Түркияға келеді. Осылай әр уақытта басымызды қосып, еркін сұхбат құра білетін боламыз. Осы ниетімізді Түркия мен Қазақстан арасында ғана емес, Нахчыванда түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесулері барысында айтып кеткендей бүкіл Түрік әлемінің бас қосуын жиілету керектігін қолдап отырмыз. Протокол бойынша немесе протоколдан тыс кездесулерді өткізе отырып, әрқашанда көзбе-көз кездесіп бірге қызмет атқарамыз. Өйткені бір-бірімізді көрмесек, көңіліміз де ортақ іске суып қалады.

Түркітілдес мемлекеттердің бірігуін ынталандырған, түркі әлемінің жетекшісі, ең тәжірибелі мемлекет басшысы құрметті Н.Назарбаев болып танылады. Оның осы бағыттағы қолдауы өте маңызды және шешуші фактор ретінде қарастырылады. Осыған орай, Аса құрметті қонағымызға, Түркияға – өз еліңізге қош келдіңіз дегім келеді!

yaklaşmaktadır. Türkiye'nin ihracatının yüzde 90'ı da sanayi ürünleridir. Avrupa'ya en çok sattığımız mal, otomotivdir.

Geçenlerde, Fransa'da Türk günleri yapılıyordu. Bir Türk otomotiv şirketi başkanının şu demecini gördüm: "Eiffel Kulesi'ne çıkıp da 'Türkiye'de yapılmış bir otobüs görmedim' diyen varsa, bu doğru söylemiyor." demişti. Türkiye de bu noktaya gelmiştir. Avrupa ile 10 senedir Gümrük Birliği içerisindeyiz. Almanya'nın, Fransa'nın, İtalya'nın, İngiltere'nin sanayi mallarıyla rekabet ediyoruz. Onların hepsi Türkiye'ye gümrüksüz girebilir. Buyursun girsin girebiliyorsa, satabiliyorsa. Biz de onlara gümrüksüz giriyoruz. Dolayısıyla böyle bir özgüvenimiz vardır ve Türk müteşebbisi ve sanayicisi kendisine güvenmektedir ve herkesle de, dünyayla da rekabet etmektedir.

Üniversitelerimiz, çok iyi üniversitelerimiz vardır. Çok iyi okullarımız vardır. Genç bir nüfusumuz var ve genç bir müteşebbis gücümüz, işadamı gücümüz var. Bunu her zaman söylüyorum, Türkiye'nin en büyük sermayesi, güçlü iş adamlarıdır, müteşebbisleridir.

Arzumuz şudur: Başta tabii ki dostlarımızla daha çok iş yapmak, kardeşlerimizle daha çok iş yapmak, bütün dünyaya açılmak. Bu konuda Kazakistan'ın potansiyelini çok iyi biliyoruz. Kazakistan'ın da çok güçlü şirketleri vardır. Dünyanın en büyük şirketleri arasına bakarsanız, ben şu anda birkaç tanesini sayarım. Tanıdığım, bildiğim ve kendileriyle gurur duyduğum Kazak kardeşlerimiz bunların başındadır. Dolayısıyla her iki tarafın da iş yapabileceği çok güçlü sebepler vardır. Sizleri daha çok işbirliğine davet ediyoruz. İş adamlarını, Sizleri daha çok iş yapmaya, mevcut klasik yaptığımız alanların dışına taşmaya teşvik ediyoruz. Hem Türkiye'de hem Kazakistan'da yeni yeni iş alanlarına girin ve yeni yeni işler gerçekleştirin, potansiyel çok büyüktür.

Bu ziyaret, bir resmi ziyarettir. Ama Siz de biliyorsunuz, Sayın Cumhurbaşkanı'nın sene de kaç kez Türkiye'ye geldiğini. Biz de aynı şekilde daha çok Kazakistan'a hep gidip geleceğiz. Eskiden 2-3 senede bir ziyaret edilirdi. Veya senede bir ziyaret edilirse, bir daha gitmek sanki fazlaymış gibi gelirdi. Sanki protokole uygun değilmiş gibi gözükürdü. Bu zihniyetten vazgeçtik, böyle değil. Gerekirse, senede 3–4 kez ben Kazakistan'a gideceğim, Sayın Cumhurbaşkanı 3–4 kez Türkiye'ye gelecekler, geliyorlar zaten. Ve daima birbirimizin gözü önünde olacağız.

Bunu sadece Türkiye ile Kazakistan arasında değil, geçen Nahçıvan'da da diğer Türk Cumhuriyetleriyle yaptığımız görüşmede tekrarladığımız gibi, herkes ve yani bütün Türk dünyası içerisinde, çok daha fazla gidip geleceğiz. Protokol dışı buluşacağız, protokol çerçevesinde buluşacağız ama gözden ırak olmayacağız. Çünkü gözden ırak olunca gönülden de ırak olunuyor. Onun için bu konulara önderlik eden ve Türk dünyasının gerçekten duayeni durumunda olan en tecrübeli Cumhurbaşkanı olan Sayın Nazarbayev'dir. Bunu hem gıyabında söylerim hem de burada söylerim. Kendisinin bu konuda verdiği destekler de daima çok değerli olmuştur. Ve ön açıcı olmuştur. Bundan dolayı bir kez daha kendisine teşekkür ediyorum. Türkiye'ye kendi yurtlarına hoş geldiniz diyorum ve başarılar diliyorum hepinize.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ-Түрік бизнес форумында сөйлеген сөзі

2009 жылғы 23 қазан, Ыстамбұл

Жоғары Мәртебелі Президент!
Ханымдар мен мырзалар!

Мен алдымен бүгінгі осы маңызы зор шараның ұйымдастырылғаны үшін сіздерге шын ниетіммен қуанышты екенімді білдіргім келеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың жоғары деңгейде екенін аса ризашылық сезіммен атап өтуім керек. Бұл жағдай, әрине, халықтарымыз бен елдеріміздің түбі бір, мәдени-тарихи ортақ дәстүр-салтымен, туыстас мәдениетімен де тікелей байланысты.

Біздің елдеріміз қарқынды өсіп, орасан мол инвестициялар тарту үстінде. Ынтымақтастығымыздың арқасында біздер экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда бірлесіп үлкен жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткіздік.

1993 жылдан бастап үстіміздегі жылдың екінші тоқсаны аралығында Қазақстан экономикасына салынған тікелей түрік инвестицияларының мөлшері шамамен 1,6 миллиард долларды құрады. Былтыр тауар айналымы 1 миллиард долларға дейін өсті.

Қазақстан үшін Анкарамен арадағы жан-жақты байланыстарды дамыту – тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен-ақ Астананың сыртқы саясатының басым бағытының бірі.

Қазақ-түрік байланыстары барлық салада ерекше стратегиялық сипатта және өзара сенімге құрылған. Мұның өзі кәсіпкерлерімізге айрықша сенімді экономикалық қарым-қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен шамамен 2000-дай кәсіпорын тіркеулі. Елімізде «ЭЛКА», «СемболГруп», «АхселИншаат», «Джейлан Лимитэд, «Риксос», тағы басқа Түркияда аса танымал компаниялар жемісті жұмыс жасап келеді.

Елдеріміз арасындағы сенім – кәсіпкерлердің экономикалық ынтымақтастығының тереңдей түсуіне жағдай жасайтын ең игі негіздің бірі. Біз бұл айрықша қарым-қатынасты одан да жоғары деңгейге көтеруге пайдалана білуіміз қажет.

Ашығын айтқанда, біздер Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жаңа белеске шығарғымыз келеді. Өз елдеріміздің экономикасының неғұрлым дамыған тұстарын біріктіру арқылы біз Еуразия құрлығында аса қуатты экономикалық тандем қалыптастырар едік.

Мен осы бизнес-форумға бауырлас Түрік елінің бизнес қауымдастығына тікелей тіл қатып, оларды Қазақстан экономикасына инвестиция салуға шақыру үшін келдім. Қазіргі таңда Қазақстан өз жерінде сіздердің инвестицияларыңыз бен экономикалық мүдделеріңізді қорғайтынына берік сенуіңізге болады.

Қазақстан аса ауқымды инвестициялық мүмкіндіктерге ие. Тәуелсіздігінің 18 жылдығында еліміз посткеңестік елдерінің экономикалық көшбасшысына айналды. Бұл жылдар ішінде біз тұрақты инвестициялық ахуал қалыптастырып, шетелдерден 93 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тарттық.

Әлемдік экономикалық қиыншылықтарға

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye-Kazakistan İş Forumu'nda yaptığı konuşma

23 Ekim 2009, İstanbul

Ekselansları Cumhurbaşkanı!
Hanımefendiler ve beyefendiler!

Ben, öncelikle bugünkü çok önemli etkinliği düzenlediğiniz için, Sizlere, samimi duygularla kıvançlı olduğumu bildirmek istiyorum.

Kazakistan ile Türkiye arasındaki ilişkilerin yüksek seviyede olduğunu büyük memnuniyetle belirtmem gerek. Bu durum, elbette halklarımız ile ülkelerimizin kökü aynı olan kültür tarihiyle, ortak örf-âdetiyle, yakın kültürüyle de doğrudan ilgili.

Bizim ülkelerimiz hızla büyüyüp, olabildiğince büyük yatırımlar çekmekte. İşbirliğimiz sayesinde bizler ekonomik ve kültürel-beşeri alanlarda birlikte büyük başarılar ile neticelere ulaştık.

1993 yılından başlayarak içinde bulunduğumuz yılın ikinci çeyreğine kadar, Kazakistan ekonomisine yapılan doğrudan Türk yatırımlarının miktarı tahminen 1,6 milyar dolar olmuştur. Geçen yıl ticaret hacmi 1 milyar dolara kadar büyüdü.

Kazakistan için, Ankara ile arasındaki çok yönlü ilişkileri geliştirmek, bağımsızlığımızın ilk günlerinden başlayarak, Astana'nın dış siyasetinin önceliklerinden biri.

Kazak-Türk ilişkileri bütün alanlarda farklı stratejik nitelikte ve karşılıklı güven üzerine kurulmuştur. Bu, sanayicilerimize ayrıcalıklı güvenli ekonomik ilişki oluşturma imkânı vermektedir.

Günümüzde, Kazakistan'da Türk sermayesinin katılımıyla yaklaşık 2000 civarında işletme faaliyet göstermektedir. Ülkemizde ENKA, Sembol Grup, Ahsel İnşaat, Ceylan Limited, Rixos ve benzeri Türkiye'de çok tanınan şirketler verimli işler yapmaktadır.

Ülkelerimiz arasındaki güven, girişimcilerin ekonomik işbirliğinin derinleşmesi için ortam hazırlayan en iyi temellerden biri. Bizim bu ayrıcalıklı ilişkiyi daha da yüksek seviyeye çıkarabilmek için faydalanabilmemiz gerek.

Açık söylersek, bizler Kazakistan ile Türkiye arasındaki ekonomik işbirliğini yeni aşamaya çıkarmak istiyoruz. Kendi ülke ekonomilerimizin hızla kalkınan unsurlarını bir araya getirerek, biz, Avrasya kıtasında çok kuvvetli ekonomik ikili oluşturabiliriz.

Ben bu İş Forumu'na kardeş Türk yurdunun iş dünyasına doğrudan hitap edip, onları Kazakistan ekonomisine yatırım yapmaya çağırmak için geldim. Şimdiki anda, Kazakistan'ın kendi ülkesinde, Sizlerin yatırımlarınız ile ekonomik çıkarlarınızı koruyacağından emin olabilirsiniz.

Kazakistan çok kapsamlı yatırım imkânlarına sahip. Bağımsızlığının 18'inci yılında, ülkemiz Sovyetler Birliği sonrası ülkelerinin ekonomik liderine dönüştü. Bu yıllar içinde, biz, istikrarlı yatırım ortamı oluşturup, yabancı ülkelerden 93 milyar dolardan fazla doğrudan yatırım çektik.

Küresel ekonomik zorluklara bakmaksızın bizim ekonomimiz sabırla çalışıp, çok istikrarlı gitmektedir.

2009 yılı sonuçlarına göre, bazı Sovyet sonrası ülkelerin gayrisafi yurtiçi hâsılası çift haneli sayı derecesiyle küçülme gösterse de, biz aksine büyüme bekli-

қарамастан біздің экономикамыз байыпты жұмыс істеп, асқан тұрақтылық танытып отыр.

